

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№5 (194),
ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН
2021 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры,
проф., этнолог (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан)

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ууата Томоһико. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенев Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

Нұргүл Қасымқызы – жауапты редактор.

Басуға 02.10.2021 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108^{1/16} Шартты б.т. – 4.

СТР басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1380. Индексі – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,

"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ҚҰРБАНӘЛІ Ж., АЙТҚҰЛОВА Э.

Ерте көшпелілер тарихындағы жылқының рөлі 2

ҚАЙЫРКЕН Т. Қазыбек Сәменбетұлы және оның заманы 5

АЯҒАН Е. Соқыр Жалаңтөс батырдың қалмақтармен шайқасы 13

ҚАРАМЕНДИНА М. Хан Кене және қазақ-қырғыз бірлігінің маңызы 16

ӘБДІНӘСІР Н. Қазақстандағы славян
халықтарының қалыптасу тарихы 21

ЖҰМАБАЕВА Ж., МОЛДАШЕВА С. Атырау аймағының
кеңес заманындағы этно-демографиялық үдерістері 25

ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

ЖҰПБАЕВ Қ. Қазақ татар-моңғолдары 31

ЕРІМБЕТОВА Қ. Амантай Дәулетбековтің ерлігі 35

ҚАРАМАҢДАЕВ Қ. Майдангерлердің ерлігі 36

ДҮЙСЕН С. Алтын Орда тарихына арналды 53

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ИГЕНБАЕВА Д. Жас мамандарға сандық платформаларды
қолдануды үйрету 54

МҰСАЕВА С. Электрондық оқытудың тиімді жақтары 55

АҚДӨНОВ Б. Қазақстандағы жаппай отаршылдық
қоныс аудару саясаты 56

ДАКЕШЕВА А. "Қазақстан –2030, 2050" стратегиялары 58

ЖҰМАБЕКОВА Л. XX ғасырдың екінші жартысындағы
отарсыздану үдерісі 60

ӘЗБЕРГЕНОВА Т., МАНАРБЕКОВА Г. Менің ең үлкен
жетістігім – шәкірттерімнің адам қатарына қосылуы 62

РАХМЕТҚАЛИЕВА Н. Ұлы ұстаз өнегесі 63

ҒТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00
УДК 902;903;904;908.

Ж. ҚҰРБАНӘЛІ¹, Ә.АЙТҚҰЛОВА²,

¹аға ғылыми қызметкер, e-mail: zhazi1981@inbox.ru,

²ғылыми қызметкер, e-mail: elmira.3006@mail.ru,

^{1,2} «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қазақстан, Есік қ.

ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫНЫҢ РӨЛІ

Адамзат тарихындағы ең ғажайып, керемет жаңалықтың бірі жылқының қолға үйретілуі Еуразия континентінде орналасқан қазақ даласында мекен еткен көшпелілерге бұйырды. Жылқы ерте көшпелілер өркениеті дамуының жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болды. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Қолға үйретілген жылқының шаруашылықта ғана емес, рухани өмірде де маңызы ерекше болды.

Алайда ерте көшпелілер мыңдаған ғасыр жылқы міну, жылқымен бірігіп, кірігу барысында мал шаруашылық мәдениетінен әлдеқайда кең мазмұндағы, адамзаттың заттық мәдениет аумағынан асып түсіп, рухани дүниесі мен қоғамдық өмірін шарпып жататын таңғажайып жылқы мәдениетін қалыптастырды. Мақалада ерте көшпелілер тарихындағы жылқының рөлі мен бүгінгі таңдағы қазақ қоғамындағы жылқыға байланысты әдет-ғұрыптар, рухани дүниетанымындағы сабақтастығы баяндалады.

Түйін сөздер: энеолит, көшпелілер, сақ, жылқы, түркі кезеңі, Ботай, Берел, Пазырық.

ZH. KURBANALI¹, E. AITKULOVA²,

¹senior researcher, e-mail: zhazi1981@inbox.ru,

²scientific employee, e-mail: elmira.3006@mail.ru,

^{1,2} The state historical and cultural reserve-museum “Yessyk”, Kazakhstan, Yessyk.

THE ROLE OF THE HORSE IN THE HISTORY OF EARLY NOMADS

One of the most amazing and remarkable achievements in the history of mankind on the Eurasian continent. The horse became one of the brightest and most significant indicators of the development of the culture of the early nomads. The domestication of horses marked the beginning of the development of nomadic economy and civilization. Nomads Horses were of special importance not only in the economy, but also in spiritual life. During the millennia of horse riding, the early nomads formed an amazing equestrian culture, which, from the pastoral culture, went beyond the subject culture of humanity, embraced the spiritual world and social life. The article tells about the history of the early nomads, the role of the horse and the customs of the Kazakh society associated with the horse, traces the deep connection between the peoples of the Great Steppe and the horse from ancient times to the present day.

Keywords: eneolithic, nomads, saks, horse, turkic period, Botai, Berel, Pazyryk.

Ж. ҚҰРБАНӘЛІ¹, Ә.АЙТҚҰЛОВА²,

¹старший научный сотрудник, e-mail: zhazi1981@inbox.ru,

²научный сотрудник, e-mail: elmira.3006@mail.ru,

^{1,2} Государственный историко-культурный заповедник-музей «Есік», Казахстан, г. Есік.

РОЛЬ ЛОШАДИ В ИСТОРИИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ

Одним из самых удивительных и замечательных достижений в истории человечества на Евразийском континенте стало приручение лошади. Лошадь стала одним из ярких и значительных показателей развития культуры ранних кочевников. Одомашнивание лошадей положило начало развитию кочевого хозяйства и цивилизации номадов. Лошади, имели особое значение не только в хозяйстве, но и в духовной жизни. Ранние кочевники в течении тысячелетий верховой езды на лошадях сформировали удивительную конную культуру, которая от скотоводческой культуры, вышла за пределы предметной культуры человечества, охватила духовный мир и общественную жизнь. В статье рассказывается об истории ранних кочевников, роли лошади и обычаях казахского общества, связанных с лошадью. Прослеживается глубокая связь народов Великой степи и лошади с древнейших времен до наших дней.

Ключевые слова: энеолит, кочевники, саки, лошадь, тюркский период, Ботай, Берель, Пазырык.

Кіріспе. Адамзаттың өркениет тарихындағы елеулі жаңалықтарының бірі – жылқының қолға үйретілуі. Жылқы алғашқы адамдардың негізгі серігі және тарихтың әр белестерінде басқа да бір сапалық құндылықтарға ие болып отырды. Жылқыны қолға үйретіп, кейін келе оны мініс көлігіне айналдырудың арқасында көне қоғамның мәдени-тарихи көкжиегі кеңейе түскен. Үйретілген жылқының көмегімен адам ұзақ қашықтықты бағындырып, үлкен құрлықтар мен

кеңістіктерді игерді. Уақыт пен кеңістікті бағындырған жылқы өз кезегінде адам тарапынан үлкен құрметке ие болды.

Көшпелі мәдениетті тағы бір қырынан салыстырмалы түрде жылқы мәдениеті деп айтуға да болады. Өйткені жылқы көшпелілер өмірінің бір бөлігі ісіпетті. Жылқы көшпелілердің табыну нысаны, ләззат көзі, эстетикалық қайнары, мінсе көлігі, шөлдесе суыны, аш болса азығы, қиналса серігі, шаттанса

сауығы, айбаттың белгісі, күш сынасар қаруы, махаббаттың дәнекері, қайғы қасіретті сөйілтуші, иесі қайтыс болғанда пыраққа айналып, өз міндетін арғы өмірде жалғастырушы, бабаларымыздың «Ұстағаның шырақ, мінгенің пырақ болсын» деген нақыл сөздерден сол кездегі қоғамдық дүниетанымынан туындаса керек. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Бұл жаңалық жылқы мен адамның ғажайып әлемінің біртұтастығын көрсететін жаңаша ойларды екелді.

Материалдар мен әдістер. Қазақстан аумағын мекен еткен ерте көшпелілердің өмірінде жылқының қолға үйретілуі және рухани дүниетанымындағы ерекшеліктері археологиялық және этнографиялық деректер негізінде қарастырылды. Зерттеу барысында қазақ даласындағы неолит кезеңінен бастап қазіргі қоғамға дейінгі жылқы қаңқалары мен оған байланысты ырым-тыйымдар, наным-сенімдер туралы еңбектер пайдаланылды.

Талдау. Ерте көшпелілер тарихындағы жылқының рөлін зерттеу мәселесі археологиялық және жазба деректер негізінде қарастырылды. Археологиялық деректерге сүйене отырып бүгінгі таңда еліміздің солтүстік өңірінде белгілі археолог В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгені дәлелденді. Дәл осындай пікірді ресейлік зерттеушілер Н.Б. Виноградов пен Е.Е. Кузьмина өз еңбектерінде келтірсе, көшпелілер өмірінде жылқыны бірге жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін белгілі археолог З. Самашев, Р. Жұматаев зерттеулерінде атап көрсетеді.

Сондай-ақ жазба деректерге қарағанда аумағымызда мекен еткен көшпелілердің қоғамдық, рухани өмірі жылқымен байланысты екенін және жылқыға деген құрметтің жоғары болғанын батыста Герардот, шығыста Сыма Цянь, А.Құмар және отандық этнограф А.Тоқтабайдың еңбектерінен байқауға болады.

Зерттеу нәтижелері. Адамзаттың жылқыны қолға үйретуі және оған қатысты әдіс-тәсілдерді пайдалануы неолит дәуірінде, яғни осыдан 6 мың жыл бұрын пайда болған. Ботай қонысынан табылған сүйектердің 99,9 пайызы жылқы сүйегі екені анықталған. Үй тұрмысы мен шаруашылық құралдары – ине, біз, тескіш, қырғыш, қалақ, пышақ, жылқының қабырға сүйектерін қалып ретінде, жер қазатын құралдың ұшы, аң аулайтын құрал, ат тұсайтын тұсамыстың тиегі, ауыздықтың сулығы сынды заттар жылқы сүйектерінен жасалғаны белгілі болған. Сол заманда ауыздықты қайыстан немесе жылқының тарамысынан жасап, сүйек сулық арқылы жүгенге бекіткен. Сондай-ақ Ботай қонысынан табылған ыдыстар жылқы сүтін сақтауға арналғандығы дәлелденген (Зайберт, 2009). Сондай ақ, Н. Виноградовтың айтуынша б.з.д. 2200-1800 жылдары жылқы шаруашылығы Оралдың шығыс бөлігінде кеңінен таралған (Виноградов, 2003). Ал Е.Е. Кузьмина өз еңбегінде Днепр мен Оралдың аралығында жылқыны қолға үйрету үдерісі жүрген және Шығыс Еуропа далалары жылқы қолға үйретілген басты аймақ деп көрсетеді (Кузьмина, 2004).

Сақ кезеңінде жылқыны мәйітпен бірге әсемдеп, алтынмен аптап, күміспен күптеп жерлеген. Оған дәлел ретінде Шығыс Қазақстандағы патша қорғандардың бірі, Қатонқарағай жерінде орналасқан Берел қорымындағы №11 қорғанынан (б.з.д V-IV ғғ. қамтиды) табылған әлеуметтік мәртебесі өте жоғары ер адам мен әйелдің мумияланған мәйітін аптап айтсақ болады. Қорған курил шайы бұтасы мен са-

бақтарынан жасалған, қайың қабығының жаймаларының қабаттарымен жабылған жабындының астынан 13 жирен жылқы сүйектері табылды. Жылқылардың бастары солтүстік-шығысқа бағытталған, жылқылардың барлығы әшекейленген және ерттелген, ал бастапқы екі жылқының басында ағаштан жасалған тау ешкінің мүйізі болды. Мүйіздің салаларына жұқа алтын фольгалар қапталған. Жылқылар жерлеу ғұрпына арнайы дайындаған болу керек, өйткені барлығы ауыздықталған және ерекше сәнсалтанатқа ие болған. Бұл дәстүр ерте көшпелілердің дүниетанымында о дүниеге аттанған адамды жолдағы биік асулар мен тасып аққан өзендерден алып өткізетін ерекше қасиетке ие деген түсініктен туындаса керек (Самашев, 2011).

Ал, Алтайдағы Пазырық қабірлерінен сақтардың атты әсемдеу үлгісі дүниені таңғалдырған. Бұндай әсемдеу сол дәуірлерде терістік көшпелілермен бірге шығысқа дейін тараған. Жылқыны әсемдеудегі мақсат, әрине, жылқыға және иесіне жасалған құрмет болса керек. Н.В.Полосьмақтың пікірінше, *«пазырықтардың таным-түсініктері бойынша бұлт басқан таулардың арғы жағында олардың өліпер елі, «аспандағы жайылымдары» болған. Таутекенің мүйізімен әшекейленген жылқы шектеуі жоқ мүмкіндіктер арқылы қиял-ғажайып жаратылысқа айналады, сол арқылы өлгендерді аталған жайылымдарға жеткізеді деген сенім болған»*. Дала көшпелілерінің тірісінде жылқыны өзіне жан серік етіп қана қоймай, өлгенде де жылқыдан айырылмайтын, өмірінен өліміне дейін жылқымен байланысып жататын рухани дүниесін көре аламыз (Жұматаев, 2019). Жылқыны қабірге бірге жерлеу дәстүрі кейінгі ғасырларда форма жағынан өзгеріске ұшырап, жылқыны мәйітпен бірге жерлемей, сойып етін өлімге келген қонақтарға асқан. Қабір басына жылқының терісін, бас-сирағын, дене мүшесін қоятын, немесе мүсіні, бейнесі ойылған тас ескерткіш орнататын болған. Осының жалғасы жылқыны тұлдау немесе асына, жетісіне, қырқына, жылдығына арнап шалу қазақ қоғамында қазірге дейін жалғасып келеді. Сақ пен қазақтың арасында соншама ара қашықтық болса да, мәдени үндестік рухани жалғасын тауып келеді.

Жазба деректерде Каспидің шығысындағы байырғы сақ тайпалары сарматтар мен скифтер туралы келтірілген. Олардың ірі қара мал бағуға, әсіресе, жылқы өсіруге ерекше мән беретіндігін, скифтердің тіршілігі жылқымен байланысты болатындығын жазады.

Сақтар Алтайдан Дунай өзеніне дейінгі кең байтақ аумақта үйір-үйір жылқы өсіріп, ат құлағында ойнаған және оны өнер дәрежесіне дейін көтерген. Сақтардың әйелдерімен бірге балалары да жас кезінен бастап ат үстінде соғысу тәсілдерін жетік меңгерген. Оны әскери әдіс-тәсілдермен шебер ұштастыра білген сақтар өз заманының ең қуатты еліне айналған. Олар өздерінің жаңа жерлерді жаулап алуына, тіршілікке қажетті байлықтарға кенелуіне жағдай жасаған жылқы малын аса қатты құрметтеп, жан серігі санаған. *«Олар аттарына да мыстан кеудені жауып тұратын сауыт кигізеді, ал жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекейлейді»*, сақ патшалары, қолбасшылары тек өздерінің бас киімдеріне ғана емес, мінген аттарының бас сүйегінің жоғарғы жағына да лауазымдық белгі – жыға таққаны туралы деректер бар. Олар қайтыс болған хандарды, ханзадаларды, батырларды жерлегенде, *«оның жан серігі болған атын жанына бірге қою ғұрпы «иесіне аты о дүниеде серік болады» деген сенімнен пайда болған»* деп жазады ежелгі

грек тарихшысы Герадот (Герадот, 1972).

1974 жылы Қытайдың солтүстік батыс бөлігіндегі Сиань қаласынан табылған жауынгерлер мен олардың сәйгүліктері Цинь әулетінің алғашқы императоры Цинь Ши Хуандимен бірге жерленген. Сыма Цяньның айтуынша, таққа отырған Ин Чжэн (болашақ Цинь Ши Хуанди) өзінің мазарын тұрғыза бастайды. Осы кесенеден табылған жылқы мүсіндері оны о дүниеге шығарып салып, сол дүниеде өзінің шын өміріндегідей билеуін жалғастыруға көмектеседі екен деп баяндайды (Әлемнің ұлы кереметтері, 2005). Қабірге жылқы мен арбаны қоса жерлеу салты түбін қуғанда сақтардан жалғасын тапса керек. Осы аталған деректер арқылы біз сақтар жылқыны ерте заманнан бастап басқа мал түлігіне қарағанда, ерекше ардақтап, тіршілігінде мініс көлігі болған жылқысы арғы өмірінде серігі ретінде бірге кететіндігіне сенгендігін байқаймыз.

Кей деректерде қыпшақ тайпасында жылқының мыңғырып өсетіндігін, басты тағамының қымыз болғандығын, қымыздың көптігі жылқының көптігінен екенін, кейбір ауқатты адамдарда 10 мың бас жылқы болғаны туралы көрсетілген. Ал шығыста ғұндар туралы «жасөспірімдері дәлдеп садақ атуды үйренді, жігіттері шетінен садақ асынып, атты сарбаз болады» десе, қытай деректерінде үйсіндер туралы, оның жылқышы ел екендігін, ауқатты адамдарда 4-5 мыңға дейін жылқы болатындығы баяндалады (Құмар, 2014).

Сол көшпелілердің соңғы ұрпақтары қазақ ұлты туралы қазақ жеріне сүргінге айдалған полон төңкерісшісі Янушкевич «Қазақтар ең алдымен ер адамды, содан соң жылқыны, үшінші кезекте әйелді құрметтейді» деп жазады. XIX ғасырда өмір сүрген орыс этнографы К.Н.Калачев «Қазақтар уақыттың көп бөлігін ат үстінде өткізеді. Дүниеде олар үшін бұдан артық ештеңе жоқ» деп естелік қалдырады (Жұматаев, 2019).

1876 жылы қазақ даласына экспедициямен келген неміс ғалымы А.Брем: «Қазақтар нағыз шабандоз халық, оларды жылқы малынан бөліп қарауға болмайды, олар құлын, тайдай бірге өсіп ержетеді, өмірін атсыз елестету мүмкін емес, атпен бірге ғұмыр кешеді. Олар басқа түліктерге мініп те жүре береді, бірақ жылқы оның ең адал досы есептелініп, тек астындағы аты ғана айнымас атқасерігі болып қалады. Ерлер мен әйелдердің атқа отырыстары бірдей, қыз-келіншектердің шабандоздығы көп ретте ер азаматтардан кем түсіп жатпайды. Қазақтың атқа мінісі әдемі, өзіне жайлы, ер тоқымның алдын тізесіне тақап, қысқа үзеңгімен жүргендіктен, тепе-теңдікті еркін сақтайды. Аты желе жортқанда немесе бүлкілге басқанда ол үзеңгіге тік бойлай тұрып, басын алға қарай, тіпті жылқының мойнына дейін иеді. Ал аты жәй желіске түскенде ол бойын түзу ұстап отырады. Ол тізгінді уысында ұстайды. Аттың үстінде отырғанда жануардан небір қиындықты бағындыруды талап етеді: атын таулы, еңісті, тасты жерлермен жүруіне бейімдейді. Ертоқымның үстінде отырып, тар жолдың екі жиегіндегі төрең құзға жайбарақат қарап, жорта береді. Ал басқалар тағдыр тауқыметімен осы жолмен жүре қалса, мазасызданары анық еді. Әйтсе де түскен бойда енді оны сүйсіне аялай күтіп, жем-шөбін жануардың алдына қояр еді», – деп жазады (Құмар, 2014).

Түркі кезеңінде тіршілікте мінген жылқыны адам қайтыс болғаннан кейін тұлдап асына, жылдығына арнап құрбандық шалған, яғни қайтыс болған адам-

ның мінген атының жалын қиып, құйрығын кесіп, бір жылдан соң асына сою. Тіпті түркілердің арғы аталары сақтар өздері табынған ең құдіретті күштің иесі күнге арнап тасаттыққа шабандоз жылқы малын шалатын болған. Ал жылқы бейнесін балбал тасқа ойып батырдың моласының басына орнату көшпелілерде ерте кезеңдерден бері жалғасып келе жатқан әдет. Жылқыға деген құрмет, салт-дәстүрлер қазақ қоғамында өз жалғасын тапты. Халық арасында әлі күнге дейін ат тұлдау дәстүрі сақталған. Бұл дәстүр сақ кезеңіндегі тіршілікте мінген жылқыны өлгенде қоса жерлеу салтының жалғасы екендігінің көрінісі.

Жылқы тұқымын қадірлеу, оны киелі деп білу көнеден келе жатқан салттардың бірі. Оның шығу төркіні ерте сақтар, тіпті одан да бұрынғы көшпелілер заманындағы наным-сенімдермен қабысады. Олар аттың бас сүйегін, тұяғын тұмар ретінде пайдаланған. Мысалы: соғыс кезінде жазымнан, өлімнен сақтап, жауынгерлерге сәттілік әкеледі деген ырыммен сарбаздарының белдігіне жүйрік аттың тұяғын байлап қоятын. Мұндай әдет қазақ тұрмысында да кездеседі (Құмар, 2014).

Жылқы халық түсінігінде ел серігі, айшылық алыс жерлерге жылдам хабар жеткізетін, желден озған жүйрік немесе байлықтың өлшеушісі ғана емес, ол қазақ үшін сән-салтанат, сұлулықтың өлшемі. «Ердің атын аты шығарады» демекші, барлық жасау, батыр атану тек жылқы малының арқасында ғана мүмкін болатындығын түсінген ата-бабамыз сәйгүліктеріне аса құрметпен қарап, ерекше күте білген. Оларға көз тимесін деп мойындарына тұмар байлаған, жабулап ұстап, маңдайына, жалына немесе құйрығына «үкі» таққан. Қазақ ғұрпында жылқыны ұрып-соғу былай тұрсын, жылқы байланатын желіден аттап өтпейді, ат сатқанда жүгенін, ертоқымын сатпайды. «Аттан айырылсаң да, ертоқымнан айырылма» дейді, ертұрман әбзелдері азаматтың ырысы саналады. Ертұрманды киелі көреді, одан айырылуды жамандыққа жорыған. Сонымен қатар жылқышының құрығын да аттамаған (Құмар, 2014).

Қазақ жылқыны ерте заманан анттың, серт пен сенімнің куәсі еткен. Қанына қолын немесе қаруының ұшын малып тұрып ант берісіп, оны достық пен жауласудың белгісі деп санаған. «Ат кекілін кесіп – жауласу» «Орта жолда атың өлмесін, орта жаста қатының өлмесін» деген сөздер осыдан қалса керек (Тоқтабай, 2010).

Қазақ халқының жылқы құмарлығы мен жылқы мәдениетіне берілгендігінің айғағын қазақ мақал-мәтелдері, бата тілеулері, шешендік сөздерінен кеңінен кездестіруге болады. Қазақ баталарында «Алтын ерлі ақбозат, астыңда жүріп арысын. Қолаң шашты, қой көзді, таңдап алған бұраң бел, қасыңда жатып қарысын» деген сияқты бата жолдары бар (Шыңжаң қоғамдық ғылымы, 2007). Сондай-ақ, жылқының түр-түсіне, жүрісіне қарай ат қойған, әсіресе, жүйрік, жорға, мініске жайлы аттарды ерекше бағалаған. Мысалы, «Майда қоңыр», «Қаражорға», «Ақтанау», «Шалқұйрық», «Торқасқа», т.б. Қазақ жылқыдан басқа малға да ат қояды, бірақ ол ит пен жылқыға ат қойғанға ұқсамайды. Тек малды түстеу рөлін ғана атқарады.

Дәстүрлі қазақ ән-күйлерінің аса қомақты жинағын жылқы туралы ән-күй құрайды. Ал жылқы сыны өз алдына бір төбе. Қысқасы, жылқы малы қазақта біріншіден – ер қанаты, екіншіден – табыну нышаны, үшіншіден – байлықтың, құттың нышаны, төртіншіден – қазақтың эстетикалық нышаны болған.

Қорытынды. Қорыта айтқанда жылқы адамзатқа

Алла Тағала тарту еткен баға жетпес байлық екендігі баршаға аян. Көшпелілер тарихында жылқы адамдардың негізгі серігі болып, тарихтың келесі белестерінде басқа да бір сапалық құндылықтарға ие болып отырды. Жылқыны қолға үйретіп, кейін келе оны мініс көлігіне айналдырудың арқасында көне қоғамның мәдени-тарихи көкжиегі кеңейе түскен. Үйретілген жылқының көмегімен адам ұзақ қашықтықты бағындырып, үлкен құрлықтар мен кеңістіктерді игерді. Уақыт пен кеңістікті бағындырған ат өз кезегінде адам тарапынан үлкен құрметке ие болып, ұлыстар мен ұлттардың рухын ұштайтын, жігерін шыңдайтын, адамзаттың мінез-құлқын қалыптастыруға түрткі болған күш ретінде жоғары бағаланды. Зерттеулер нәтижесінде жылқы көшпелілердің шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғанын байқаймыз. Атқа міну мәдениетінің даму эволюциясын басынан кешкен халқымыз Еуразия құрлығында атты әскердің көмегімен үстемдікке қол жеткізіп, адамзат тарихында өшпес із қалдырғаны белгілі. Алайда, әлі күнге дейін атқа міну мәдениетінің пайда болу, даму және құлдырау тарихының беймәлім тұстарын зерттеу өзекті мәселенің бірі болып отыр. Ерте көшпелілер кезеңінен қазақ қоғамына дейінгі жылқыға байланысты ғұрыптық салт-дәстүрдің сабақтастығы әлі де терең зерттеуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Әлемнің ұлы кереметтері.– Алматы, 2005. 64 б.
 Виноградов Н.Б. Могильник бронзового века Кривое озеро и Южном Зауралье. – Челябинск, 2003. 362 с.
 Геродот. История (Мельпомена 4 книга). 256-273 с.
 Жұматаев Р.С. Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект) // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D020800 Археология және этнология.– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: 2019. – 190 б.
 Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: КазАқпарат, 2009. – 576 с.

- Кузьмина Е.Е. Современное состояние проблемы доместикации лошади и происхождение колесниц // У истоков цивилизации. Сборник статей к 75-летию В.И. Сараниди. – М.: Старый сад, 2004. – с. 1129-141
 Қазақтың бата-тілектері // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. 2007, № 2. 89-б.
 Құмар А. Сақтан қалған сарқыттар. Үрімші. 2014. – 576-б.
 Самашев З. Берел. Алматы. 2011. – 236 б.
 Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы. 2010. – 496-б.

REFERENCES

- Әлемнің ұлы кереметтері [The great wonders of the world].– Алматы, 2005. P.64 [in Kazakh].
 Vinogradov N. B. Mogilnik bronzovogo veka Krivoje ozero i Yujnom Zavrале. [Burial ground of the Bronze Age Krivoje Lake and the Southern Urals].– Çelyabinsk, 2003. P.362 [in Russian].
 Gerodot. İstorıya [History (Melpomene book 4)].– P. 256-273 [in Russian].
 Jumataev R.S. Qazaqstandı ejelgi dävırler men orta ğasırlarda mekendegen jurtardıñ ädet-ğurıptarındağı jılqı (Mädenıgenezdik aspekt). [Horse (cultural aspect) in the customs of the people who inhabited Kazakhstan in ancient times and the Middle Ages] // Fılosofiya doktori (PhD) дәrejesin alu üşin dayındalğan dissertaciya: 6D020800 Arxeologiya және étnologiya. – Äl-Farabi atındağı Qazaq ulttıq unıversiteti. – Алматы: 2019. P.190 [in Kazakh].
 Zaybert V.F. Botayskaya kultura [Botay culture]. – Алматы: KazAqparat, 2009. P. 576 [in Russian].
 Kwzmiına E.E. Sovremennoe sostoyaniye problemı domestikacii loşcadı i proisxojenıe kolesnic [The current state of the problem of domestication of loschad and the origin of chariots] //U istokov civilizacii. Sbornik statıey k 75-letıyu V.İ. Sarıanıdı. – M.: Staryı sad, 2004. P. 1129-141 [in Russian].
 Qazaqtıñ bata tilekteri [Kazakh blessing wishes] //Şıñjañ қоғамдық ғылімі. 2007, № 2. P. 89 [in Kazakh].
 Qumar A. Saqtan qalğan sarqıttar[Legacy from the Sakas].– Ürimşi. 2014. – P. 576 [in Kazakh].
 Samaşev Z. Berel [Berel].– Алматы. 2011. P. 236 [in Kazakh].
 Qazaq jılqısıñın tarıxı [History of the Kazakh horse].– Алматы. 2010. P. 496 [in Kazakh].

ҒТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Тұрсынхан ҚАЙЫРКЕН,

тарих ғылымдарының докторы, профессор,
 Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
 Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ-сы. E-mail: kairkentz@mail.ru

ҚАЗЫБЕК СӘМЕНБЕТҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

Мақалада 1758 жылдан кейін Жоңғарияға қоныс аударған қазақтардың тарихына қатысты тұлғалардың бірі Қазыбек Сәменбетұлы және оның жасаған дәуірі зерттелген. Ол үшін Г.Н. Потанин секілді ғалымдардың назарына іліккен «Сәменбеттің Сары Үкісі» туралы аңыздан бастап, Қазыбектің өскен ортасы, ата тек шежіресі, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ауылының көшіп-қонған жерлері, оның қазақ батырларымен, Абылай ханмен қарым-қатынасы, Ман-Цин империясының Үрімжі және Қашқардағы ұлықтарымен сауда жасасуы, т.б. жағдайлар талданған. Шежіре мен тарихи деректерге сүйеніп Қ.Сәменбетұлының туған және қайтыс болған жылына талдау жасалады. Омскі әскери-топографиялық картасына негізделіп, оның қабірінің Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданындағы Көкпекті өзенінің бойында жатқандығы дәлелденеді. Сондай-ақ, мақалада Қазыбек Сәменбетұлының зергерлік және ұсталық қырына да тоқталып, оның жолын қуған саясаткер, би және өнерлі ұрпақтары туралы бірнеше дерек ұсынылады.

Түйін сөздер. «Сәменбеттің сары үкісі», Сарысу өзені, Қазыбек Сәменбетұлы, ойраттар, Еділ қалмақтары, «Ақтабан шұбырынды», манжуша, қытайша деректер, жылқы саудасы, Үрімжі, Қашқар, Абылай ханның мөр-жүзігі, Қазыбектің қабірі.

Қазақ тарихы

№5 (194), қыркүйек-қазан, 2021

Tursynkhan KAIYRKEN,
Doctor of Historical Sciences, Professor,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan. E-mail: kairkentz@mail.ru

KAZYBEK SAMENBETULY AND HIS TIME

The article examines one of the figures in the history of the Kazakhs who moved to Dzungaria after 1758, Kazybek Samenbetuly and his era. For this G.N. From the legend of Samenbet's Yellow Owl, which attracted the attention of scholars such as Potanin, Kazybek's upbringing, ancestry, genealogy, migration to the village during the Dzungar invasion, his relations with Kazakh heroes, Abylai Khan, trade in Urumqi and Kashgar of the Manchu Empire. conclusion, etc. cases are analyzed. Based on genealogy and historical data, K. The year of birth and death of Samenbetuly is analyzed. Based on the military-topographic map of Omsk, it is proved that his grave was located on the river Kokpekty in Kokpekty district, East Kazakhstan region. The article also focuses on the jewelry and craftsmanship of Kazybek Samenbetuly, and provides some information about the descendants of the politician, dancer and artist, who followed in his footsteps.

Keywords. «Samenbet's Yellow Owl», Sarysu River, Kazybek Samenbetuly, Oirats, Volga Kalmyks, «Aktaban shubyryndy», Manjusha, Chinese data, horse trade, Urumqi, Kashgar, Abylai khan's seal, Kazybek's grave.

Турсунхан КАИРКЕН,
доктор исторических наук, профессор,
Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,
Казахстан, Нур-Султан, E-mail: kairkentz@mail.ru

КАЗЫБЕК САМЕНБЕТУЛЫ И ЕГО ВРЕМЯ

В статье исследуется один из деятелей истории казахов, переселившихся в Джунгарию после 1758 года Казыбек Саменбетулы и его эпоха. Для этого проанализированы начиная из легенды «О желтой сове Саменбета», которая привлекла внимание ученых, таких как Г.Н.Потанин, воспитание, происхождение, генеалогия Казыбека, переселение в деревню во время Джунгарского нашествия, его отношения с казахскими героями, Абылай-ханом, торговля в Урумчи и Кашгаре Маньчжурской империи. Основываясь на генеалогических и исторических данных, анализируется год рождения и смерти Саменбетулы. На основании военно-топографической карты Омска доказано, что его могила находится на реке Кокпекты в Кокпектинском районе Восточно-Казахстанской области. В статье также уделяется внимание ювелирным изделиям и мастерству Казыбека Саменбетулы и приводится некоторая информация о потомках политика, который пошел по его стопам.

Ключевые слова. «Желтая сова Саменбета», река Сарысу, Казыбек Саменбетович, ойраты, волжские калмыки, «Актабан шубырынды», Манджуские, китайские данные, конный промысел, Урумчи, Кашгар, печать Абылай хана, могила Казыбека.

Кіріспе. Қазақтың арғы-бергі тарихында аты аталмай, көмескі қалған небір тарихи тұлғалар бар. Солардың бірі – қазақтың Абақ керей тайпасынан шыққан Қазыбек Сәменбетұлы. Қазыбектің жеке тұлғасына және оның өскен ортасына, кие-тегіне, ата шежіресіне өз кезінде Г.Н. Потанин аса зор қызығушылық танытқан. Қазыбектің ғұмырбаяны XVIII ғасырдағы Қазақстанның шығысында өмір сүрген және Жоңғарияға қоныс аударған қазақтардың тарихымен тығыз байланысты. Қазыбектің туған, өскен ортасы және орыс, қытай деректеріндегі ол жайындағы мәліметтерді зерттей келе, біз оның шынымен де шығысқа қоныс аударған қазақтардың тарихында айырықша рөл ойнаған тұлға екеніне көз жеткіземіз. Өйткені Г.Н.Потаниннен басқа Сібір казактарының запастағы қосынының командирі Г.Н.Волошиннің жазбаларында, Омскі әскери-топографиялық картасыныңда, сондай-ақ, қытайша және манжуша деректерде оның аты, көшіп-қонып жүрген жері, істеген істері туралы мәліметтер кездеседі. Бұл деректер қазақтың шежірелік тарихындағы ауызша мәліметтермен сәйкес келеді. Сол бойынша зерделегенде, Қазыбек Сәменбетұлы «Құба қалмақ» заманында туып, ержеткен; XVIII ғасырдағы қазақтың әйгілі батыр-бағландарымен замандас әрі дәмдестүздас, сапарлас болған; ел-жұртын бастап, Қалба тауы өңіріне барып қоныстанып, сол арадан Қытай шегіндегі Үрімші, Қашқар қалаларына сауда жасай барған, сонымен бірге он саусағынан өнер тамған әйгілі зергер ұста да болған.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Г.Н. Потанин жинақтаған және Абақ керейлердің ауызекі аңыз-әңгімелері, 2012 жылы Астанада шыққан «Путевые

дневники и заметки российских людей о Казахстане XVIII -середины XIX вв.» деген жинаққа енген орыс отрядының басшысы Г.Н.Волошиннің мәліметтері, Омскінің әскери-топографиялық картасы, Ман-Цин империясының орда архивтеріндегі манжуша және қытайша мәліметтер құрайды. Алға қойған мәселені зерттеуде біз деректанулық зерттеулер мен тарихи сараптамалық әдістерді пайдаландық. Атап айтқанда, шолу, талдау, жүйелеу, салыстыру, қорыту, сондай-ақ тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік әдістері, тарих ғылымында бұрыннан қолданыста келе жатқан нарративті және дискрептивті әдістер қолданылды.

Талдау. XVIII ғасырдағы қазақ тарихына қатысты тұлғаларды зерттеу сол заманның болмысын, түр-келбетін, тарихи оқиғалардың мән-жайын ашуға көмектеседі. Қазыбек Сәменбетұлы және оның ұрпақтары туралы деректер көптен бері жинақталып, ішінара жарық көріп келеді. Бұл бағытта Таласбек Керімбайұлының Қытай Халық Республикасында 2013 жылы жарық көрген «Тауасар» атты кітабын ерекше атап өткен жөн [Керімбайұлы Т. 2013.]. Тауасар–Қазыбектің ұлдарының бірі, өз заманында Абақ Керейге төре (Өбілпейіз ханның ұлдарын) апарған айтулы би. Кітапта автор Қазыбектің керемет зергер әрі ұсталық қырын да сөз етеді. Бұдан алдын Асқар Татанайұлының «Тарихи дерек, келелі кеңес» атты кітабында да Тауасар бидің Керейге Төре әкелгені туралы жазған болатын [Татанайұлы А. 1996:155 б.]. Бірақ Асқар Қазыбек атаның ұрпағы болса да атасы туралы жиған-тергенін бере алмай кетті. Соңғы уақытта Тауасардың әкесі Қазыбектің және оның әкесі Сәменбеттің төл тарихта айырықша із қалдырған айтулы тұлғалар болғаны жарыққа шықты.

Сол байланыспен жекелеген ізденістер жасалды. Кейін, Қазыбек шежіресі «Абақ Керей шежіресінің» бір бөлігі ретінде Жәнтекей шежіресіне кірді [Өтегенов Қ.Ж., Жусанбаев Қ. 2008 : 592 Б.]. Сондай-ақ, Қытай Алтайының ру-тайпа және ел-жер шежіресі аясында бірнешедеген аймақтық және аудандық жерлік шежіре кеңсесі шығарған тарихи материалдар жинағына да енді [Алтай қаласы..., 2014: 586 Б.]. Бұдан өзге, соңғы уақытта Б.Еженханұлының жинақтап, аударуымен және түсініктер беруімен жарық көрген Ман-Цин империясының орда мұрағат құжаттары, Ресей империясының барлау материалдары мен әскери-топографиялық карталары деректерді бір-бірімен толықтыра және салыстыра зерттеуге мол мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері. Қазыбек Сәменбетұлының өмірбаянына қарап отырсақ, оның жасаған дәуірі қазақ халқының тарихындағы ең бір күрделі және өзгеріске толы уақытқа тура келеді. Оның өмірге келген кезі Тәуке ханның тұсында қазақтардың батыста Еділ қалмақтарының, шығыста Жоңғар билеушілерінің қос қабат түрткісіне түскен кезі еді. Ол дәл осы кезде, яғни, 1705 жылы Сарысу өңірін жайлаған Орта жүз Абақ керейдің Жәнтекей руының Сүйінбай атасынан тараған Сәменбет шаңырағында дүниеге келді. Кей деректер оны 1677 жылы туып, 1764 жылы дүниеден өткен дейді [Керімбайұлы Т. 2013.]. Енді бір айтылымда оның туған жылы 1710 деп көрсетілген. Біздіңше, оны 1705 жылы туған дегеннің негізі бар. Өйткені оның Ресейдің барлаушы офицерімен кездесуі (1771 ж.), «Қазыбек жері» (елі, ауылы) деген атпен ел басқарып отыруы (1758 ж.) және Қытайға саудамен баруы (1763 ж.) түгелдей бойында күш-қайраты бар кезінде болған жағдайлар. Өйтпесе, жасы 81 мен 94-тің арасындағы қарт адамның ұдайы ат үстінде жүруі екіталай.

Бізге жеткен ел ауызындағы аңыздарға сенсек, оның дүниеге келуі де түркі-моңғол халықтарының ежелгі аңыздарында айтылатын аян беруші киелі затпен байланысты. Көп жыл бала көтермеген Бадан ана ұйықтап жатып түсінде шаңырақтың күлдіреуішіне қонған екі бірдей үкінің сары балапанды көреді. Оларды көріп тас емшегі иіп, еміреніп жатып оянады. Көрген түсін алдымен қосағы Сәменбетке айтады. Сәменбет: «Мынау жәй түс емес, сәуле ғой!» деп қуанып, ауыл ақсақалдарын шақырып, ақсарбас сойып, Баданның көрген түсін жорытады. Сонда ақсақалдар отырып: «Шырағым, Алла тілегінді қабыл қылған екен. Шекесі торсықтай екі ұлың болады екен. Түсінде омырауың иігені сол екеуінің ұрпақты болатынының нышаны» – депті. Бадан сұлудың түсін сан-саққа жорыған жиналғандар бұл да болса Сәменбеттің тасып жатқан бағы деп оған ізгі тілектерін білдіріп тарқасыпты. Кейін Бадан ана айтқандай екі ұл тауып, бірінің атын Байымбет (Есағасы), енді бірінің атын Қазыбек қойыпты. Олардың ұрпағы кейін он бір аталы Сәменбеттің ішіндегі ең өскен атаға айналыпты. «Сары үкі дарыған Сәменбет» туралы бұл аңыз 300 жыл бойы ауыздан ауызға таралып, бүгінге жетіп отыр.

Бұлай болатыны Жәнтекей – Абақ Керей ішіндегі ең өскен ата. Оның немересі Сәменбет бүкіл Жәнтекейге ұран болып, кейін оның орынын Шақабай басқан [Өтегенов Қ.Ж., Жусанбаев Қ. 2008:257.].

Бала күннен жадымызда жатталып қалған бұл аңыз Қазыбектің туған тегін киелендіріп, оның өмірге келуіндегі Сары үкінің тотемдік-культін айырықша айшықтап көрсетеді. Содан бері Сәменбет ұрпағы Сары үкіні қастерлеп, оған өздерінің тотемі ретінде қарайды. Бұл бір кездегі көне түркілердің Көк бөрі

тотеміне, немесе оғыздардың Бұқа тотеміне ұқсайды. Демек, Сәменбеттің Сары үкісін Көкбөрі немесе Ғуа-Маралдан басталған түркі-моңғол халықтарының тарихындағы ең соңғы тотемдік-культ деуге негіз бар. Өйткені Байымбет пен Қазыбектің өмірге келген кезі XVIII ғасырдың басы. Қазақ халқының өзінің дәстүрлі дүниетанымы мен сенімінен ажырамаған кезі. *Олардың үрім-бұтағы содан бері Үкіні айырықша кие тұтып, оған мінәжат етеді. Бертіңге дейін қазыбектер басқалардың үкіні ұстауына, қорлауына жол қоймаған. Егер біреу үкіні ұстап алса, оның сұрағанын беріп, киелі құсты бостандыққа жіберіп отырған.* Ол туралы XIX ғасырда Өр Алтай, Қара Ертіс бойын шарлап қайтқан Г.Н. Потанин: «Қазыбек пен Есағасы тұқымдары осы жердегі ең ауқатты адамдар, осы әулеттердің өкілдері өздеріне біткен байлықты жоғарыда баяндалған дәстүрді нақты ұстанғандықтан деп есептейді» (Потанин Г.Н. 2005:60-61.), – дейді.

Үкі туралы аңыз Байымбет пен Қазыбек туа сала жарыққа шықты ма, жоқ, әлде ол екеуінің ел ішіндегі бет-беделі өсіп, атағы асқақтаған кезде пайда болды ма, ол жағы белгісіз. Мұнда тек бір ғана факті анық. Ол болса Қазыбектің өсе келе еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болғандығы. Бағымына біткен қалың көк шұбар жылқысы, он қолынан өнер тамған зергерлігі және Жәнтекейге жататын бір қауым елге басшы болғаны. Әйтпесе, оның өмірге келуін мұндай кейіптеу, киелендіру болмас еді. Олай болса, біз алдымен Қазыбектің балалық және жастық шағында басынан кешкен жағдаяттарға назар аударып көрейік.

Жоғарыда атап өткеніміздей, егер ол XVIII ғасырдың бас кезінде өмірге келген деп қарастырсақ, Қазыбектің балалық шағы шығыста жоңғарлар күшейіп, солтүстік-батыстан Ресей империясының Қазақ жеріне сұқтанып кіре бастаған кезіне тура келеді. Бала Қазыбек осындай алмағайып дәуірде ойда, қырда болып жатқан оқиғаларға құлағын түріп ержетті. Ол ат жалын тартып мінісімен, жоңғарлар 1710, 1711, 1712, 1714, 1717, 1718 жылдары Қазақ жеріне артартынан шапқыншылық жасады. Жау-жаламнан үркіп, үрейленген жұрттың күнделікті айтатын әңгімесі жоңғарлар және олармен болған қанды қасап шайқастар туралы еді. Әкесі Сәменбеттің де ерен ерлігімен көзге түсіп, берісі Жәнтекейге, арысы бүкіл Абақ керейге ұран болатын кезі де осы тұс. Ол кезде ата-бабасынан ерлікті ту еткен қазақтар әліптің артын бағуды білмейтін, орай күтіп отырмайтын. Теріскейде орыстардың Еділ қалмақтарын айдап салып отырғанын білген қазақтар 1709-1714 жылдары Еділ бойынан Жайық қалашығына астық пен балық апара жатқан орыс казактарының арбалы керуендеріне бірнеше дүркін шабуыл жасады. Бұл шабуылдар кезінде қантөгістер болып, адамдар қолға түсіп, аткөліктері айдап әкетілді (Из истории... 1936:197, 201 б; КРО-1: 4980). Қазыбек 15 жасқа толған 1719 жылы, яғни, жоңғар ойраттары манчжулармен текетіреске түскен жылы, бұл мүмкіндіктен пайдаланған қазақтар 1720 жылы жоңғарлардың жеріне бірнеше мәрте басып кіріп, 3 мың ойратты тұтқындап алып қайтты. Мұның бәрін қазақтар Еділ бойындағы Моншақ ханның баласы Аюкенің жоңғарлармен тіл біріктіріп, батыстан жасаған арандатушылығына жауап ретінде істеді. Ол кезде қазақты Тәуке хан басқарып тұрғанымен, ішкі алауыздық, берекесіздік салдарынан ел ішінде басаламан жағдай орын алды. Күшті жаудың алдында Қазақ жұрты ортақ ақылға, амал-айлаға бірікпеді. 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң жағдай тіптен қиындады. Тәукеден соң ел билеген Болат ханның тек хан деген аты болмаса әр жүзді билеген кіші хандар өз

алдына дербестеніп, Қазақ хандығын саяси тұрғыдан ыдыратуға итермеледі (Қайыркен Т.З. 2015:167 б.). Бұдан алдыңғы соғыстарда ойлағандай нәтижеге жетпеген жоңғарлар 1722 жылы Еділ бойындағы Аюке ханмен тіл біріктіріп, Қазақ даласына қарсы үлкен жорыққа сайланып жатты. Бұл ретте олардың сол кезде қазақтарда жоқ зеңбірекпен қарулануына бұдан алдын орыстарға, одан соң жоңғарларға қолға түскен швед артиллериясының тәжірибелі сержаны И.Г. Ренат көмектесті. Жоңғарлар келесі жылы көктемгі қараөзек шақта 70 мың қолмен жеті топқа бөлініп тұтас Қазақ даласына шабуылға жасады. Осынау ауыр нәубеттің зардабын қазақ халқы 5 жыл бойы тартты. Демек, «қазақтың Сыр бойында жүрген кезі» осы 1723-1728 жылдар арасы. Үш жүз қазақтарының аумақты бөлігі сол жылдары Сыр бойына қоныстанып, жауға қайтарма соққы берудің артқы шебін қалыптастырды. Сөйтіп, 1724 жылдың көктемінен бастап қазақтар бірегей шеп құрып, ел мен жерді Жоңғар басқыншылығынан азат етуге аттанды. Бұл кезде Ер Жәнібек батыр әрең 10 жаста, Қазыбек 19 жаста (егер 1705 жылы туды десек), Абылай 13 жаста, Қабанбай батыр орда бұзар 30 жастан асқан еді. Қабанбай бабамыз «Ақтабан шұбырындының» алғашқы жылы, яғни 1723 жылғы қазақтың астанасы Түркістанды қорғау шайқасында ерлік көрсетті. Бұқар жырау XVIII ғасырдың 20-жылдарында ел шетінде, жау өтінде тұрып шайқасқан батырлар туралы айта келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі Тілеуке, қарақалпақ Қылышбек, Шапрашты Наурызбай, Құдайменді Жәпек, Сеңгірбай мен Шүйкебай, Таңсыққожа, Қасқарауыл Молдабай, Айнақұл Батый батырлардың есімдерін атайды. Олардың бәрі қазақ жасақтарының жүздіктері мен мыңдықтарын басқарды.

Бұл кезде жас Қазыбек те тұлпар мініп, ту байлап, жоңғарға қарсы жасақталған қалың қолдың сапында жүрді. Аталған батырлардың көбі жас жағынан одан үлкен, алғы буын саналса, арасында Шапырашты Наурызбай қатарлы батырлар ғана онымен замандас, тұрғылас еді. Ел аузындағы деректер Қазыбек Ер Жәнібек батырмен бірге жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен Керей қолының алғашқы қолбасшыларының бірі болған дейді. Біздіңше, оның батырлық, қолбасшылық тұлғасы Жәнібек батырға дейін де қалыптасып үлгірген. Өйткені ол Жәнібектен үлкен әрі Абақ керей ішінде Жәнібектен бұрын ел көзіне түскен тұлға. Әкесі Сәменбет те әйгілі батыр. Қазыбектің Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте батыр әрі қолбасшы болғаны туралы 1771 жылы Ресей империясының Әскемен бекінісінен Ертіс өзенінің оңтүстігіндегі Шар-Гурбан өзеніне және аталған өзеннің жоғарғы жағындағы Бұланай немесе Ұлыны аталатын жотаға, одан ары Бөкен, Шегелек өзендерінің жоғарғы жағындағы шатқалдарға, басқа да жерлерге (Ядринцев Н. М. Маршрут атамана... 1884: 312-315) құпия тыңшылық қызметпен барған Сібір казактарының запастағы қосынының командирі Г.Н.Волошин басшылығындағы топтың берген мәліметтерінде жазылған (Путевые дневники ... 2012: 12.). Онда казак атаманы 1771 жылы 9 шілдеде Чар-Гурбан өзенінің бойындағы Қызылжар деген таудың бөктерінде Керейдің Қожаберген, Аралбай және Қазыбек батырларымен жолыққандығын жазады.

Осындағы Аралбайды Б. Еженханның «Қожаберген батыр» атты зерттеу еңбегінде келтірілген қытайша және манжуша деректердің «Ағайынды Шұлықтардың берген жауабы туралы Далдаңаның мәлімдемесі (қытай тілінде)» деп аталатын 11 құжатында Найман

ішінде Мұрын деп көрсеткен. Онда манжуларға қолға түсіп, оларға жауап беріп отырған Шұлық деген адам: «Мен Найманның Мұрын деген руының Әбілпейіз есімді адамына қарастымын. Біз өзіміздің Қара Барақ деген адамымыздан ұлы армияларыңыздың осылай келе жатқандығын, сондай-ақ, Қабанбай әскерін бастап сіздерге қарсы жорыққа шыққандығын естіп, біздің ру басымыз Әбілпейіз де 100-ден астам адам бастап аттанған. Сонда ағайынды біз екеуіміз ауылымызды көшіріп болған соң, 8 адамды ертіп алып, тиісті хабар алу мақсатында жолға шыққан болатынбыз... Қалған алты адамымыз қашып кетті. Ал мен інім Аралбаймен бірге тұтқынға түстім» [Еженхан Б. 2017: 142-143],–дейді.

Цин патшалығы кезінде Қазақ-Манжу қатынасына байланысты құжаттарда Қожаберген батырдың есімі де жиі аталады. Б. Еженханның жоғарыдағы кітабында Абақ Керейдің Шыбарайғыр атасына жататын Қожаберген батыр туралы Цин патшалығының орда естеліктері де берілген.

1758 жылы жоңғарлар жойылған соң, Қазақ пен Ежен хандығы тікелей сауда қарым-қатынасын орнатты. Үрімжіні ортақ сауда базары ретінде ашты.

Цин патшалығының манжу және қытай тілдерінде сақталған деректерінде Абылай ханның кезінде Қашқар мен Үрімжіге барған сауда делегациясының басында немесе құрамында Қазыбек деген адамның болғаны және оның белгілі бір мекен-жайға байланысты ауызға алынуы бірнеше жерде кездеседі. Онда «Қазыбектің жері», «Қазыбек» немесе «Байхото-Қазыбек», енді бірде «Қожабергеннің інісі Қазыбек» деп жазылған. Мысалы, 1759 жылы қалыптасқан «Қазақтар Үрімжіге саудаға бара жатыр» деген мазмұндағы Қалқаның орынбасар цзянцзюнь Цебденжабтың жолдаған мәлімдемесінде (манжу тілінде, 1759 жылы 11 тамызда жазылған): «Осыдан бұрын біз, патшаның құлдары, патша ағызамның Үрімжіде сауда жүргізу туралы түсірген бұйрығын Абылай мен Әбілпейіз қатарлыларға жеткізу мақсатында арнайы хат жазып, Қара-Барақ арқылы жібергенбіз. Кейінірек Қожабергеннің інісі Қазыбек және Өмір батыр қатарлы 260-тан астам адам жалпы саны 2400-ден астам жылқыны айдап ілгерінді-кейінді біздің лагерімізге келіп сауда жасасақ деген тілектерін білдірді. Біз оларға: бұл жер әскери лагер. Саудаға жарайтын зат жоқ. Қазір Үрімжіде үлкен базар ашылды. Сіздер сонда барып сауда жүргізгендеріңіз жөн деп жауап бердік. Сонда Қазыбектер: біз Үрімжіге баратын төте жолды білмейміз. Бізге жол бастаушы адам қосып беріңіздер деп өтіңді. Біз, патшаның құлдары, олардың өтініші бойынша ілгерінді-кейінді 4 қалқа және улет адамынан құралған екі топ жол бастаушыларды қосып бердік. Олар Қазыбек пен Өмір батыр қатарлыларды бастап, екі топқа бөлініп, көбісе 6-айының 27-29 күндері (көнеше жыл есебі – Т.З.) осы жерден Үрімжіге қарай аттанып кетті» [Еженханұлы Б. 2009: 62-63-б.],– делінеді.

Бұл деректен, мәлімет дұрыс жеткізілмегендіктен Қазыбек бастаған сауда керуенінің тікелей Қалқаға өтіп, одан Үрімжіге бағыт алғаны жазылған және керуен басы Қазыбекті «Қожабергеннің інісі» деп көрсеткен. Мұның екі себебі болуы мүмкін. Біріншіден, бұл адамның шынымен Қожабергеннің інісі болуы; екіншіден, бұл кезде Қожабергеннің аты Цин үкіметіне көптен мәлім болғандықтан, Қазыбек оның беделін, рулық байланысын (екеуі де керей) пайдаланған болуы мүмкін.

Олардың Үрімжіге келгені туралы «Фан Шишоудың қазақтар Үрімжіге келіп сауда жасағаны туралы мә-

лімдемесінде (қытай тілінде): Мен, патшаның құлы, 7-айдың 25-күні (ескіше күнтізбе – Т.3.) Үрімжіге бардым. Өткен жолғы сауда жасап кеткен қазақтың Қазыбек қатарлы төрт топ адамы келді. Олар біраз күн күте тұруды қаламағандықтан, Мантай қасына юэзи¹ міндетін атқарушы Цзинь Лян мен тунчжи міндетін атқарушы Даргишаньды ертіп, сауда жұмыстарын дереу жүргізді [Еженханұлы Б. Қазақ хандығымен Цин пат. сауда қат... II т. 2012: 27], – дейді.

Сол жылы Үрімжідегі ұлықтардың атынан жолданған «Қазақ Қазыбек қатарлылардың сауда жасап болып, өз жеріне қайтқаны жөніндегі мәлімдемеден үзінді» (29 қыркүйек, 1759 ж.) деген деректе: «Мен, патшаның құлының анықтағаны бойынша, сауда жасай келген қазақтың Қазыбек қатарлы адамдары 7-айдың 11-күні (көнеше жыл есебі – Т.3.) бірінен соң бірі Үрімжіге келді. 7-айдың 20-күні (көнеше жыл есебі) саудасын жасап болды. 7-айдың 22-күні (көнеше жыл есебі-Т.3.) оларды Локэлунға² дейін шығарып салды. Олар одан ары өз жеріне қайтып кетті. Бұл жолғы сауда өткен жолғы саудаға қарағанда мерзімінен бұрын басталды әрі тез аяқталды», – делінеді (Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин пат. сауда қат... II т. 2012: 28.).

Бұл деректе оның аты тек «Қазыбек» деп қана көрсетілген.

Арада 7 жылдан кейін, яғни, 1763 жылы 13 тамыз күні Қашқардағы хебей-амбаны Юңгуйдің: «Қазақ ханы Абылай жіберген адамдары арқылы бізге сыйлық тартып, сонымен бірге, Қашқардан сауда жасау туралы өтініштерін жеткізіпті» деген мағынадағы жолдаған мәлімдемесінде Қазыбек есімі «Байхото (?) – Қазыбек» түрінде кездеседі. Қорда сақталған осы құжаттың ресми мәтінінен бұрын, оның алғашқы көшірілген кезіндегі хатталған шағын түйіндемесі берілген, онда: «Юңгуй қатарлылар, 8-айдың 8 күні (көнеше жыл есебі – Т.3.): Қазақ Абылай жіберген Қазыбек сыйлыққа жылқы тарту етіп, саудаға әкелген жылқыларын сатып болған соң, кері қайтарылғандығы туралы мәлімдеме» делінген. Мәтіннің өзінде: «Өлгіңде Қазақ ханы Абылай Байхото (?) – Қазыбек есімді адамын пақырыңыз менімен кездесуге жіберіпті. Ол адам Абылайдың тарту еткен 1 сыйлық атын маған тапсырып тұрып: Бұрын біз хуэйцзылармен³ ешқандай қарым-қатынаста болмағанбыз және саудагерлерімізді мұнда жіберуден тартынатынбыз. Қазір, міне, ұлы патшаның арқасында барша жерлер тыныш болып, хуэйцзылар мен бұрыттар да тату-тәтті байланыста өмір сүруде екен. Біз жақында ұлы патша амбан сізді Қашқарға жауапты етіп жіберді деген хабарды естігенбіз. Міне, Абылай мені Қашқарға жіберіп, өз сәлемін жолдап, Қашқарда сауда ашу ісі туралы ойын жеткізіп отыр. Мен Абылайдың амбан сізге тарту еткен 1 сыйлық жылқысын әкелдім, – деді. ... Мен Байхото (?) – Қазыбекке жарты топ жуан жіпті торқа сыйлап, оған қонақасы беріп, қайту жолына салдым» [Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин пат. сауда қат... II т. 2012: 179], – делінген. Қазыбектің Қашқарға бару себебіне келсек, XVIII

¹Манжуше тек этникалық қытайлардан ұйымдастырылған жасыл байрақты армияға тән әскери лауазым.

²Локэлун (罗克伦), манжуша Локлун. Манжу-Цин патшалығы кезіндегі Үрімжінің батысында, Манас өзенінің шығысындағы жердің аты (Қазақ хандығымен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. II т. Б. Еженхан. Алматы. «Дайк-Пресс». 2009. 28-б.).

³Цин патшалығы кезінде қытайлар ортаазиялық отырықшы мұсылмандарды түгел «хуэйцзы» (回子) деп атаған. Ал ұйғырларды шанью хуэйзы (缠头回子, сәлделі хуэйцзы) деп атаған.

ғасырдың орта кезінде Құлжада бір ат 3-4 лян болса, Қашқарда одан бір есе қымбат болатын. Сол кезде Жоңғарияда сатып алынған жылқы Қашқарға айдалатын [Цинская империя...2020: 47.]. Сол себептен, Абылай хан Қазыбекті арнайы Қашқарға жіберіп, алты шахарлықтармен тікелей сауда жасауды ойластырады. Бұл үшін Ежен ханның жаңа келген ұлығымен сөйлесіп оның рұхсатын алуға тура келеді⁴.

Осы құжаттағы «Байхото» деген Қазыбектің фамилиясы ма, жоқ әлде ру-тайпасының атауы ма? Болмаса қатар жазылып кеткен басқа адамның аты ма? Ол жағы белгісіз. Ол туралы мәтінді манжу тілінен аударған Б. Еженхан да ешқандай түсініктеме бермеген. Оның үстіне, 7 жылдан соң Абылайдың тапсырмасымен Қашқарға келген Қазыбек бұдан алдын Үрімжіге барған Қазыбек пе, әлде Басқа Қазыбек пе? Ол жағын кесіп айту тағы да қиын. Дейтұрғанмен, жоғарыдағы Орыс және Қытай деректері Қазыбектің Қожаберген батырмен жақын жүргенін растайды. Орысша мәліметте ол Қожаберген, Аралбайлармен бірге Ресей елшісі Г.Н.Волошинмен кездеседі, манжу тіліндегі құжатта «Қожабергеннің інісімін» дейді және осы екі реткі айтылымға негізделгенде, оның жүрген жері шамамен Ежен хандығының шекарасынан онша шалғай емес жерге тура келеді. Манжу-Цин империясының орда мұрағат қорында сақталған «Тұй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандары туралы мәлімдемесі» деп аталатын манжу тіліндегі құжатта: Цин патшалығының ұлығы «Наван әлі Қазыбектің жерінде екен», «Наван әлі Қазыбектің жерінде болып Абылайға кезіге алмапты» [Еженханұлы Б. 2009: 40-41] деген жолдар кездеседі. Мұндағы «Қазыбектің жері» деген сөзді қазақ ұғымына көшірсек «Қазыбектің ауылы» немесе «Қазыбектің елі отырған жер» дегенге саяды. Яғни, Қазыбектің өз алдына елі, ауылы болған. Бұл әрине, оның өмірінің соңғы он жылында әрекет еткен аумағы. Негізінен Қалба тауының оңтүстік-шығыс беті. Шамамен 1758-1778 жылдары Сәменбет елінің уақытша мекен еткен қоныстары. Бізге мәлім болғандай, Абақ Керейдің Шыбарайғыр руы 1744 жылдардың өзінде Қалбатау өңіріне қоныстана бастаған. Ресейдің Орталық мемлекеттік архивінің көне акттеріне (ЦГАДА) негізделгенде, 1744 жылы Ойрат елшісі Науруз Хазыға еріп Жоңғарияға бара жатқан поручик А.Левашов Чар-Гурбан өзені бойында қазақ ел-ағасы Қожаберген (Ходжи Берди) Батырдың елі көшіп-қонып жүргенін журналына жазып қалдырады [ЦГАДА, ... л. 1039.]. Бұған қарап осы кезде керейлердің өзге рулары, соның ішінде Қазыбек ауылдары да осы маңға келе бастаған деуге негіз бар.

Манжу және қытай ұлықтары әр жолы Қытай шегіне саяси және сауда қарым-қатынасы бойынша барған елшілердің және олардың қосшыларының аты-жөнін толық жазбайды. Жоғарыда біз тілге тиек еткен құжаттағы «Байхото (?)– Қазыбек» деген есім оның кейіптеу мағынасындағы есімі болуы мүмкін. Мысалы, Көкжал Барақ, Мүйізді Өтеген, Салқам Жәңгір, т.б. Қазыбектің жасаған дәуірі және оның Абылайханға жақын адамдардың бірі болғандығын ескерсек, аталмыш құжаттағы «Қазыбектің» біз тілге тиек етіп отырған Қазыбек Сәменбетұлы болуы бек мүмкін. Оның үстіне, XVIII ғасырдың 60-70-жылдарында Шығыс өңірде өмір сүрген әйгілі тұлғалардың ішінде Қазыбек Сәменбетұлынан бөлек Қазыбек есімді

⁴Ман-Цин империясы Жоғария мен Қашқарияны бағындырған соң, Қазақ хандығының Қашқармен тікелей сауда жасауына тосқауыл қойған болатын.

тұлға бола қойған жоқ. Біздің бұл пікірімізді Ресей империясы Омбы округінің 1830, 1850, 1890 жылдары сызылған үлкен масштабтық әскери-топографиялық картасындағы Қазыбектің зираты (бейіті) туралы белгі тіптен орнықтыра түседі. Онда Қалба тауынан ағып шығып Зайсан көліне құятын Көкпекті өзенінің бойында Қазыбек есімді адамның зираты белгіленген. Бұл қазіргі Көкпекті ауданына қарасты Көкжайық, Қарағандыкөл, Қайнар елді мекендерінің маңы.

Қазыбектің Абылай ханға жақындығының бір көрінісі оның ханға арнап мөр-жүзік соғып бергендігі. Ел аузында айтылып келе жатқан дерекке сүйенсек, Қазыбек он саусағынан өнер тамған ұста (зергер) әрі ағаштан түйін түйетін шебер. Бұл оның жау-жаламсыз бейбіт күндердегі сүйікті кәсібі болған. Оның Абылай ханға жүзік соғып бергені жайлы аңыз Алтай керейлерінің ішінде көптен айтылып келе жатқан әңгіме. Бұл оқиға шамамен 1757 жылғы Мамырсу келісімі кезінде болған деседі. Бұдан алдын, яғни, 28 шілдеде Ежен хандығы Абылай ұстап отыр деп күмәнданған Әмірсана Семейге барып Ресейдің қанат астына кірген түйткілді мәселе өздігінен шешілген соң, Қалмақ пен Қазақ және Ежен хандығы арасында Аягөз өзенінің бір саласы болған Батпақсуда жасалған бітімге Көкшетаудан Абылай хан келіп, Ер Жәнібек және басқа да қазақтың игі жақсы, батыр-бағландары қатысады. Бұл келісім қалмақтардың осы жерде қаза тапқан хонтайшысының есімімен «Қандыжап шарты» деп аталса, кейін ел ішінде тыныштық, мамыражай өмір орнады деген ырыммен Мамырсу келісімі деп аталып кетті. Осынау дүбірлі жиынға Жәнібек батырмен бірге Шығысты бетке алған қалың елге басшы болып жүрген Қазыбек те келіп қатысады әрі Абылайға арнап соққан жүзігін сыйлайды.



Абылай ханның мөр-жүзігі

Тарихи деректер Абылайханның екі түрлі мөр жүзігі болғанын дәлелдейді. Оның бірінің көшірмесі Елордадағы Ұлттық музейде тұр. Бұл мөр-жүзік тамшы тәрізді ақ металдан құйылған. Мөрдің бетіне арабша «Абылай бин Уәли Баһадүр сұлтан» деген жазу ойылған. Жазудың сырты жапырақ үлгісіндегі жүрекше екі қатар оюлы сызықпен қоршалған... Өкінішке орай, оның мөр-жүзігінің түпнұсқасы сақталмаған. Ал оның көшірмесін шеберлер құжаттарға басылған мөр арқылы қайта жасап шығарған (<https://www.astana-akshamy.kz/>..., zhuzigi/).

Дегенмен, осы күнге дейін Абылай ханның жүзігін кім соққан деген мәселе күн тәртібіне қойылмаған еді. Алайда, оған жүзік соғып сыйлаған адам ретінде Қазыбек Сәменбетұлы аталатындығы көптен айтылып келе жатқан әңгіме. Халықтың ауызша тарихына сенсек және Қазыбектің зергер болғандығын мойындасақ, онда оның ханға жүзік соғып бергендігін жоққа шығара алмаймыз. Сол кездің игі жақсыларының да осындай көпті көрген шіліңгір ұста, әйгілі зергердің қызметіне жүгінбеуі мүмкін емес.

Қытай дерегінде Абылай ханның мөр-жүзігі туралы айтылады. Бірақ оны кім соққаны туралы емес, әңгіме мөрдің түпнұсқалығы туралы өрбиді. 1762 жылы 24 мамыр мен 21 маусым аралығында қалыптасқан «Қазақтардың ханы Абылайдан келген хатты патшаның назарына жібердім» (манжу тілінде) атты хаттамада былай делінеді: Өлгінде Абылай жіберген Атығайдан сол Абылайдың жазған хатын тапсырып алдық. Сонан соң біз хаттағы басылған мөр Абылайдікі ме, емес пе деп Хожис¹ қатарлыларға оқытып едік, Хожис қатарлылар былай деді: «Біздің мұсылмандардың мөрінде түгелдей өз есімдері жазылады. Алайда осы мөрдегі ойылған жазуларға қарағанда, мұнда Абылайдың есімі байқалмайды. Онда тек «шах сұлтанша хан» деген сөздер ойылған. Өзге бірнеше жазу анық емес, оқи алмадық. Мұнымен қоса, бұрын біз Абылайдың мөрін көрмегенбіз. Сондықтан бұл мөрдің сол Абылайдың мөрі екенін, немесе еместігін біле алмай тұрмыз». Осыған байланысты, біз өзімізде сақталған Цяньлун жылнамасының 25 жылы 12 айдағы Чеңгунжабтың патшаға көтерген мәлімдемесін тауып шықтық. Онда сол жолы Абылай патшаға арғымақ сыйлау мақсатында Жолбарыспен бірге хат жіберген. Біз сондағы басылған Абылайдың мөрі мен осы жолғы хаттағы мөрді салыстырдық. Былай қарағанда екі мөр бір-біріне ұқсап тұр. Дегенмен біз қай-қай жазулары ұқсас деп Байқожа, Хожис қатарлылардан сұрап едік, олар біз білмей тұрмыз деп жауап берді. Осы себептен біз осы жолы Атығай әкелген Абылайдың хаты мен алдыңғы жолы Жолбарыстың әкелген Абылайдың хатын, сондай-ақ, онымен бірге жіберілген [Чеңгунжабтың] мәлімдемесін қосып жіберіп отырмыз. Патша ағызам бұл хаттарды назарынан өткізгей» [Еженханұлы Б. Қазақ хан. мен Цин пат. саяси-дип...2012: 117-118]. Бұдан Абылайдың екі түрлі мөр-жүзігі болғанын межелеуге болады. Бірақ олардың қалай жасалғаны, кім жасағаны әлі де құпия. Біздікі ел ауызында айтылып жүрген аңыз бен жүзікке қатысты тарихи деректі алға тарту және соған байланысты өз ойымызды ортаға салу. Бұл туралы өзге де тың деректер табылып, сүбелі ойлар ортаға салынып жатса құба-құп.

Қазыбектің зергерлігімен қоса, ағаштан түйін түйетін шебер екенін айттық. Оның дәлелі 1736 жылы шілде айында Қазыбектің Жәнібек батырға арнап қайыңның безінен құранды ер жасап сыйға тартқандығы. Ердің ішкі қапталына сол кезде қызыл сырмен «Жәнібек» деп пайдаланушының аты және жасалған уақыты (шілде, 1736 ж.) жазылған. Бұл ертоқым кейін Өр Алтайды барып мекендеген Қазыбектің бір ұлы Тауасар биден тараған Шөдекен Таңғұлдың ұрпағы Байдолла Тұмсықұлының қолында болған. Кейін осы ердің тозған жұқанасы Буыршын ауданынан табылып, шеберлер оны қайтадан жаңғыртып жасап шығады.

Ел аузында Қазыбектің ұрпағы Садық Қараманжыұлы ақын, сал XIX ғасырдың басында Тарбағатайдың Қызыл Кесік, Ақсуат маңында өткен

⁵ Хожис – Қожас болуы мүмкін.

Мұрын Ұлан бай мен Бұлан байдың асына төрт аяғына ақ күмістен жүзік салдырған қара жорға атпен салдық бөсіне келіп, бас бәйге алған деседі. Садық салдық 1919 жылы астын ақ күмістен, екі жағын қызыл меруерт таспен өрнектеп жасаған шақшасы ұрпақтарының қолында болған [Керімбайұлы Т.2013]. Деректерге қарағанда, Қазыбектің Жаңғабыл ұрпағынан тараған Арыстан Мұстафаұлы да атақты зергер болған деседі. Олардан қалған мұраның көбі Қытайдағы ұжымдастыру және «Мәдени төңкеріс» кезіндегі байларды тәркілеу және «көнені қирату» науқаны кезінде жойылған. Алтайда ел билеген Мәми бейсі (1865-1920) бүкіл Жәнтекейдің иесі болып тұрған кезінде ел-жұртқа сауын айтып, Сәменбеттің мұрасын сұратады. Сонда Сәменбеттің үшінші ханымы Бадан (Қазыбектің анасы) тіккен орданың (Сәменбеттің сүйегі шыққан орда) шаңырағында отырған Кенжеәлінің немересі Шотымның үйіндегі мұра заттарды түйеге артып Сарысүмбенің аяғындағы Бітеуіргеде отырған Мәмидің ауылына апарды. Сол барған заттар негізінен батырдың бес қаруы, сауыты, киім-кешегі, белбеуі, кісе оқшантайы, қорамсағы, «өлгенде кеудеме қойыңдар» деп жеті қара жамбыдан құйдырған кесек таза ақ күмісі, қара құман, кілем-кілшесі болған [АҚТМ, 2014:96].

«Қазыбек деген адам темірші әрі қосымша құсбегі болған адам екен... 1943 жылы түкібай Шылғаубай батырдың баласы Сақасын би Қазыбек тұқымынан Тағай зәңгінің үйіне қонып отырып былай дейді: Қазыбек баласы жетеу емес, сегіз. Қазыбектің Қоржынсал атты бір ұлы болған. Ол да сал-сері және алтын-күміс зергері болған. Оның жасаған белбеуін кейін Пекинге алып кеткен⁶. Қазыбек (ауылы) арғы жақтан ауып Сауырға келгенде бұл жер торғауыттардың иелігінде екен. Сауырдың Тасты және Байкүшік деген жеріндегі екі үй моңғол жер қорып, жайлап-қыстап отырады. Жер қорыған моңғолдар аң аулап жүрген Қазыбектің Ақан батыр деген ұлына кезігіп, қайдан келдіңдер? Кімсіңдер? Хандарың бар ма? Хандарыңды көреміз, - деп қайтып кетеді. Ақан батыр ағасы Тауасарға келіп: Ертең моңғолдар келеді, сіз ақ орданың ішінде, ақ киіздің үстінде малдас құрып, айбаттанып отырыңыз! - дейді. Ертеңінде моңғолдар келіп, ақ орданың ішінде малдас құрып отырған Тауасар батырды көріп, айтса айтқандай хандары бар, шағаладай ауылдары мен мыңғырған малдары бар іргелі ел екен деп Тауасар батырға тізерлеп бас ұрып қайтып кетеді» [АҚТМ, 2014: 476-477.]. Әрине, бұл Қазыбек ауылының Қалба тауынан көшкен соң, Алтайдың күн бетіне – Сауыр тауындағы Қанғайдың Қара шоқысы, Жүрек адыр, Сары адыр секілді жерлерді алғаш барып қоныстануы болса керек. Бұл кезде Қазыбектің сүйегі Қалбада қалып, елді оның балалары Тауасар мен Ақан батырлар бастап барады. Осында тілге тиек етілген Қоржынсалдың жасаған кісе белбеуін Пекинге алып кетті деген дерек 1790 жылғы Көгедай бастаған Абақ Керей делегациясының Пекинге барған сапарымен [ААТМ, 2006.-77 б.] байланысты болса керек.

Жалпы алғанда, XVIII ғасырдың 60-жылдарынан соң шығыста жоңғарлардан босап қалған «байырғы қоныстарға» бағытталған қазақ көші қарқын алды. Қазақтар бір жағынан Ежен хандығының жергілікті ұлықтарымен сауда жасап, үйір-айқас бола жүріп, өздерінің шығысқа бағытталған көші-қонын заңдастыруға тырысты. Сөйтіп, реті келгенде жоңғарлардан босап қалған Тарбағатай секілді «ежелгі жерлерін» қайтарып беруді сұрады. Оған жауап ретінде император Цяньлун 1760 жылы маусым-шілде айларында Қазақ Әбілмәмбет, Абылай, Әбілпейіз

және Қабанбайларға «жарлық түсіріп», бұл жерлерді бере алмайтындығын алға тартты [Еженханұлы Б. 2015:36]. Соған қарамастан, қазақ көші тоқтап қалған жоқ. Қазақтар Цин ұлықтарын әр түрлі амал-айламен алдарқатып, өздерінің байырғы қоныстарына лек-легімен көшіп бара берді. Ақыры Ежен хан үкіметі «тыныш отыру» шарты астында олардың «уақытша қоныстануына» рұхсат етті. Қазақтардың Жоңғарияға көшуі Абылай бастаған Қазақ ордасының стратегиялық шешімі еді. Олар Ман-Цин патшалығының мәңгі-бақи өмір сүріп тұратынына және бұл жерлерді уысынан шығармай ұстап отыратынына күмәнмен қарайтын. Тез қимылдап, Іле, Ертіс, Еміл – осы үш өзеннің басына ел қондыруға әрекет етті. Сол қатарда 1762 жылдан бастап Абақ Керей тайпалары Ертісті өрлей көше бастады. Алдымен Қарақас, Молқы, Уақ рулары, одан соң Жәнтекейлер үдіре көшті. Қазыбектің ұлы Тауасар би 1778 жылы Әбілпейіз ордасына барып, оның балалары Көгедай, Жабағы, Сәменді Абақ керей төресі ретінде ұлықтап, еліне алып қайтады. Бұл Абақ Керейдің Ежен хан шегіне көшіп барса да, Қазақ хандығының құзырынан шығып кетпегендігін көрсетеді.

Қорытынды. Демек, Қазыбек Сәменбетұлы Қазақ тарихында көп айтылмай келген тұлғалардың бірі, ол әкесі Сәменбеттен жалғасқан батыр, ел ағасы әрі дипломат, он қолынан өнер тамған шебер. Оның ұрпақтары да оған тартқан әділ би, шетінен шебер ұста болған. Қазыбек Сәменбетұлының тұлғасын, атқарған істерін және өнердегі қолтаңбасын зерттеу тұтас XVIII ғасырдағы Қазақ тарихын тұлға тұрғысынан зерттеп-дерделеуге, жекелеген тарихи оқиғалардың мән-жайын айқындауға көмектеседі. Біз бұл мақалада төмендегідей нақты мәселелерді талқыладық және ол туралы өз пікірімізді ортаға салдық:

–Қазақтың Абақ Керей тайпасында кең тараған «Сәменбеттің Сары үкісі» туралы аңыздың этно-мәдени тегін, сипаты мен мән-маңызын талдадық;

–Ауызша және жазбаша деректерге сүйеніп, Сәменбеттің туған және қайтыс болған жылын нақтылауға тырыстық. Сол негізде ол XVIII ғасырдың бас кезінде туып, 70-тен аса жасап, қайтыс болған деген қорытындыға келдік;

–Ман-Цин патшалығы кезінде қалыптасқан ман-жуша және қытайша деректерде кездесетін «Қазыбектің» XVIII ғасырда Қалба тауы өңірінде көшіп-қонып жүрген Қазыбек Сәменбетұлы екендігін, онда айтылатын «Қазыбек жері» Қалба таудың оңтүстік-шығыс қапталындағы Қазыбектің ауылы, елі екенін атап көрсеттік;

–Қазыбек Сәменбетұлының ұсталық-зергерлік қыры ашылып, ел аузында айтылып келген оның Абылайханға мөр-жүзік соғып сыйлағаны туралы деректің шынайылығын сараладық;

–Қазыбектің ұлдары Тауасар мен Ақан батырдың Өр Алтайға баруы және басқа да ұрпақтарының оның ұсталық, зергерлік жолын қуғаны, кейбірінің жасаған бұйымы Ман-Цин императорына сый ретінде жіберілгені туралы деректерді ортаға салдық.

Біздің бұл еңбегіміз қазақ тарихында, тым құрығында оның белгілі бір бөлігінде өзіндік із қалдырған тұлғаны танып-білу бағытындағы ғылыми-зерттеулердің бір парасы ғана. Оның үстіне, бұл осы жолдар авторының ауызша және жазбаша деректерге негізделген субъективті ойлары мен тұжырымдарынан тұрады. Сондықтан, алдағы жерде жаңа дереккөздерінің ашылуына және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тереңдеуіне байланысты, бұл айтылған ойлар мен тұжырымдар толықтырылуы немесе өзгеріске ұшырауы бек мүмкін.

Қысқарған сөздер:

ААТМ – Алтай аймағының тарихи материалдары
АҚТМ – Алтай қаласы тарихи материалдары
ЦГАДА – Центральный государственный архив древних актов
ҚХСМК – Қытай халық Саяси-мәслихат кеңесі
ҚХР – Қытай Халық Республикасы
СМК – Саяси-мәслихат кеңесі
Abbreviations:
HMAT – Historical materials of the Altai Territory
HMAC – Historical materials of Altai city
CSAAA – Central State Archive of Ancient Acts
PPCCCh – People’s Political Consultative Conference of China
PRCh – People’s Republic of China
PMC – Political-Maslikhat Council.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

ААТМ. ҚХСМК Іле Қазақ автономиялы облыстық комитетінің Алтай аймақтық қызмет комитеті. I топтама.– Алтай қаласы. 2006.400-б.
АҚТМ. ҚХР Саяси мәслихат кеңесі. Алтай қалалық комитеті. IV-VI топтама.– Алтай. 2014. 476-477-66./586 Б.
Еженханұлы Б. Қожаберген батыр. 1756-1767 жылдарда қалыптасқан манжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде.– Алматы. Арыс. 2017. 142-143-бб.
Еженханұлы Б. Құттыбай мен Ақтайлақ. «Ұлы қорған асқан Қазақ елшілері» кітап сериясы. I кітап. Алматы. 2015. 36 б.
Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635-1758. Москва. Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. 1983. –с. 302.
Из истории сношения казахов с Царской Россией в XVIII в.//Красный архив.1936. №5(78), 197, 201 б; КРО-1, 4980-б.
Керімбайұлы Т. Тауасар. Үрімжі. Шыңжан халық баспасы, 2013.
Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. I т. Алматы. «Дайк-Пресс». 2009. – 40-41-бб.
Еженханұлы Б. Қазақ хандығымен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. II т. Алматы. «Дайк-Пресс». 2012. 27-б
Еженханұлы Б. Қазақ хандығымен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. II том. Алматы. 2012. -117-118 бб.
Қайыркен Т.З. Ойратнама. Жоңғар мемлекетінің қалыптасуы, дамуы және жойылуы. Астана. Ғылым баспасы. 2015. -167 б.
Өтегенов Қ.Ж., Жусанбаев Қ. Абақ Керей. Төр шежіресі. Халықаралық Алтай ілімін зерттеу материалдары. III кітап. Куйтунь. Іле халық баспасы. 2008. -257/ 592 б.
Потанин Г.Н. Избранные сочинения в трех томах. – Павлодар: НПФ “ЭКО”, Том 3. (Труды по истории, этнографии и фольклору), 2005. 60-61-бб.)
Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVIII - середины XIX века: Сб. док. и мат-лов / Сост. И. В. Ерофеева, Б. Т. Жанаев, И. М. Самигулин. Астана: ТОО «Общество инвалидов - Чернобылец», 2012. - 758 с. + 10 с. вкл. ISBN 978-601-7185-67-1. 12-б.
Татанайұлы А. Тарихи дерек келелі кеңес. I т., Үрімжі. Синьцзян халық баспасы. 1996. - 155 б
ЦГАДА, Правительствующий Сенат, ф. 248. оп. 113. Д. 383, л. 1039.
Цинская империя и Казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. Сост. Хафизова К. Ш., Моисеев В.А. Нур-Султан. 2020. - с. 47/ 344 С.
Ядринцев Н.М. Маршрут атамана Волошенина в Кульджу в 1771 г.// Известия ИРГО, т.19, - СПб. 1884.– с. 312-315./402 С.)
<https://www.astana-akshamy.kz/ abylaj-hannyng-mor-zhuzigi/>

REFERENCES

ААТМ. QHSMK Іле Қазақ автономиялы облыстық комитетінің Алтай аймақтық қызмет комитеті. I т. [HMAT. PPCCCh Altai Regional

Service Committee of the Ili Kazakh Autonomous Regional Committee.I t.].–Altai city. 2006. P.400[in Kazakh].

AQTM. QHR Saiasi maslihat keñesi. Altai qalalyq komiteti. IV-VI toptama[Council of the Political Maslikhat of the People’s Republic of China. Altai city committee. Series IV-VI].–Altai city. 2014. P. 476-477/ P.586[in Kazakh].

Ejenhanuly B. Qojabergen batyr. 1756-1767 jylarda qalyp-tasqan manju-qytai murağat qujattary negizinde [Kozhabergen batyr. On the basis of Manchu-Chinese archival documents formed in 1756-1767].– Almaty.«Arys». 2017. P.142-143[in Kazakh].

Ejenhanuly B. Quttybai men Aqtailaq. «Uly qorğan asqan Qazaq elşileri» kitap serıasy. I kitap [Kuttybay and Aktaylak. Book series “Kazakh ambassadors of the Great Fortress”. Book I.].– Almaty. 2015. P. 36[in Kazakh].

Zlatkin İ.Ya. İstoria Djungarskogo hanstva. 1635-1758 [History of the Dzungar Khanate. 1635-1758.].– Moscow.Publishing house «Science».The main editorial office of oriental literature.1983. P. 302[in Russian].

Izistorisnoşeniıkazahov s SarskoiRossiei v XVIII v. [From the history of the Kazakhs’ relations with Russia in the XVIII century] //Red Archive.1936. No. 5 (78), P.197, 201; KRO-1, P.4980[in Russian].

Kerimbaiuly T. Tauasar [Tauasar].– Urumqi. Xinjiang People’s Publishing House, 2013[in Kazakh].

Ejenhanuly B. Qazaq handyğy men Sin patşalyğynyn sauda qatynastary turaly Qytai murağat qujattary. I t.[Chinese archival documents on trade relations between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty. I t.].–Almaty.«Dyke Press». 2009. PP. 40-41[in Kazakh].

Ejenhanuly B. Qazaq handyğy men Sin patşalyğynyn sauda qatynastary turaly Qytai murağat qujattary. II t. [Chinese archival documents on trade relations between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty. II t.].–Almaty.«Dyke Press». 2012. P. 27[in Kazakh].

Ejenhanuly B. Qazaq handyğy men Sin patşalyğynyn saısi-diplomatıylyq qatynastary turaly Qytai murağat qujattary. II tom. [Chinese archival documents on political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty. II t.].– Almaty.«Dyke Press». 2012. PP. 117-118[in Kazakh].

Qaiyrken T.Z. Oiratnama. Joñğar memleketiniñ qalyptasuy, damuy және joiyluy [Oiratnama. Formation, development and destruction of the Dzungarian state].– Astana. «Science» Publishing House. 2015. P.167[in Kazakh].

Ötegenov Q.J., Jusanbaev Q. Abaq Kerei. Tör şejiresi. Halyqaralyq Altai ilimin zertteu materialdary. III kitap[AbakKerey. The genealogy of the species.Materials for the study of international Altai doctrine. Book III].–Kuitun. Ili People’s Publishing House. 2008. PP.257 / 592.

Potantin G.N. Izbrannye sochinenia v treh tomah (Trudy po istorii, etnografii i folkloru) – Pavlodar: NPF “EKO”, Tom 3.[Selected works in three volumes. Volume 3. (Works on history, ethnography and folklore)].– Pavlodar: NPF “EKO”, 2005. PP. 60-61[in Russian].

Putevye dnevniki i zapiski rossiiskih chinovnikov i issledovatelei o Kazahskoi stepi XVIII - serediny XIX veka: Sb. dok. i mat-lov / Sost. İ. V. Erofeeva, B. T. Janaev, İ. M. Samigulin. [Travel diaries and notes of Russian officials and researchers about the Kazakh steppe of the 18th - mid-19th centuries: Sat. doc. and materials / Comp. İ. V. Erofeeva, B. T. Zhanaev, İ. M. Samigulin].– Astana: LLP “Society of Disabled People - Chernobyl”, 2012. p.758[in Russian].

Tatanaiuly A. Tarihi derek keleli keñes. I t.[Historical advice. Volume I].– Urumqi. Xinjiang People’s Publishing House. 1996. P. 155 [in Kazakh].

SGADA, Pravitelstvuii Senat, f. 248. op. 113. D. 383, l. 1039. [CSAAA. Government and Senate]. f. 248. op. 113. D. 383, l. 1039[in Russian].

Sinskaya imperia i Kazahskie hanstva. Vtoraya polovina XVIII – pervaya tret XIX vv. Sost. Hafizova K. Ş., Moiseev V.A. [Qing Empire and Kazakh Khanates. Second half of the 18th - first third of the 19th centuries Compiled by Khafizova K. Sh., Moiseev V.A.].–Nur-Sultan. 2020. PP. 47/344[in Russian].

Yadrinsev N. M. Marşrut atamana Voloşenina v Kuldju v 1771 g.// Izvestia IRGO, t.19[The route of Ataman Voloshenin to Kuldja in 1771 // Izvestia IRGO, v. 19.].–St. Petersburg. 1884 .PP. 312-315./402[in Russian].

<https://www.astana-akshamy.kz/ abylaj-hannyng-mor-zhuzigi/>

Еркін АЯҒАН,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан, e-mail: ayagan69@mail.ru

СОҚЫР ЖАЛАҢТӨС БАТЫРДЫҢ ҚАЛМАҚТАРМЕН ШАЙҚАСЫ

Бұл мақалада қазақ жерін қалмақтардан қорғаған Соқыр Жалаңтөс батырдың қазіргі Павлодар облысындағы жерлердегі әскери жорықтары сөз болады. Әсіресе, 18-ғасырдың 20-30-жылдары Баянауыл өңірінде қалмақ шапқыншылығы күшейген кезеңде Соқыр Жалаңтөс батыр қазақ жерінің тәуелсіздігін қорғау үшін қалмақтармен үздіксіз соғысқаны әрі бірнеше әскери жорықтар ұйымдастырғаны кеңінен айтылған. Осы батырдың Баянауыл өңіріндегі әскери жорықтары туралы шежіреші Зейнешов Кәрімжанның жазып қалдырған тарихи қолжазбаларында кеңінен баяндалған. Сондай-ақ осы жазбада Соқыр Жалаңтөс батырдың қазақ жеріне келген жаулардан қазақ елін, жерін қорғау үшін қазақ халқын бір тудың астына қалай біріктіргені талданып берілген. Қалмақтармен соғыста қазақтың оны әскери қолбасшы – сардар сайлап, елі үшін шайқаста көзсіз батыр атанғаны туралы және қалмақ мергенінің оғы тиіп, соқыр Жалаңтөс батыр атанғаны баяндалған. Осы жасалған жорықта соқыр Жалаңтөс батыр жеңіске жетіп, қалмақ қонтайшысы келісімге келіп, Жалаңтөс батырдың соқыр көзінің құнын төлеу үшін өз қызын бергені туралы айтылады.

Тірек сөздер: Жалаңтөс, батыр, соқыр, қалмақтар, қазақтар, қазақ жері, Павлодар облысы, Баянауыл, жорықтар, соғыс, әскер, қолбасшы, шежіре, қолжазбалар.

Еркин АЯҒАН,
Карагандинский университет им.Е.А. Букетова,
г.Караганда, Казахстан, e-mail: ayagan69@mail.ru

БИТВА СЛЕПОГО ЖАЛАНТОСА БАТЫРА С КАЛМЫКАМИ

В статье рассказывается о военных походах Сокира Жалантоса батыра, защищавшего казахскую землю от калмыков на территории нынешней Павлодарской области. Особенно в Баянаульском районе в 20-х и 30-х годах 18 века, когда усилилось нашествие Джунгарии и Калмыкии, слепой Жалантос батыр постоянно воевал с калмыками и организовал несколько военных походов для защиты независимости казахской земли. Летописи Зейнешова Каримжана о военных походах слепого Жалантоса батыра в Баянаульский район широко описаны в летописях. Поэтому калмыцкие войны и походы этого слепого Жалантоса батыра объединили казахский народ под одним знаменем, чтобы защитить казахскую землю от врагов, пришедших на казахскую землю. Говорят, что калмыки выбрали Сардара командующим армией на войне и стали слепым героем своей страны и слепым Жалантос батыром из калмыцкого снайпера. В этом походе победил слепой Жалантос батыр, калмыцкий царь договорился, и царь отдал свою дочь в оплату за слепой глаз Жалантос батыра.

Ключевые слова: Жалантос, батыр, соқыр, калмыки, казахи, казахская земля, Павлодарская область, Баянаул, походы, война, войско, полководец, генеалогия, рукописи.

Yerkyn AYAGAN,
Karaganda State University named after Y.A. Buketov,
Karaganda, Kazakhstan, e-mail: ayagan69@mail.ru

THE BATTLE OF THE BLIND ZHALANTOS BATYR WITH THE KALMYKS

The article tells about the military campaigns of Sokir Zhalantos batyr, who defended the Kazakh land from the Kalmyks on the territory of the present Pavlodar region. Especially in the Bayanaul region in the 20s and 30s of the 18th century, when the invasion of Dzungaria and Kalmykia intensified, the blind Zhalantos batyr constantly fought with the Kalmyks and organized several military campaigns to protect the independence of the Kazakh land. The chronicles of Zeinshov Karimzhan about the military campaigns of the blind Zhalantos batyr to the Bayanaul region are widely described in the annals. Therefore, the Kalmyk wars and campaigns of this blind Zhalantos batyr united the Kazakh people under one banner to protect the Kazakh land from enemies who came to the Kazakh land. They say that the Kalmyks chose Sardar as the commander of the army in the war and became the blind hero of their country and the blind Zhalantos batyr from the Kalmyk sniper. In this campaign, the blind Zhalantos batyr won, the Kalmyk king agreed, and the king gave his daughter in payment for the blind eye Zhalatos batyr.

Keywords: Zhalantos, batyr, sokyr, Kalmyks, Kazakhs, Kazakh land, Pavlodar region, Bayanaul, campaigns, war, army, commander, genealogy, manuscripts.

Кіріспе. Кеңес Одағы кезінде қазақ тарихын зерттеуге шек қойылып, ашық жазуға мүмкіншілік болған жоқ. Қазақ тарихының ерекшелігі әкеден балаға әр рулар тарихын жеті атаға дейін ұрпақтан ұрпаққа жатқа айтып, жалғастырып отырған.

Сондықтан атам қазақ төл тарихын жас ұрпаққа ауызша қалдырған. Яғни қазақ қоғамында тарихи оқиғалар мен құбылыстарды ұрпақтан ұрпаққа тарихи жыр-дастандар, аңыз-әңгімелелер, шежірелер, жер-су аттары арқылы ауызша тарихпен жеткізіп отыр-

ған. Нақтылап айтсақ, төл тарихтың жеткізушілері – көне көз қариялар, ақсақалдар, көкірегі ояу, көзі ашық аталар мен әжелер, дана, ойшыл, данышпан адамдар.

Төл тарихтың өте көнеден басталатынын ғалымдар Кляшторный мен Сұлтанов «Казахстан летопись трехтысячелетий» еңбегінде атап өтіп, қазіргі қазақтың ата-бабалары көшпенді мемлекеттер мен империялар Арилар елі, Сақтар (Скиф), Ғұндар, Түркілер, Шыңғыс хан және т.б. мемлекет болғанын дәлелдейді [1]. Антрополог ғалым Оразақ Сымағұл еңбегінде осы жерде қазақтың ата-бабалары тұрғанын дәлелдейтін төрт мың жылдық тарихы бар екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді [2]. Осы ата-бабаларымыздан қалған қазақ жерін 17-18 ғасырда қалмақтардан қорғап, аты аңызға айналған Соқыр Жалаңтөс батыр туралы біраз тарихи еңбектер жарық көрді. Соның бірі – 2014 жылы шыққан «Жалаңтөс батыр» еңбегі [3].

Енді 170 жылдан кейін тәуелсіздігімізді қайта алғанда қазақ тарихына бетбұрыс жасалып, Елбасымыздың жолдаулары мен мақалалары бастау болып жатыр. Сондықтан Қазақстанның «рухани жаңғыруы» – тарихи құндылықтарды және жазылмаған тарихымызды жарыққа шығару.

Материалдар мен әдістер. Қазақ пен қалмақ соғысындағы Соқыр Жалаңтөс батыр халық арасында ерлігімен аңызға айналып, ұрпақтан ұрпаққа көнекөз қариялардың әңгімелері мен жырлары арқылы жетіп келгені тарихи шындық. Алайда осы батырдың тарихы жарыққа шықпай қалған. Сондықтан Соқыр Жалаңтөс – Қазақстан тарихы ғылымында тарихи бағасын ала алмаған батырдың бірі. Ол туралы көнекөз қария, белгілі жыршы, ақсақал шежіреші Зейнешов Кәрімжан атамның 20-ғасырдың 80-90-жылдарының басында осы жолдардың авторына айтып қалдырып кеткен тарихи аңыз-әңгімесіне сүйендік.

Талдау. Бұл соғыста Қаракесек-Майқы би руы Сарым Жансары (Құлық деп шикі сары болғандықтан жеңелері атаған) Жалаңтөс батыр қалмақтың батырымен жекпе-жекке шығып, нағыз әскери шеберлігін көрсетіп, жауын жеңеді. Бұдан соң Малайсары, Жасыбай, Олжабай батырлар бастаған халық осы шайқас болған тау асуын «Жалаңтөс батыр асуы» деп атап, тастан белгі қойып, халық арасында аңызға айналғанын және бұл айтқандары Баянауылға барғанда басқа көзі ашық ақсақалдар тарапынан расталғанын шежіреші Зейнешов Кәрімжан айтады. Ол кісі Жалаңтөстің Қарағанды жеріндегі Қаракесек Сарым Жалаңтөс батыр екенін дәлелдеп берген. Оған қоса тарихи факті ретінде дәлел – Қарағанды қаласының жанында Соқыр өзенінің жағасындағы төбеде Соқыр Жалаңтөс батыр мазары орналасқан. Ал Павлодар облысынан Жалаңтөс батыр шықпаған. Ендеше Соқыр Жалаңтөс батыр Павлодар облысында туған деген пікір тарихи шындыққа сәйкес келмейді. «Қазақ халқының қаһармандары» жинағында (Павлодар қаласы. 1991. 60 бет) [4] Павлодар облысынан шыққан барлық батырлар берілген, оның ішінде Жалаңтөс батыр деген мүлде жоқ. Мен де қазақ батырларын зерттеуші ретінде мұны теріске шығарамын. Өйткені 1996-1997 жылы тарих факультетінде оқығанда дипломдық

зерттеу тақырыбым «Батырлар тарихы» туралы болып, ғылыми жетекшім профессор Артықбаев Жамбыл ағамыз маған батырлар тарихын айтып, мына жоғарыдағы Павлодар облысынан шыққан тарихи еңбекті ұсынып, ғылыми кеңес берді. 18-ғасырдағы Жалаңтөс батырдың тарихи шындығы мен ақиқаты, туған жері, Қарағанды облысындағы жазғы жайлауы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл өңірімен шекаралас жатқаны тарихтан белгілі. Сондықтан Қарағанды қаласының жанындағы оңтүстік шығыс жағында Соқыр өзенінің бойы мен Сораң (қазіргі Саран қаласы орналасқан), Майлыбұлақ (Майқұдық), және т.б. өңірлерді жайлаған Жалаңтөс батыр Павлодар облысы Баянауыл өңіріндегі қалмақтармен шайқастарға қатысып, соғыста жекпе-жекте жеңіп, ерлігі үшін халық тастан белгі қойылған. Осы Баянауыл өңіріндегі биік асуларға орналасқан қалмақтың қамалын Жалаңтөс батыр бұзып, ерлік жасағанына орай Малайсары батыр, Олжабай батыр және тағы батырлар мен сарбаздар көзсіз жаужүрек Жалаңтөс батыр деп халық арасында аңызға айналған. Батырлығын бағалаған халық Баянауыл өңіріндегі қалмақ қамалының биік асуын «Жалаңтөс батыр» асуы деп атап халық арасына тараған. Тіпті осы өңірде Жалаңтөс батырды көзсіз жаужүрек батыр екенін бағалаған халық өз балаларын Жалаңтөс деп ат есімдерін қойғаны туралы көптеген көнекөз ақсақалдар әңгімесінде аңыз қылып айтады.

Зерттеу нәтижелері. Бұл тарихи оқиға 18-ғасырдың 20-30-жылдары арасында қазіргі Қарағанды жерінде Арғын, Қаракесектен тарайтын Сарым, Құлық (Жансары) Жалаңтөс батырдың жазғы жайлауында Соқыр өзеніндегі шайқаста болса керек. Осы шайқаста Жалаңтөс батыр соқыр болып, соның құнын төлету үшін қол жиып, қалмаққа қайта шабуыл жасайды. Қалмақтың Қалдан Церен қонтайшысының ордасы ол кезде қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Жасыбай көлінің маңайында болыпты. Қонтайшыға көзінің құнын төлету үшін Жалаңтөс батыр қолы шабуылға аттанады. Бұл шабуылға қалмақтардан зардап шеккен көршілес Баянауыл өңіріндегі Жасыбай, Олжабай, Малайсары сынды бірқатар батырлар бастаған сарбаздар қосылып, Жоңғар басқыншыларына аяусыз соққы береді. Қалмақ қырылған шайқасы шамамен 18-ғасырдың 30-жылдары болған.

Ел қамы, халық үміті жігерлендірген Олжабай батыр Ақтау, Ортау, Қоянды, Қарқаралы, Қызыларай, Қаратал тау өңірлерінде жауға қарсы шабуылға шыққанда Жалаңтөс батыр, Жасыбай бастаған қол қалмақтың Қалдан Церен қонтайшысы орда құрған Баянауылды азат етуге аттанады. Жасыбай жасағы Ақкелін, Көкдомбақ тауларының түбінде қалмақтың он мың қолдық негізгі күші саналатын әскерін күйрете жеңгенде Жалаңтөс батыр ерекше ерлік көрсеткен.

Қалдан Цереннің әскери бекінісіне үш бағытта шабуылжасау жоспарланады. Әскери штаб басшысы сардар Жалаңтөс батыр басқа батырлармен кеңесіп, осылай шешеді. 1. Сол қанаттан жауға кездейсоқ шұғыл шабуыл жасайтын Жидебай батыр бастаған әскер жасақталады. 2. Оң қанатта Қаракесекпен

көршілес рулар батырлары, оның ішінде қазіргі Баянауыл өңірінен Малайсары, Жасыбай және т.б. батырлар қолы қалмақ қонтайшысының бекінісін қоршап алу бағытын ұстанып, шабуыл жасады. 3. Орталықтанған садақшылар мен төтеден тікелей әскери шабуылды Жалаңтөс батыр өзі жасады. Қалдан Цереннің солтүстік шығыстағы үш қабаттан тұратын әскери бекінісіне шабуыл үш күнге созылып, үшінші күні Жалаңтөс батыр ортадан «Аруақ» деп айқалап бекіністі бұзып кіргенде қалмақтың жаужүрек батыры Жалаңтөс батырды жекпе-жекке шақырады. Бұл жекпе-жек айқаста Соқыр Жалаңтөс батыр ақбоз атымен қалмақ батырын ат үстінен жұлып алып өлтіргенде Қалдан Церен бейбіт келісімге келуді сұрап, енді шабуыл жасамаймыз деп уәде беріп, екі тұлпар мен он мың жылқы сыйлап, Соқыр Жалаңтөс батырдың көзінің құнына өзінің Ақсұлу деген ең сұлу қызын берген. Сөйтіп Соқыр Жалаңтөс батырдың көзінің құнына әкелген қалмақтың патша қызы Ақсұлу батырдың үшінші әйелі болып, қазір үрімбұтақ тараған ұрпақтары бар. Осы Павлодар облысындағы қазіргі Жасыбай асуы бұрын «Жалаңтөс батыр асуы» деп аталған. Сондықтан Жасыбай атауынан бұрын Жалаңтөс батыр асуының аталуының себебі мынада деп көнекөз қария атамыз Зейнешов Кәрімжан айта аңыз әңгімесін жалғастырамыз. Жоғарыда айтылған Соқыр Жалаңтөс батырдың көзінің құны үшін қалмақтарға жасаған жорық соғыста қалмақ батырмен жекпе-жекке шығып, оны жеңіп, шайқастағы ерлігі үшін және Жалаңтөс батыр жеңіске жеткен жерге «Тас белгісін» қойып «Жалаңтөс батыр асуындағы шайқас» деп халық атап кеткен. Ал Соқыр Жалаңтөс батырдан басқа Павлодар облысында Жалаңтөс батыр жоқ. Ендеше жоғарыдағыдай пікірлер тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Бұл асуды кейіннен Жасыбай асуы деп атап жүр. Өйткені Жалаңтөс батыр жорығынан кейін 18-ғасырдың 40-50- жылдарында Жоңғария хандығы күшейіп, қалмақтар Абылай хан тұсында қазақ жерін, әсіресе, «Сарыарқа» өңірлерін жаулауы жиілей бастады. Осы кезде қазір айтып жүрген Баянауыл өңіріне Жасыбай көлінің маңындағы Қалдан Церен патшалығының солтүстік шығыс әскери бекінісін біржолата жоюды басты әскери нысанаға алып, Абылай хан бірнеше әскери жорықтар жасаған. Абылай хан бұл шабуылдарда әр рулардан батырлардан әскери қолбасшылары мен сардарлар біріктіріп орталықтанған әскери басты ордасын құрып, әскери Орда арқылы көшпенділер соғыс тактикасы мен стратегиясын жасап, қалмақтарды қазақ жерінен біржолата қуып шығуды мелекеттік деңгейде шешкен. Осы Абылай ханның әскери қолбасшылар мен сардарының ішінде Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Олжабай батыр, Малайсары батыр, Баян батыр, Жалаңтөс батыр, осы жорыққа Жалаңтөс батыр өзімен бірге Жібек әйелінен батыр болып туған баласын құла тұқымдас жылқыдан туған «құла тұлпар» атының сауыт сайманын кигізіп, басына дулығасы мен темір ақсауытын киіп Алтай батыр қалмақтар батырымен жекпе-жекке шығып, соғыс алаңында «жеке батыр» ержүректігімен ат үстіндегі «Батырдың бес қаруын» және әскери өнер меңгергенін ерлікпен көрсетіп, ержүрек

батыр екенін дәлелдеген. Бұл соғыста елмен бірге Алтай батыр да болғаны У.Шоқанның «Батырлар туралы» еңбегінде және академик М.Қозыбаев ғылыми еңбектерінде айтылған [5].

Жоңғарларға қарсы күрестерде Соқыр Жалаңтөс батырдың ерлігі мына шайқастарда айқын көрінеді: 1724 жылғы Түркістан қаласын қорғау шайқасы, 1725 жылғы әйгілі Алакөл шайқасы, 1720-1725 жылғы Соқыр өзен шайқасы, 1729 жылғы қазіргі Жамшы өзенінің маңындағы шайқас, Балқаш көлінің оңтүстік өңіріндегі қол жеткен жеңістер, сексен күнге созылған Шорға шығар соғысы, біржарым жылға созылған Шаған шайқасы, 1730 жылы жоңғарлардың Іле өңіріне дейін қуылуы, одан әрі басқа деректерде басқа да шайқастарға қатысып, қазақ жері мен елін қорғау үшін ұзақ жылдар бойы уақытын соғыста өткізгені тарихтан мәлім. Соқыр Жалаңтөс батыр туралы тарихи аңыз-әңгімелер мен шежірелерді Зейнешов Кәрімжан атамыз қалдырғанын жоғарыда айттық [5].

Қорытынды. Соқыр Жалаңтөс батырдың қазақ пен қалмақ соғысындағы батырлығын және әскери жорықтарды шежіреші Зейнешов Кәрімжан өзінің тарихи қолжазбаларында 20-ғасырдың 80-90-жылдарының басында тарихи аңыз-әңгімесін, ойы мен дерегін маған айтып қалдырып кеткен. Осының барлығы бүгінгі мақалада шама-шарқымызша бір жүйеге түсіріліп, оқырманға ұсынылып отыр. Әр өңірлердегі осындай соғыстар мен шайқастар әлі де толық зерттеліп, ғылыми тарихи талдау жасауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

С.Г.Кляшторный Т.И.Султанов. Казахстан летопись трех тысячелетий. Алматы, «Рауан» 1992, С.19.

О.Смағұлов, А.Смағұлова. Происхождение казахского народа. Астана-2018.

Жалаңтөс батыр (жинақ). Алматы. – 2014. 134-б.

Қазақ халқының батырлары (жинақ). Павлодар. 1991. 60-б. У.Шоқан. «Батырлар туралы» еңбегі; М.Қозыбаев. Жауға шаптым Ту байлап. Алматы, 1995. 85-бет.

Зейнешов Кәрімжан. «Құлық Соқыр Жалаңтөс батыр шежіресі мен тарихи қолжазбалары» (20-ғасырдағы 80-90-жылдардағы қолжазбалар).

REFERENCES

S.G. Klyashtorny T. I. Sultanov. Kazakhstan letopis treh tysyacheletii [The Kazakh chronicle of three millennia].– Almaty, “Rauan”, 1992, p. 19 [in Russian].

Smagulov O., Smagulova A. Proishozhdenie kazahskogo naroda [The origin of the Kazakh people].– Astana, 2018. [in Russian].

Jalangtos batyr (Jinaq). [Zhalantos batyr (collection)].– Almaty, 2014. p. 134. [in Kazakh].

Qazaq halqynyñ batyrlary (jinaq). [Heroes of the Kazakh people (collection)].– Pavlodar, 1991. 60 p. [in Kazakh].

U.Şoqan. «Batyrlyr turaly» eñbegi; M.Qozybaev. Jauğa şaptym Tu bailap. [In the work of U. Chokan “About Heroes” and academician M. Kozybaev, I tied a banner and attacked the enemy].– Almaty, 1995. page 85 [in Kazakh].

Zeyneshov Karimzhan. «Qūlyq Soqyr Jalañtös batyr şejiresi men tarihi qoljazbalary» (20-ǵasyrdaǵy 80-90-jyldardaǵy qoljazbalar). [Chronicles and historical manuscripts of the behavior of the blind Zhalantos batyr] (manuscripts of the 80-90 - ies of the twentieth century) [in Kazakh].

FTAХР/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Мағжан ҚАРАМЕНДИНА,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
E-mail: Karamendina70@mail.ru, Алматы қ., Қазақстан

ХАН КЕНЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІРЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада әйгілі Абылай ханның немересі Кенесары Қасымовтың саяси өмірі, ол бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы, патшалық Ресейдің әскери экспансиясына қарсы тұруда хан Кененің қырғыздарды бірлесе күресуге шақыруы, алайда олардан қолдау таппай, отарлаушылардың құрған қақпанына екі халықтың (қазақ, қырғыз) да бірдей жем болып, арандап қалуы туралы, сондықтан отаршылдыққа қарсы күресте қазақ-қырғыз бірлігінің маңыздылығын дәлелдеп, әйгілеу мәселесі жазылған. Сондай-ақ бұл мақалада Кенесары туралы ақын-жазушылардың (М.Көпеев, Нысанбай, М.Жұмабаев, Д.Әлімбаев және жырау, т.б.) пікірлері, Кенесарының фольклорлық мәтіндерде сипатталуы, оның көшпелілердің арасында сыйлы тұлға екендігі жазылған.

Түйін сөздер: Кенесары, хан, қазақ, қырғыз, бірлік, ұлт-азаттық, қозғалыс, саясат, патша үкіметі, отаршылдық, көтеріліс, орыс империясы, батыр, тұлға.

Мағжан ҚАРАМЕНДИНА,
магистр педагогических наук,
Институт истории и этнологии им. Ч. Валиханова.
E-mail: karamendina70@mail.ru. Алматы, Казахстан

ХАН КЕНЕ И ЗНАЧИМОСТЬ КАЗАХСКО-КИРГИЗСКОГО ЕДИНСТВА

Аннотация. В этой статье рассказывается о политической жизни Кенесары Касымова, национально-освободительном движении казахского народа во главе с ним, о призыве хана Кене к совместной борьбе с киргизами в противостоянии военной экспансии царской России, но не находит у них поддержки, о том, что в ловушке, созданной колонизаторами, как добычи окажутся оба народа (казахский, киргизский), поэтому речь идет о демонстрации важности казахско-киргизского единства в борьбе с колониализмом. В этой статье также изложены мнения поэтов и писателей о Кенесары (М. Жумабаев, Д. Алимбаев, М. Копеев, Нысанбай), описание Кенесары в фольклорных текстах, так же о том что Кенесары в том же понимании, что он является выдающейся личностью среди кочевников.

Ключевые слова: Кенесары, хан, Казах, Киргизия, единство, национально-освободительное движение, политика, царское правительство, колониализм, восстание, русская империя, герой, личность.

Magjan KARAMENDINA,
Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
E-mail: karamendina70@mail.ru. Алматы, Казахстан

KHAN KENE AND THE SIGNIFICANCE OF THE KAZAKH-KYRGYZ UNITY

This article tells about the political life of Kenesary Kasymov, the national liberation movement of the Kazakh people led by him, about the call of Khan Kene to fight together with the Kyrgyz in opposition to the military expansion of tsarist Russia, but without their support, that both peoples (Kazakh, Kyrgyz) will be into the trap created by the colonizers, so we are talking about demonstrating the importance of Kazakh-Kyrgyz unity in the fight against colonialism. This article also contains the opinions of poets and writers about Kenesary (M. Zhumabayev, D. Alimbayev, M. Kopeev, Nysanbai), the description of Kenesary in folklore texts, as well as that Kenesary is an outstanding personality.

Keywords: Kenesary, Khan, Kazakh, Kyrgyzstan, unity, national liberation movement, politics, tsarist government, colonialism, uprising, Russian Empire, hero, personality.

Кіріспе. Кенесары Қасымов 1802 жылы Көкшетауда дүниеге келген. Ол – атақты Абылай ханның немересі, өз әкесі – қалмақ қызы Топыш ханымнан туған Қасым сұлтан. Кенесары хан туралы А.И. Добросмыслов: «Бұл сұлтан жігерлі, қайратты, батыл, табанды, сонымен қатар, асқан ақыл иесі» деген болатын. Расында Кенесары Қасымов қазақ халқы үшін ірі тұлғалардың бірі, сондықтан оның қол астындағы сарбаздарымен бірге атқарған елеулі

еңбегін зерттеп, оның есімін қайта жаңғырту бүгінгі біздің төл тарихымыздағы өзекті мәселелеріміздің бірі.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын интернет сайттарындағы мәліметтер, ақын-жазушылардың пікірлері, сонымен қатар осы тақырыпта жарияланған материалдар мен көркем әдебиеттер құрайды. Сонымен қатар кейінгі жылдары ұлт-азаттық

көтерілістің саяси бағасын анықтау жолында жарияланған материалдар пайдаланылды. Мақаладағы ғалымдағы тарихилық, баяндау әдістері қолданылды.

Талдау. Қазақ тарихында Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық күресіне қатысты жазылған еңбектер өз алдына бір төбе. Кезінде егемендігімізді алғанға дейін де кеңестік идеологияға бейімдеп жазылған еді. Бүгінгі күні де Отандық тарихшыларымыз осы тақырыпта қалам тартып, бұрынғы айтылмай кеткен, бұрмаланған тұстарды қайтадан жаңғыртуға ат салысып жатыр. Бұл тақырып төңірегінде көрнекті ғалымдарымыз: Е.Бекмаханов, Ж.Артықбаев, С.Мәжитов, З.Қабылдинов, М.Қойгелдиев, Ж.Таймағамбетов және т.б. тарихшы ғалымдар, филология саласы бойынша М.Көпеев, Ш.Ыбыраев, С.Қасқабасов, Ә.Дилебаев, т.б., қырғыз зерттеушілері Б.Солтоноев, З.Осоров, Э.Турсунов, т.б. қалам тартты және өз еңбектерін ұсына отырып, біздің еліміз үшін хандар тарихының, оның ішінде хан Кене мәселесінің әлі де маңызды екенін атап өтті.

Зерттеу нәтижесі. Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы (1837-47) Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыс. Кенесарының ойы Абылай ханның тікелей тұқымдары билеген Ұлы жүзге барып, патша үкіметіне және Қоқан ханына қарсы күресте қолдау табу еді. (Қасымбаев, 2002: 502). Қазақтар мен қырғыздардың өзара байланысы Қоқан хандығы мен патшалық Ресейдің текетіресі барысында да күрделене түсті. Патшалық Ресейдің әскери экспансиясына қарсы тұруда Кенесары хан қырғыздарды бірлесе күресуге шақырды. Алайда, Кенесары ханның мұндай ұсынысы қырғыздар тарабынан қабылданбай, оның соңы екі халықтың қақтығысына соқтырды. Сондықтан Кенесары көтерілісінің ең бір қасіретке толы кезеңі – көрші қырғыз халқымен соғысы. Бұл кезең туралы нақтылы тарихи деректерден гөрі алыпқашпа сөздердің басым екендігі бірден көзге түседі. Бірақ Кенесарының қырғыздарды көтеріліске тартып, патша үкіметіне қарсы бірлесіп күресіп болғаны анық. Бұл мақсатына жете алмаған Кенесарының қырғызбен соғысқаны да рас. Ш.Байділдин: «Кенесарының қайғылы қазасы жайлы әртүрлі тақырыпта қалам тартып болжам жасаған тарихшылар көп. Әрқайсысы әртүрлі болжам айтады. Негізінен қырғыз халқымен араздық Наурызбай батырдың «Топжарған» атты тұлпарын ұрлаудан басталған», – дейді (Байділдин, 2013:4).

Тарихи деректерден ұғатынымыз: Кенесарының басқан қадамын аңдып отырған орыс империясы көтерілісті өзінің қалаған арнасына салып жіберу үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бақты. Атақты А.Янушкевичтің күнделігінде айтылатын генерал-майор Вишневскийдің бар мақсаты – Ұлы жүз қазақтарын тездетіп ант алып, реті келсе оларды қырғыздармен қоса Кенесарыға қарсы қою еді. Бұл мақсатына жетті де. 1846 жылы тамыздың 23-інде Лепсіде Ұлы жүз билері мен сұлтандарының Вишневскийдің ықпалымен қол қойған келісім-қағазында «Біздің жерімізге келген Кенесары Қасымовты дұшпанымыз деп білеміз және оның іс-әрекеттері туралы мәліметтерді тез арада хабарлап тұруды міндетімізге аламыз» деген сөздер жазылды (Қазақстан Орталық мемлекеттік архиві; 374-қор, 5085 іс, 5-бет). Бұл саясаттың нәтижесінде Сүйік Абылайханов, Әли Әділов сияқты ықпалды шонжарлар Кенесарыға қарсы ашық жаулық ниетінде болса, енді бір бөлігі (Рүстем сұлтан, Сыпатай Әлібеков)

сынаптай саясат ұстады. Кенесары көтерілісін өзінің елдік мүддесімен бірлестіре қараған Саурық, Байсейіт, Сұраншы сияқты батырлар көтеріліс жағына шықты (Ыбыраев, 2017:104). Сондықтан хан Кене бірден үш жаққа: орыстарға, қырғыз манаптарына және Қоқан хандығына қарсы шығуға тырысып, саны азайған көтерілісшілері әлсіреп қалды, сұлтан сословиесінің арасында ауызбірлік және үйлесімді іс-әрекет болмады. Әрине, қырғыз халқы жағынан бұл жер-суын қорғаған әділетті соғыс болды. Алайда мұны отарлаушыларға қарсы Ұлт-Азаттық қозғалыс деп айту қиын. Себебі, біріншіден, қырғыздар бұл кезде Қоқан ханының боданы болатын, сондықтан бір ханға тәуелді бола тұрып, екінші ханға қарсы тәуелсіздік үшін күресудің жөні жоқ. Екіншіден, осы соғыстың басы-қасында болған ірі манаптар қырғыз халқының ардақтаған батырлары, азаттық үшін алысқан ерлері емес. С.Мәжитов: «Ол (Кенесары) қазақ елін сақтап қалу үшін күресті. Тактика бойынша Кенесары қырғыз манаптарымен келісімшартқа отырып, Қоқанға қарсы шықпақ болды. Ал, екінші, Бекмахановтың айтуынша, Кенесары қырғызға қарсы шыққан кезде наразылықты қырғыз манаптарынан ғана күтті», – дейді (Мәжитов, 2011:14). Қырғыз тайпаларын дау-дамайға тарту, бұл мәселені шешуге Ресей әкімшілігінің мүдделі болуы қырғыз ақсүйектерінің өкілдерімен тығыз байланыс жасауға жағдай туғызды. Қырғыз ақсүйектерінің өзі де құдіреті күшті солтүстіктегі көршінің қамқорлығында болуға тырысып жүрген еді; Осы мәселені қозғай отырып, манаптар қазақ сұлтанымен күрестегі өз рөлін баса көрсеткен. Қазақ сұлтанының өзіне аса қолайсыз жағдайда мүмкіншілігі шектеулі кезеңде қырғыз тайпаларымен дауласуы өзі үшін сөзсіз аса қатерлі қадам болды (Қабылдинов, 2018 :89). Осылай отарлаушылардың құрған қақпанына екі халық та жем болып арандап қалды. Көтерілісті басу царизмге қолайлы жағдай туғызды: қырғыздардың жеріне, Жетісуға және Оңтүстік Қазақстанға кең көлемді экспансияға жол ашты. Бұхара, Қоқан және Хиуа жерін қаратып алуға мүмкіндік туды.

Демек, 1847 жылы қырғыздар қолына түскен Кенесары ханның тағдырына орыс отарлық билік орындарының арнайы жіберген тыңшыларының кеңесі де кері әсерін тигізбей қоймады. Е.Бекмаханов: «Кенесарының қатыгездігін оның шыққан ортасымен, сол ортаның нормаларының оның идеологиясына және күрес әдісіне әсер етуімен түсіндіруге болады. Алайда дәл сол феодалдық күрес әдісі Орман мен Жантайдың Кенесарыға қарсы күрес барысында қырғыз халқын біріктіруге көмектесті. Кенесары Қырғызстанда манаптар жасағымен соғысқан жоқ, қырғыз халқымен соғысты, сол оның түбіне жетті», – дейді. Кенесары ғұмырының түйіні – не мақсатқа жету, не сол жолда мерт болу-тын. Кенесарының қолға түсуінің негізгі себебі – соғыста жаудан қашқан хан бола алмайды. «Сайдан шыққанымыз – майданнан шыққанымыз, қашқанымыз. Қашсам мен хан емеспін» деушілігі болу керек (Дилебаев, 1998: 6). Оқиганың ішінде болған адамдарды көріп, әңгімелерін өз аузынан естіген Тілемес ақын:

*Халықтың қамын ойлап Кене келген,
Ілесіп қалың Дулат түгел ерген.
Соғысып ақ патшаның әскерімен,
Іленің жағасында Шаншар өлген,* – дейді (Әлімжан, 2011:3).

«Отан қорғау – ардың ісі» деп санаған хан Кене – Алаш ақыны Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» атты поэмасының бас кейіпкері. Расында, хан Кенеге арнап ақын-жазушылардың шығарған

еңбектері аз емес қой. Атақты француз жазушысы Жюль Верннің қазір «Жамбыл» журналы жариялай бастаған «Кенесары» романынан бастап, дастандар да, ғылыми зерттеулер де, көркем шығармалар да баршылық. Нысанбайдың «Кенесары–Наурызбай» дастаны, Кенесарытанудың негізін қалаған ғұлама Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қара мес» атты еңбегі, Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» поэмасы, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының «Наурызбай–Ханшайым», т.б. Қанша жауыққанмен революцияға дейінгі орыс тарихшылары орыс әскерімен теке тірескен Кенесарыдай сұлтанның биік парасатын, көзсіз ержүректігін мойындап, орыс журналдары арқылы төрткүл дүниеге мәшһүр етті. Мәселен Орынбор қаласының мәрі Н.Серета: «Кенесары өз сарбаздарының кемеңгер көсемі бола білді. Оның жасақтарының лапылдаған биік рухына еуропалық қолбасшылардың қай-қайсысы да қызғанышпен қараған болар еді», – дейді. Ал орыс армиясының генералы В.Потто оны сайын даланың жеңілуді білмейтін сайыпқыран қолбасшысы, дала көкжалы атаған. «Түркістан тарихының» авторы Н.Павлов: «Кенесары өзінің бітім-болмысында қажымайтын-талмайтын Дала батырларының типіне жатады: ол тегінде аса дарынның адамы болса керек. Кенесары өзінің ақтық демі біткенше Ресейдің қас жауы болса да, мен оны «Түздің соңғы батыры» атаймын деген. Әлемге әйгілі Жюль Верн орыс басылымдарындағы осындай очерктерден өзінің қайталанбас романтикалық кейіпкерін тапқан болуы керек (Әлімжан, 2011:3). Кенесарының тұлғалық бейнесі мен билеушілік танымын және саяси ахуалды кеңінен сипаттап, отандық тарихтың беттерін орын алуына бірден-бір себепкер болған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) «Қара мес» деп аталатын еңбегі (Пазылов, 2010:48). Оның «Кенесары жорығына қатысты үшінші дерек» деген нұсқасында: «Кенесары ханның жылы қоян еді. сегіз жыл хандық дағуасын қылды. Жылқы жылы қырық бес жасында қырғыздың қолына түсті. Әуелі шабамын деп қол көтерген – сол бойымен қарысып (қарығып) қалды. Екінші – қылышты алып шауып жіберген табанда өлді. Үйіне көтеріп барса, үй-іші тегісімен қырылып, бөрінің жаназасы бір күнде оқылды. Сол тұқым ауыл-аймағымен таусылып бітті. Қырғыз халқы артынан көп пұшайман болды», – деп Кенесарының дәуірі бабасы Абылай хан билігінің жалғасы ретінде қарастырған (Көпейұлы, 2011:49). Сондай-ақ «Оқжетпестің қиясында» атты поэмасында бас кейіпкері – Кене ханның өзін құрбандыққа қиған ісін Алаш ақыны Мағжанның қалай жырлап, қалай аңсайтынын да байқаймыз (Каренов, 2015):

*Алашта талай-талай ерлер өткен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?..*

*Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.*

Кене Арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,

Алашқа бұдан да зор шер болмайды (Жұмабаев, 1990).

Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын алғаш Ғұбайдолла сұлтан бастаса, кейін оны Саржан сұлтан, Кенесары, Наурызбай жалғастырды. Кенесары орыс пен қазақ арасындағы қарым-қатынасты, татулықты, бірлікті қалап, патшаға хат жолдағанымен, онысынан түк шықпады. Сондықтан да елін ысырып, қонысынан қуып, қонышынан басқан басқыншыларға қарсы шықпай қарап отыра алмады, намысқа мініп, қарсы ұмтылды. Сол намысты ер Кене хан батырдың халық қадірлеп,

жырға қосып, қастерлеген қасиеттері қандай еді? (Каренов, 2015) Қолда бар фольклорлық мәтіндерде Кенесары – идеалды кейіпкер, мінсіз адам, әділ хан ретінде суреттеледі. Ол бірнеше сипатта көрінеді. Егер жүйелеп айтар болсақ: Кенесары – идеалды қаһарман, билік тізгінін мықтап ұстаған өмірші, күллі қазақты өзіне қаратқан хан; Оның қол астына атақты батырлар жиналған; Олар ханның ордасын – мемлекет орталығына айналдырған (Қасқабасов, 2018: 6).

Мемлекеттің өркениетті жолға түсуі үшін қалалары болуы шарт. Көшпенділер қаласы дегеніміз – олардың билеушісі отыратын орда, астанасы екені белгілі, сондықтан да ірі тұрғылықты мекендер тап қазіргідей ұйымдастырушылық рөл атқарған (Әжіғали, 2000). Бағзы заманда «Көктің ісін Көкөгіз басқарады, Жердің ісін оның елшісі патшалар басқарады» деген түсінік болған (Машанов, 1958:19). Ә.Ақышевтің дерегі бойынша: Кушандардың теократиялық идеологиясында ең басты догмат – билеушіні құдай деп есептеу болды (Акишев, 1984). Сондықтан көшпелі халық Көк Тәңірдің елшісі деп хан-патшаларды Аллаһтың елшісі пайғамбарлармен қатар сыйлаған, тіпті хан-патшалар көпірлердің Мариям ұлы Иса пайғамбарға табынуы сияқты дәріптелген. Тарихтан белгілі барлық түркі мемлекеттеріне тәңірге табынушылық тән болды және олардың билеушісі – қаған Көкте туған, Тәңірдің өзі жерге түсірген, сондықтан ол дара данышпан болуы шарт деген ұғым қалыптасқан (Әжіғали, 2000:119). Осылай түркі жұрты Шыңғыс ханның ұрпағын Көк Тәңірдің ұлындай қадірлеген. «Ғаламдық опат – Ұлы империяның дағдарысы» (Қондыбай, 2006) деп түсінген көшпенділер үшін Хан Кененің өлімі де үлкен опатпен тең. Ертеде «Ханның сүйегін қозғасаң киесі атады» деген ұғым болған екен. Мысалы, ел аузында «Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына Әмір Темір әсер етті» делініп жүр. Өйткені Ұлы отан соғысы басталмас бұрын үш ақсақал арабша жазылған кітапты оқытып, «Егер кімде-кім өлген адамның қоласын қазып, кебіне қол салса, ол Құдайдың қарғысына ұшырайды, сондықтан егер Әмір Темірдің көрін ашсаңыз қырғын соғыс басталады» деп ескерткен екен. Марфуға Шапиянның мақаласында: «Ұлы қолбасшы «Аспанда бір-ақ Құдай бары сияқты, жерде де бір ғана патша басқаруы керек» деп ұрандатқан делінеді (Шапиян, 2011). Иә, адамзат тарихында талай патшалар мен қолбасшылар үлкен маңыз иесі болған. Бірақ, адамзат іргетасының қалауында елшілер мен пайғамбарлардың әсері және олардың қалдырған іздері әлдеқайда зор. Уақыт өте біртіндеп патша кейінде басқа да ел билеушілер Көк Тәңір бейнесі болып ұғынылған (Карамушина, 2009:27), алайда шарифат заңдарын қатаң сақтаған Әмір Темір: «Мен – Темір Аллаһтың құлы» деп қол қойған деседі. Халық үшін Хан – идеалды қаһарман, сондықтан Кенесары «Наурызбай–Ханшайым» атты поэмада ақылшы, батагөй абыз, тапқыр шешен, бекзат болып бейнеленеді. Өрбір жауапты, қиын іс Кенесары бата бермей істелмейді. Жорыққа шығарда, шайқасқа енерде ол бата беріп, ақ жол айтып кіреседі. Оның батасы фольклор дәстүрінде болып келеді (Каренов, 2015). Кенесары тақырыбында қырғыз тарихшылары да едәуір деректер қалдырған. Олардың ішінде Кенесарының денесі қайда жерленгендігі туралы деректер біз үшін маңыздырақ. Өйткені, ханның бас сүйегі бір жақта, денесі бір жақта қалып, бір жарым ғасырдан бері туған жердің топырағына берілмеуі күллі қазақтың намысын қорлап, жігерін құм етіп

отырған жай екені айтылудан кенде емес... (Өлімжан, 2011:3). Тарихи деректерде Кенесарының 1847 жылы қырғыз жеріндегі Кекілік-Сеңгір аңғарында ұсталып, Жамбы ауылында өлтірілгені, денесі сонда қалдырылып, бас сүйегінің Омбыдағы Батыс-Сібір аймағының генерал-губернаторы, князь Петр Горчаковқа апарып берілгені айтылады (Қабылдинов, 2020). Хан Кене – ұлттың айбары мен намысы, ұяты мен ары. Ең бастысы рухы. Рухын жоғалтқан ұлт өз мүддесін қорғай алмайды. Ал, біздің рухымыз төнінен ажырап қалған бас сияқты. Ақын тілімен айтсақ «Қазақ бүгін Кенесары, Кеудесі бар, басы жоқ», ащы болса да ақиқаты осы! Сондықтан Ұлы ханның бас сүйегі елге оралса, қазақтың күні бұл күннен де жарық әрі нұрлы болатынына сеніміміз мол (Бақаш, 2015). «Өлі разы болмай тірі байымайды» дейді халық. Бұрын халық ерекше рухани, киелі күшке ие, Жаратушының еркімен халыққа басшылыққа келген әулиелер ұрпақтарының соңына ерген еді (Жандарбек, 2011:19), кейіннен Тәуке хан тұсындағы алты алашты Тұран әлемінің құрылымдық жүйесі өзгерді, рухани биліктің киелігіне ауыр соққы берілді. Жүз жылдан астам уақыт еркін алаш рулары кең даланы азулы көршілерінің отаршылдық шеңгелінен қорғап келді, отаршылдарды мемлекеттің тарихи орталықтары Ұлытау мен Түркістанға жібермеді. Кенесары ханның өлімінен кейін тек қазақ мемлекеті ғана құлап қойған жоқ, сонымен бірге Еуразиядағы көшпелілер өркениеті өшті (Артықбаев, 2018). М.Ж.Көпеевтің пікірінше қасиетті ханды өлтірген жеңдеттерді оның ауыр қарғысы атты, себебі ханды өлтіруге хан ғана құқылы болған. Қырғыз жазушысы Эрнис Турсуновтың еңбегінен оқитынымыз: «Эми, кайда барса қыйкым таап, Кененин кегин алат. Эл сүрулүп кайда барат? Ормон биздин сөзду ұкпайт... (Турсунов, 2019:61). Эми болоору болду. Ормондун ырайымсыздығынан мүлду кыргыз айыпка жыгылганы турат...» (Турсунов, 2019:62). Кек пен кикілжіңнің емі – кешірімділік. Кешіру – бір жағынан жүрегімізді ашу, кек және жауыздық сияқты сезімдерден тазартса, екінші жағынан жаман сезімдердің жүрегімізді қаптап алатын ауыр жүгінен құтқарады. Сонымен қатар кешіру, адамды құрметке бөлейді. Өйткені әзірет Пайғамбар: «...Алла кешірімшіл құлының абыройын арттырады...», – деген (Мүслім, Бирр, 69). Сондықтан, мүмкін болған жерде, Алла разылығы үшін кешіре білу – адамшылық пен кеменгерліктің көрінісі (Қалдаров). Қырғыздар не үшін ойда-жоқта Кенесарыға ас беруді ойластырды? Себебі, тыныштығы кетіп, берекесі қашқан елдің болашағына аландағандықтан осы қадамға барып отыр. Өткен ғасырда Ресей қазақ халқы мен қырғыз халқы арасына от салып арадастыру мақсатында Кенесары ханның өлімін пайдаланған болатын. Қырғыз тарихшысы Замирбек Осоров қазақтың ұлы ханы Кенесарыға ескерткіш орнату және оның құрметіне Қырғызстан астанасының орталық көшелерінің бірін оның есімімен атау қажет екенін айтқан. Замирбек Осоров Кенесары қырғызға Ресей империясына қарсы бірігуді ұсыну үшін келгенін және мұның өзі екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізетінін атап көрсеткенін мойындауымыз қажет деген. «Алайда, өкінішке орай, бұрынғы Кеңес үкіметінің құрамында болған елдердің көпшілігінде тарихи оқиғаларды баяндауда бұрынғыша ресейлік ықпал басымдық екені байқалады. Кенесары хан жөнінде де солай. Ресей Кенесарының өлімін екі елдің арасында дұшпандық қатынас қалыптастыру үшін бұрын да, қазір де тиімді пайдаланып отыр», – деп түйеді

тарихшы. Кеше ғана «Тарих қашанда ақиқатқа айналып соғады. Ал біз Хан Кененің бас сүйегін елге әкелуге енжарлық танытып отырмыз. Бұл жақсылық емес, ертеңіміздің нұрлы, бүгінгіміздің баянды болуы үшін ата-бабамыздың рухының алдында бетіміз жарық болу керек. Ендеше, ойланайық, ағайын!», «...Ендеше, еркіндікке қолымыз жеткен тұста, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін Хан Кененің сүйегін тауып, арулап жерлеу елдік мұрат болуға тиіс. Бұл – ел алдындағы үлкен міндет, ұлы жүк!» деп айтылған еді (Е.Бақаш, Д.Рамазан). Сондай-ақ: «Мені ұлы ханның бас сүйегін қайтару жөніндегі сараптама комиссиясының құрамына енгізді. Бүгін біздің ұлттық тарихымыздағы жаңа кезең туралы есеп басталады. Бүгінде біздің достас екі мемлекетіміз – Ресей мен Қазақстан арасындағы өзара қарым-қатынастар тарихында тату көршілік және бейбіт қарым-қатынастарды одан әрі тереңдетудің сапалық жағынан өзгеше кезеңі басталады. Мен Ресейдің Мәдениет министрлігі тарапынан Кенесары ханның бас сүйегін қайтару жөніндегі Ресей сараптау комиссиясының құрамына кіруге шақырту алдым. Мен келісім бердім. Өйткені... ұлы Кенесары ханның бас сүйегі табылды!» – деп сүйінші сұрап үлгірді тарихшы З.Қабылдинов. Бүгін міне, ақ түйенің қарны жарылды, Хан Кененің бас сүйегі де елге оралуда. Аллаһқа мың да бір шүкір!

Иә, төкаппар, тәуелсіздікті аңсаған Кенесары да мерт болды. Дегенмен, оны мерт еткен – тіпті де қырғыз манаптары емес. Ол отаршыл Ресей империясының құрбаны болды.

Жалпы, халық даналағында туыстық қарым-қатынас, татулық, бауырмалдық, бірлік дәріптеледі ғой. Кенесары Қасымұлы төңірегіне әртүрлі ұлттың өкілдері топтасты. З. Қабылдиновтың мәліметі бойынша: «Атақты басқарушы өзінің сирек кездесетін қасиетіне, қабілетіне орай айналасына әртүрлі этнос өкілдерін топтастыра білді. Көтерілісшілердің арасында орыстар, башқұрттар, өзбектер, қарақалпақтар, татарлар және поляктар болды. Олардың кейбіреулері қазақ ханының ілтипаты мен ерекше сеніміне ие болғанына байланысты лауазымы жоғары басқару қызметін атқарып жүрді. Мысалы, Кенесарының жеке хатшысы бұрынғы орыс солдатты болса, кіші інісі Наурызбайдың жеке жалшысы Николай Губин деген екен. Орыс солдаттары Бедашев пен Малкин хан әскерінің отрядтарын басқарды. Малкинді қазақтар кішік деп атаған. Татар Өлім Ягудин әскери кеңестің мүшесі болса, өзбек Сайдақ қожа Оспанов он жыл бойына ханның елшілік қызметін адал атқарған. Л. Мейер бұл туралы: «Ол орыс тұтқындарына үлкен мейіріммен қараған. Бұл әрекеті көпке үлгі болды. Оның адамды тартып алатындай ерекше қасиеті бар. Онда бірнеше орыс қашқындары шайқасқан» деген еді. Кезінде Қарқаралының мұғалімі С. Бекбергенов «Қарқаралы тауларында комиссаровка шатқалы деген ат және осы аттас ауыл туралы не білесіз?» деген сауалға: – Сәл ойланса, түсінікті болады. Комиссар – бұл орысша өңін айналдырған кімасар немесе кенесар. Кенесары деген есімнен төркіндейді» деп жауап берген болатын... Таңданатын түгі жоқ. Кенесары бүкіл Сарыарқада көшіп-қонып жүрді. Оның ауылы осы шатқалда да қоныстанған. С. Бақбергеновтың сөзінің жаны бар. Семей өлкесі жайлы көп жазған Н.Я. Коншин Қарқаралы округі қазақтарының арасында беделі зор болған К. Қасымов жайлы жан-жақты суреттеп жазған. Ол Кенесарының жеке басы туралы былай дейді: Бұл адам (Кенесары) қай жағынан алсаң да дарындылығымен көзге түсетін еді. Құдайменді, С.Ханғожин сияқты көсемдерден

Кенесары әлдеқайда жоғары тұрды. Олардың бәрі тар шеңбердегі рулық қам-қарекеттен аса алмады. Кенесары – нағыз халық батыры еді. Ол барлық қырғызды (қазақты) руына, ордасына бөле-жармай, бүтін саяси бірлікке шақырып, сол жолда бостандыққа жетуді аңсады (Коншин, 1996: 58-59).

«Там соғам десең көршінді сайла», «Көрші ақысы Тәңір ақысы» дейді қазақ. Көне түркі тілдес Орта Азиядағы ру-тайпалардың кейбіреулері қазақпен көршілес ноғай, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар сияқты халықтар құрамына кірген, сондықтан «Өзбек өрістес ел, қырғыз қоныстас ел, қарақалпақ қарындас ел, түрікпен тамырлас ел», «Ноғай, қазақ – бір кісі», «Қазақ, қырғыз бір туған, Сарт шіркінді кім туған?», «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам», «Сарттың жаманы «қазақ болам» дер, Қазақтың жаманы «сарт болам» дер», сондай-ақ «Өзбектің кигенін ал, Қазақтың мінгенін ал», «Татарға тілмаш керек емес», «Қазақ қартайса, түйе бағады, Қарақалпақ қартайса, томар қазады» (Жәрдем, 2015: 42) деген мақал-мәтелдер қалыптасқан. Қазақтың этникалық құрылымы рулардың жай ғана жиынтығы емес, олардың қатаң генеалогиялық тәртіпке мойынсұнып, жолына қарай сатыланып келіп, түбі бір атаға саятын арнасы (Артықбаев, 1997: 4). «Қазақ олжалы болса қырғызға байлайды, Қырғыз олжалы болса қазаққа байлайды», «Қырғыз, қазақ, қатаған – бір атадан тараған» дейді қырғыз мақалы. Туыстық, қала берді рулық ауыз бірлік, ынтымақтық нәтижесінде «көп жиылса көл болар», «Бірлік болмай тірлік жоқ», т.б. мақалдар қалыптасса керек. Сондай-ақ «Ағайынды алтау болсаң, адам тимейді, Тура жүрсең лебің күймейді» дейтін де мақал бар.

Қорытынды. Демек, расында да «У ішсең руыңмен» дейтін қоғамды жойған патша үкіметіне қарсы алты алашты Тұран жұртының осы ауыз бірлігі қажет-ақ еді. Сондықтан қалай болғанда да, Кенесары хан отаршылдыққа қарсы күресте қазақ-қырғыз бірлігінің маңыздылығын паш етіп кетті (Махаева, 2007). Қырғыз тарихшысы: «Біз қазақ халқының соңғы ұлы ханы Кенесарыға астанамызда ескерткіш орнатқанымыз дұрыс қой деп ойлаймыз. Қырғыз халқы оған әділетсіздік жасады. Шындығында, бұл өмір бойы басқыншылармен шайқасқан ұлы адам. Ол патша қуғыншыларынан қашып, туыс деп есептеп бізге келді. Ал біз болсақ, оған пана болудың орнына басын кесіп патша өкіметіне беріп жібердік. Соған қарамастан қазақ халқы бізге деген туыстық сезімін сақтап отыр. Біз туыстас қазақ халқынан кешірім сұрай отырып, ұлы ханына ескерткіш орнатуымыз және Бішкектің орталық көшелерінің біріне Кенесарының есімін бергеніміз жөн болар деп есептейміз», – деген болатын (Осоров, 2020.). Иә, Кенесары Хан десе елең етпейтін пенде жоқ! Ол түсінікті де, өйткені, қазақтың соңғы ханы – өшпес ерлігімен, қайтпас қайсарлығымен, халыққа деген риясыз көңілімен ел есінде мәңгі қалды! (интернет). Бүгінгі егеменді қазақ халқының тарихында отаршылдыққа қарсы күрескен Кенесары көтерілісі ерліктің тарихы болып жазылатыны да даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Ақышев А. Искусство и мифология сакон. – А-Ата, 1984.
Артықбаев Ж. XVIII ғ-дағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы. Тарих ғ.д.дисс. Автореф. – Алматы, 1997:4.
Артықбаев Ж. Кенесары хан тағдыры: Қазақ-қырғыз қарым-қатынасының контекстінде (jasqazaq.kz)
Әжіғали С. Каспий қайраңы. – Алматы, 2000.
Өлімжан Қ. Хан Кене рухы бізге нені ескертеді? // Ақ жол. –

2011. 16 маусым. 3-б.
Байділдин Ш. Қазақ. 2013. № 1-06. 4 б.
Бақаш Е. Хан Кененің ізі қалған Кекілік Сеңгір // – Ақжол. –2015. – 6 қазан.
Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX в. –А-Ата, 1947.
Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. 416-б.
Дилебаев Ә. Ауыз әдебиеті үлгілері мен зерттеу мақалалар //Ақжол 1998. 18 наурыз 6-б.
Жандарбек З. Қожа Ахмет Йасауи және қазақ мәдениеті // Алаш. 2011. № 4 (37).
Жәрдем К. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. – Алматы, 2015
Жұмабаев М. Шойын жол // Жұлдыз. 1990. № 10. 115-122-бб.
Карамендина М.Хантаңба – мемлекеттіліктің және дүниетаным идеологиясының рәмізі // Қазақ тарихы. 2009. № 4. 27-б.
Каренов Р.С. Кенесары ханның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі //Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2015.
Кенесары хан. – Алматы, 2017.
Көпейұлы М. Кенесары көтерілісінің басталуы // Көкшетау. – 2011. № 2 (14). 40-51-бб.
Коншин Н.Я. Кенесары Қасымұлы тағдырының беймәлім тұстары // Қарқаралы. – 1996. № 11-12. 58-59-бб.
Қабылдинов З. Қазақстан халқы: тарих және қазіргі заман. – Алматы, 2018.
Қабылдинов З. Интернет мәліметі. ERNUR.KZ.
Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4-т. – Алматы, 2002. Ж–Қ. 502-б.
Қазақстан: Ұлттық энцикл. 4-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2002. 720-б.
Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. II-т. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. 460-б.
Қалдаров Б. Кек пен кикілжің емі – кешірімділік // <https://iman.kz/archives/20269>
Қасқабасов С. Алаштың арман-аңсары (Кенесары хан халық әдебиетінде) // Егемен Қазақстан. 24 желтоқсан. 6-б.
Қасымбаев Ж. Кенесары хан саяхатшы және қолбасшы // Кенесары хан. – Алматы, 1993.
Қондыбай С. Есен-қазақ. – Алматы, 2006.
Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың II жаартысы – XX ғ бас кезі). Монография. – Алматы, 2007. 357.
Машанов А. Аспан ертегілері // Жұлдыз. 1958. 7 шілде.
Мәжитов С. Кенесары Қасымов // Аңыз адам. 2011. № 21 (33) қараша.
Осоров З. В память о последнем казахском хане // Facebook. Abai.kz.
Пазылов Ә. Ұлт көсемі – Кенесары // Алаш. 2010. № 4 (31). 48-53-б.
Рамазан Думан: Кенесары бабамыздың басы қайда немесе Мәскеу мен Сан-Петербургтегі екі ай // Қазақ әдебиеті 2000. № 35 (2665) 01.09.2000: 4.
Турсунов Ә. Хан-Теңір. Роман. «Улуу Тоолор», 2019. 352.
Шапиян М. Кене сұлтаннан – қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлына дейін // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы – Кенесары Қасымұлы (1802–1847). 2011. № 21 (33).
Ыбыраев Ш. Кене қозғалысының мәні және ол туралы шығарылған тарихи жырлар // Кенесары хан. Алматы, 2017.

REFERENCES

- Akishev A. Iskusstvo i mifologiya sakov [The Art and mythology of Saks]. – Alma-Ata, 1984 [in Russian].
Artykbayev Zh. XVIII ғ-дағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы. Тарих ғ.д.дисс. Автoref [Ethnosocial structure of Kazakh society in the XVIII century. D. D. diss. Abstract]. – Almaty, 1997: 4 [in Kazakh].
Artykbayev Zh. Kenesary han tağdyry: qazaq-qyrgyз qarym-qatynasynың kontekstinde [The fate of Kenesary Khan: in the context of Kazakh-Kyrgyz relations] jasqazaq.kz [in Kazakh].
Azhgali S. Kaspий qairany [Caspian shelf]. – Almaty, 2000 [in Kazakh].

- Älimjan Q. Han Kene ruhy bizge neni eskertedi? [Khan Kene warn us about?]. – Akzhol. 2011. June 16. P. 3 [in Kazakh].
- Baidildin Sh. Qazaq [Kazakh]. – 2013. №1-06. P. 4 [in Kazakh].
- Bakash E. Han Keneniñ izi qalğan Kekilik Sengir [Khan left a trace of the Keklik Sengir]. – Akzhol. 2015. October 6 [in Kazakh].
- Bekmakhanov E. Kazakhstan v 20-40 gody XIX v. [Kazakhstan in 20-40 years XIX]. – Alma-Ata, 1947 [in Russian].
- Bekmakhanov E. Qazaqstan XIX ǵasyrdyñ 20–40-jyldarynda: Oqu qúraly [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century: a textbook]. – Almaty: Sanat, 1994. P. 416 [in Kazakh].
- Dilebaev A. Auyz ädebieti ügileri men zertteu maqalalar [samples and research articles of oral literature]. – Akzhol. 1998. March 18, P. 6. [in Kazakh].
- Zhandarbek Z. Qoja Ahmet İasauı jäne qazaq mädenieti [Khoja Ahmed Yasawi and Kazakh culture]. – Alash. 2011. №4 (37) [in Kazakh].
- Zhardem K. Qazaq maqal-mätelderiniñ Altyn kitabı [Golden Book of Kazakh proverbs and sayings]. – Almaty, 2015 [in Kazakh].
- Zhumabaev M. Şoiyn jol [Cast Iron Road]. – Zhuldyz. 1990. № 10. PP. 115-122 [in Kazakh].
- Karamendina M. Hantañba – memleketiliktiñ jäne dünietanym ideologııasynyñ rämiži [Khantamba-a symbol of statehood and ideology of worldview]. – Kazakh tarikhı. 2009. № 4. P. 27 [in Kazakh].
- Karenov R. S. Kenesary hannıñ halyq ädebietindegi jäne tarihi zertteulerdegi beinesi [The image of Kenesary Khan in folk literature and historical studies] // Bulletin of Karaganda University. – Qaragandy, 2015. [in Kazakh].
- Kenesary han [Kenesary Khan]. – Almaty, 2017 [in Kazakh].
- Köpeiüly M. Kenesary köterilisiniñ bastaluy [The Beginning Of The Kenesary uprising]. – Kokshetau. 2011. № 2 (14). PP 40-51 [in Kazakh].
- Konshin N. Kenesary Qasymüly taǵdyrynıñ beimälim tüstari [Ya. unknown aspects of the fate of Kenesary Kasymovich]. – Karkaraly. 1996. № 11-12. PP. 58-59 [in Kazakh].
- Qabyldinov Z. Qazaqstan halqı: tarih jäne qazirgi zaman [People of Kazakhstan: history and modernity]. – Almaty, 2018. [in Kazakh].
- Qabyldinov Z. İnternet mälimeti [Information on the Internet. ERNUR.KZ]. [in Kazakh].
- Qazaqstan. Ülttyq ensiklopedia. Kazakhstan [National Encyclopedia]. Vol. 4. – Almaty, 2002. P. 502 [in Kazakh].
- Qazaqstan: Ülttyq ensiklopedia. Kazakhstan [National Encyclopedia]. Vol. 4./ General Ed. Ə."No," she said. – Almaty: Kazakh encyclopedia. The main Ed., 2002. P. 720 [in Kazakh].
- Qazaqtar. Köpsilikke arnalǵan toǵyz tomdyq anyqtamalyq [Kazakhs. A nine-volume handbook for the general public. II Vol.: historical figures]. – Almaty: Publishing House "Bilik", 2003. P. 460 [in Kazakh].
- Qaldarov B. Kek pen kikiñ emi – keşirimdilik [Revenge and conflict emi-forgiveness] // <https://iman.kz/archives/20269>. [in Kazakh].
- Qasqabasov S. Alaştyñ arman-añsary (Kenesary han halyq ädebietinde). [Arman-Ansary of Alash (Kenesary Khan in folk literature)] // sovereign Kazakhstan. – December 24. p. 6 [in Kazakh].
- Qasymbaev J. Kenesary han sayahatşy jäne qolbaşy [Kenesary Khan traveler and Commander // Kenesary Khan]. – Almaty, 1993 [in Kazakh].
- Qondybai S. Esen-qazaq. [Yesen-Kazakh]. – Almaty, 2006. [in Kazakh].
- Mañbaeva A. Qazaq-qyrǵyz sýası bailyñstarynyñ tarihi (XVIII ǵasyrdyñ II jaartysy – XX ǵ bas kezi). [history of Kazakh-Kyrgyz political relations (late II – early XX century of the XIII century) Monograph]. – Almaty, 2007. 357 [in Kazakh].
- Mashanov A. Aspan ertegileri [fairy tales of the sky] // Zhuldyz. 1958. July 7. [in Kazakh].
- Mazhitov S. Kenesary Qasymov [Kenesary Kasymov] / Anyz adam. / Man Of Legend. 2011. № 21 (33) November [in Kazakh].
- Osorov Z. V pamät o poslednem kazahskom hane [In memory of the last Kazakh Hane] // Facebook. Abai.kz [in Russian].
- Pazylov Ä. Ült kösemi – Kenesary [The leader of the nation – Kenesary]. – Alash. 2010. №4 (31). P. 48-53 [in Kazakh].
- Ramazan Duman: Kenesary babamyzdıñ basy qaida nemese Mäskeu men San-Peterburgtegi eki ai [Where is the beginning of our Kenesary ancestor, or two months in Moscow and San Petersburg] // Kazakh literature. 2000. № 35 (2665) 01.09.2000: 4. [in Kazakh].
- Tursunov E. Han-Tenir. Roman [Khan-Tenir. Roman]. – "Great Mountains", 2019. P. 352. [in Kyrgyz].
- Shapian M. Kene sülťannan – qazaqtıñ soñǵy hany Kenesary Qasymülyna dein / [From the Sultan of Kene to the last Kazakh Khan Kenesary Kasymuly] // Jüldyzdar otbası. Anyz adam: Ült maqtanysy – Kenesary Qasymüly (1802–1847). Zhuldyzdy family. Man of legend: Pride Of The Nation – Kenesary Kasymovich (1802-1847). 2011. № 21 (33) [in Kazakh].
- Ibraev Sh. Kene qozǵalysynyñ mäni jäne ol turaly şyǵarylǵan tarihi jırlar [The essence of The Tick movement and published historical poems about it] // Kenesary Khan. – Almaty, 2017 [in Kazakh].

FTAХP/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Нәзира ӘБДИНӘСІР,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, 3-курс докторанты,

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ. nazzira.abdinassir@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЛАВЯН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Елімізде қоныстанған көп ұлттардың арасында басымдылыққа ие болып отырған славян халықтары, оның ішінде атап айтсақ, орыстар, украиндар мен белорустардың Қазақстан территориясына келіп, орналасуына ықпал еткен тарихи оқиғалардың сипаты алуан түрлі. Бастапқы кезде күштеп қоныстандырылған славян халықтары, уақыт өте келе еліміздің тарихында орын алған әр түрлі саяси жағдайлардың салдарынан ерікті түрде келген еді. КСРО ыдыраған соң өздерінің тарихи отандарына оралуды көздеген халықтардың қатарында осы славян ұлттары да болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері бұрынғы қалыптасқан этникалық сипаты, құрамы біршама өзгеріске ұшырады. Олардың басым көпшілігі еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде орналасқандықтан, халық санағы кезінде жергілікті ұлт – қазақтардың үлес салмағы артқаны да байқалады. Мақалада қазақ жеріне қоныстанған славян халықтарының қалыптасу тарихы қарастырылып, зерттеу еңбектерінен алынған мәліметтерге сүйене отырып, талдау жасалады.

Түйін сөздер: КСРО, шығыс славяндар, этнос, көпұлттылық, қоныс аудару, көші-қон, отарлау.

Қазақ тарихы

№5 (194), қыркүйек-қазан, 2021

Nazira ABDINASSIR,
doctoral student, 3rd year, nazzira.abdinassir@gmail.com,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan

HISTORY OF FORMATION OF SLAVIC PEOPLE IN KAZAKHSTAN

The nature of the historical events that contributed to the arrival and settlement of the Slavic peoples, including, in particular, Russians, Ukrainians and Belarusians, who dominate among the many ethnic groups living in the country, is diverse. Initially, the Slavic peoples were forcibly settled, but over time, they came voluntarily due to various political events in the history of our country. These Slavic nations were among the nations that sought to return to their historical homelands after the collapse of the USSR. Since independence, our country has undergone significant changes in its ethnic composition. Most of them were located in the northern and central regions of the country. Therefore, during the census there is an increase in the share of local ethnic groups - Kazakhs. The article considers the history of the formation of the Slavic peoples in the Kazakh lands and analyzes them based on research data.

Key words: USSR, East Slavs, ethnos, multinationality, resettlement, migration, colonization.

Назира АБДИНАСЫР,
докторант 3-курса, nazzira.abdinassir@gmail.com
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан.

ИСТОРИЯ ОБРАЗОВАНИЯ СЛАВЯНСКИХ НАРОДОВ В КАЗАХСТАНЕ

Характер исторических событий, повлиявших на приход и расселение славянских народов, включая, в частности, русских, украинцев и белорусов, которые доминируют среди многих этнических групп, проживающих в стране, разнообразен. Изначально славянские народы были заселены насильно, но со временем пришли добровольно в связи с различными политическими событиями в истории нашей страны. Эти славянские народы были среди народов, которые стремились вернуться на свою историческую родину после распада СССР. С момента обретения независимости наша страна претерпела значительные изменения в своем этническом составе. Большинство из них располагалось в северных и центральных регионах страны. Таким образом, в ходе переписи наблюдается увеличение доли местных этносов – казахов. В статье рассматривается история формирования славянских народов на казахских землях и проводится их анализ на основе данных исследований.

Ключевые слова: СССР, восточные славяне, этнос, многонациональность, переселение, миграция, колонизация.

Кіріспе. Шығыс славяндар – үш түрлі этногенетикалық, тілдік және мәдени туыстас халықтардың топтастығы. Олар КСРО ыдыраған кезде Орталық Азия мен Қазақстандағы түркітілдес халықтардан (қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, қарақалпақтар, татарлар, ұйғырлар) кейінгі екінші орындағы ірі этникалық қауымдастық болып сақталған қалды. Іс жүзінде одақтық мемлекетті ұстап тұрған «империялық» этнос функцияларын орындай отырып, олар КСРО құлауынан орын алған барлық салдарын бастан кешірді.

Қазақстанның шығыс славяндық тұрғындарының (орыстар, украиндар, беларустар) құрамына этникалық жағынан және осы территорияға қоныстану уақытымен де ерекшеленетін бірнеше топтар кірді (байырғы тұрғындар мен кеңестік кезеңдегі қоныстанушылар). Бұл ретте украиндар мен беларустардың барлығы дерлік орыс тілін жетік білді, ал байырғы тұрғындардың бойында біртіндеп «мәдениеттің бейыңғай типі» қалыптасып, ол ұлттық бірегейліктің бірігілі бір деңгейге көтерілуінен және орыс-украин аралас диалектісінің қалыптасуынан көрініс тапты.

Материалдар мен әдістер. Мақалада қарастырылып отырған Қазақстанның полиэтникалық қалыптасуының тарихы бойынша ақпараттық дереккөз ретінде революцияға дейінгі уақытта нормативтік-құқықтық құжаттар (заңдар, үкіметтік жарлықтар), қоныс аудару басқармасының материалдары (жоспарлар, есептер, шолулар), сондай-ақ статистикалық материалдар (халық санағы) алынғанын айтып кету қажет. Саяхатшылардың көптеген экспедициялары, революцияға дейінгі авторлардың шолулары да тарихи мәліметтердің қатарын көбейтіп отыр. Бұл мәліметтер славян халқының кәсіби және әлеуметтік құрамын, оның жынысы мен жас құрылымын ғана емес, сонымен қатар экономикалық қызметтің тиімділігін,

оның көшпелі шаруашылықтың экологиясы мен экономикасына әсерінің мәні мен ауқымын терең талдауға мүмкіндік береді.

Талдау. Қазақстандағы славян халықтарының өткен тарихы жан-жақты әрі толыққанды зерттелген деп айтуға келмейді. Бұл ретте қоныс аударушы славяндардың орналасу жағдайының құқықтық базасын: олардың құқықтары мен міндеттері, басқару және өзін-өзі басқару органдары, жергілікті халықпен қарым-қатынастың ресми және бейресми принциптерін зерттеу қажет.

Зерттеу нәтижелері. Шығыс славяндық үш халықтың саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайы ұқсас болды. «Жергіліктендіру» саясатының нәтижесінде олар басшылық лауазымдардың басым бөлігін жергілікті негізгі этностардың өкілдеріне ұсынды. Сонымен қатар, славяндар, оның ішінде ең алдымен орыстар, іс жүзінде экономиканың индустриалды секторының қызметін қамтамасыз ете отырып, өнеркәсіпте және басқа да технологиялық тұрғыдан күрделі салаларда қызмет атқаратындардың басым көпшілігін құрады [1].

Тарихи дамудың ұзақ жолынан өткен тәуелсіз Қазақстан бүгінде түрлі этностық топтардың өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін бірегей аймақ болып отыр. Бейбітшілікті сақтау және этносаралық диалогты жүргізу бойынша баға жетпес тәжірибенің болуы, біздің елімізді басқа да көптеген әлемдік мемлекеттерден ерекшелендіреді. Қазақстан халқының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы революцияға дейінгі кезеңнен бастау алады.

XVIII ғасырдағы казактар мен шаруаларды отарлау барысында салыстырмалы түрде басымдылыққа ие болатын славян топтарын Орал, Есіл, Тобыл, Жоғарғы Ертіс орманды-далалық аймақтары мен Кенді Алтай аумағына көшіру процесі жүріп жатты. Бұл алғашқы

тарихи кезең көбіне қазақ этносының қалыптасуына және еліміздің көпұлттылық сипатының қалыптасуына әсер етті. Бұл ретте, жергілікті емес халықтың арасында саны бойынша алғашқы орында шығыс славян халықтарының өкілдері – орыс, украин, белорустар тұрды. Олардың келуі, қоныстануы және нығаюының кезеңдік сипаты белгілі бір дәрежеде шартты болып келеді. Себебі нақты тарихи өмірде бір кезеңді екіншісінен айырып көрсететін белгілер әрдайым «түсініксіз» болады және көп ретте жүйелі емес, дискретті түрде көрініс табады.

Славяндардың Қазақстанға қоныс аудару процесіне қатысты мұндай белгі қоныс аударушылардың өздеріне, яғни отарлаудың жетекші субъектілерінің маңызды этноәлеуметтік сипаттамаларының өзгеруі болып табылады. Оны белгілі бір аумақтардағы қоныс аударушылардың басым локализациясы және осы аумақтарды игерудің мемлекеттік саясатының ерекшелігі тәрізді белгілері толықтырады. Осы белгілерге сүйене отырып, еліміздегі славян халқының қалыптасу тарихының кезеңдік сипаттамасы келе-сидей болып келеді.

XVI ғасыр мен XVIII ғасырдың 20-жылдарында Батыс Қазақстанда казактардың жаппай отарлау кезеңінде Орал казактарының берік тамырланған, тұрақты қауымдастығы қалыптасты. Ол 1720 жылы Орал казактарының Астрахань губернаторы мен Әскери коллегияға бағынуымен аяқталады. Бұған дейін мемлекеттің рөлі мардымсыз болған еді.

XVIII ғасырдың 20-жылдары – XIX ғасырдың басында мемлекеттің әскери-шекаралық отарлау ұйымдастырған кезеңінде Қазақстанның солтүстік-шығысына жаппай қоныстандырумен қатар жүзеге асты. Ол уақытта шекара желілері жаппай салына бастады да, Ресей аумағы далалық аймақтан алшақтағандай болды. Тұрақты армияның сарбаздары және басқа аймақтардан келген казактар шекара қызметін атқарды. Шекаралық аумақтың халқы тұрақсыз, «көшпелі», кез келген уақытта тұрғылықты жерінен тез кете алады. Соған сәйкес шекара шептерінен өмір сүруге деген қызығушылық төмен болды. Осы тұста Сібір басшылығының шекаралық аймақтарда өмір сүруге қажетті алуан түрлі жобалары туындады. Атап айтсақ, казактардың қазыналық жерді игеру қорын құру, жер өңдеуге жалдамалы жұмысшыларды тарту, жоңғарлар мен қазақтарды жартылай күш қолдана отырып шоғындыру және т.б.

Отарлаудың субъектілері мен бағыттары бойынша қарастырғанда XIX ғасырдың 20-60-жылдары орын алған жағдай да алдыңғы кезеңге ұқсас болып келеді. Айырмашылығы 1822-1824 жылдардағы әкімшілік-территориялық реформаны жүргізу далалық аймақпен өзара іс-қимылдың шекаралық-желілік жағдайынан далалық аумаққа түптеп енуді жүзеге асырылуында ғана болып отыр. Дегенмен, бұл уақыттағы экспансия негізінен әскери-саяси сипатқа ие болды, өйткені оның әлеуметтік-экономикалық «нығаюына» қажетті материалдық және адами ресурстар жеткілікті болмады.

XIX ғасырдың 60-жылдарының соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның тұтастай саяси-әкімшілік интеграциясының кезеңі орын алды. Оған қоса, бұл кезең ресми түрде облыстық бөліністі жүзеге асырумен ерекшеленді. Еуропалық Ресейде шаруалардың басыбайлылық құқығы жойылғаннан кейін және шаруалардың саны күрт артты. Мемлекет оларды империяның шеткі аймақтарына – Сібірге, Қиыр Шығысқа, сондай-ақ Қазақстанға қоныстандыруға үлкен қызығушылық танытты. Нәтижесінде отарлаудың негізгі

субъектісінің ауысуы орын алады: казактар мен басқа да мемлекетке қызмет ететін адамдардың орнына қоныс аударушы шаруалардың легі көбейді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазіргі Қазақстан аумағының Ертіс өңірінде орыс шаруаларының алғашқы қоныстары пайда болды. Шаруаларды отарлаудың арқасында Ресей үкіметі шекаралық шептер мен Колывано-Воскресенский тау-кен зауыттарының халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін шешуді көздеген болатын.

1760 жылы Сенаттың «Сібір аумағында Өскемен бекінісінен Бұқтырма өзенінің бойымен және одан әрі Телецкий көліне дейінгі жерлерді орналастыру туралы; ол жерлерде Үлбі, Березовка, Терең және Ертіске құятын және басқа да өзендер бойымен бекіністер салу және сол жақты орыс халқынан екі мыңға дейін адамды қоныстандыру туралы» Жарлығы шығарылды [2]. Күштеп мәжбүрlemeуге жол бермей, тек тілек білдірушілерді қоныстандыру керек делінген еді. Оған қоса, ерікті қоныстанушылар үш жылға салықтан босатылатын болған. Алайда, бұл жоспар сәтсіз аяқталды. Себебі, 1760 жылы Кенді Алтай зауыттарына шаруаларды тіркеу басталғаннан кейін-ақ еріктілердің саны күрт азайды. Содан кейін үкімет феодалдық мемлекеттің үйреншікті, яғни мәжбүрлі жинақтау мен айдауға жіберу әдістеріне қолға алды. Бұл Жарлық жер иелеріне өздерінің басбайлы шаруаларын елді мекенге жер аудартуға рұқсат берді. Жер аударылғандармен бірге олардың әйелдері мен балалары жіберілді. Осы жарлықтың негізінде шекара бекіністеріне азық-түлік тасымалын арзандату мақсатында жер аударылғандарды Ертіс пен Бұқтырма бойына шашырай қоныстандырып, оларды нан тиелген кемелерді жүргізу үшін пайдалануды көздеді. Екі жылдан кейін Сенат жер аударылғандарды Бұқтырма бағыты бойынша және Өскемен, Жәміш және Омбы бекіністерінің маңындағы жерлерге орналастыруды жүзеге асыратын жарлық шығарды. Жер аударылғандарға егін егуге және шөп шабуға жер бөлінді, міндетті түрде қайтару шартымен несиеге тұқым берілді. Дәл сол жылы Сенаттың іріткі салушыларды көшіру туралы тағы бір жарлығы шықты. Оған сәйкес, әртүрлі уақытта Польшаға діни қудалаудан қашқандардың барлығына Ресейге оралуға рұқсат етілген болатын. Бұл ретте өз еркімен оралғандар алты жыл мерзімге барлық мемлекеттік салықтар мен міндеттерден босатылды да, кейіннен олар басқа да ескі дәстүршілдермен қатар I Петр кезінде белгіленген екі еселенген айлық салық төлеуге міндеттенді. «Поляктарды» қоныстандыруға арналған аймақтар империяның әртүрлі аудандарында, оның ішінде олардың басым бөлігі қоныстанып үлгерген Шығыс Қазақстан аумағында берілді. Ерікті отарлау Бұқтырма өзенінің аңғарында кеңінен өрбіді де, онда Колывано-Воскресенск зауыттарының тау-кен жұмысшылары, шаруалар мен солдаттар қашып келді. Бұл жерлерде егіншілікпен, аңшылықпен, балық аулаумен айналысатын шағын ауылдар құрылды.

Сібір әкімшілігінің қарулы күштің көмегімен бұл ауылдарды жою әрекеттері сәтсіз аяқталды. Бұқтырма еріктілерін күшпен құрту мүмкін емес екендігіне көз жеткізген Сібір бекінісі желілерінің қолбасшысы Г.Штрандман қашқын «тас қалаушылармен» келіссөздер жүргізуге бел буды. Оның ұсынысы бойынша, 1792 жылғы жарлыққа сәйкес Бұқтырмалық қашқындар Ресей бодандығына «бұратана» ретінде, салық төлеу міндетімен қайтарылды [2, Б.60].

Ресей аумағында басыбайлылық құқығы жойылғаннан кейін Қазақстандағы славян халқының құра-

мында үлкен өзгерістер орын алды. 1861 жылдан кейінгі алғашқы онжылдықта шаруалардың қоныс аудару әрекеттері тоқтатылды. «Қылмыстық және түзеу жазалары туралы жинақта» тек қоныс аударуға дайындалғаны үшін екі аптадан үш айға дейінгі мерзімге қамауға алу көзделіп, қоныс аударуға «үгіт-теу» одан да қатаң жазаланды. Дегенмен де, мұндай қатаң жазалау шараларына қарамастан, өз еркімен қоныс аудару жалғаса берді. Ақыр соңында, билік көші-қон қозғалысына тыйым салудың орнына, оны реттеуді қолға алды. Нәтижесінде, 1881 жылы шаруалардың кейбір бөлігінің қоныс аударуын заңдастыратын «Шаруаларды бос қазыналық жерлерге көшіру туралы» уақытша ережелер бекітілсе, ал 1889 жылы 13 шілдеде қоныс аударуды заңдық тұрғыда бақылауға мүмкіндік беретін «Ауыл тұрғындары мен помещандардың қазыналық жерлерге ерікті түрде қоныс аударуы және аталған сословиелердің бұрынғы уақытта қоныс аударған адамдарын көшіру тәртібі туралы» заңды жариялады.

1896 жылы Қоныс аудару басқармасы құрылды да, Орал маңына қоныс аудару қозғалысының ауқымы туралы мәліметтерді әзірлеп, жариялай бастады. Алдыңғы жылдар бойынша мұндай сипаттағы ресми деректер сақталмаған. Алайда, 1897 жылы жүргізілген алғашқы Бүкілресейлік халық санағының материалдары бойынша ішінара толықтырылуы мүмкін, өйткені ол кезде облыстар мен провинциялардың халқын туған жері бойынша тіркеу жүзеге асырылған еді. Дала өлкесіндегі жағдай келесідей сипатта болды. Ақмола облысына келген халықтың саны 116594 адам, оның ішінде 66872 адам немесе 57,4% Полтава, Самара, Чернигов, Пермь және Саратов губернияларының тумалары болды. Орал облысында жергілікті емес халықтың саны 57587 адамды құрады, оның ішінде 43084 адам немесе 74,8% Еділ маңындағы Самара, Астрахань, Қазан, Нижегородск және Симбирск губернияларынан келгендер болды. Торғай облысына орналасқан қоныстанушылардың алғашқы легінің көлемі 30194 адам болған, оның 20784, яғни 68,8%-ы Самара, Орынбор, Воронеж, Пермь және Тамбов губернияларынан келген [3]. Санақ кезінде Семей облысында тіркелген 16126 адамның 7 040-ы немесе 43,7%-ы Воронеж, Таврия, Қазан, Вятка және Пенза губернияларынан көшіп келгендерді құрады. Жаңа қоныстанушылардың ең көбі Самара губерниясынан (43 747 адам, Қазақстан аумағына қоныстанғандардың 19,8%), Полтава губерниясынан (23 360 адам және 10,6%), Орынбор губерниясынан (13 670 адам, 6,2%), Пермь губерниясынан (11 559 адам, 5,2%) және Саратов губерниясынан (11 096 адам, 5,0%) келген. Олар Ресей империясының әртүрлі аймақтары – Украинадан Орынбор дала облыстарымен шекаралас аймақтарын түгел қамтиды. Алайда, бұл көрсеткіштер қоныс аударудың ауқымы мен негізгі қоныс аудару ағымдарының бағыттары туралы толық ақпарат бермейтінін есте ұстаған жөн. Өйткені ресми статистикада тіркелген қоныс аударушылардың көлемімен қатар, статистикалық есепке тіркелмеген ерікті қоныс аударушылар да көптеп келген болатын. Столыпіннің аграрлық реформалары кезінде қоныс аударушы шаруалардың легі ауқымды болды. Егер 1870-1906 жылдар аралығында Далалық өлкеге 521 мың адам қоныс аударса, 1906-1914 жылдары 714 мың адам қоныс аударды. 1910 жылы Ақмола облысының жергілікті емес тұрғындарының жалпы саны 439749 адам болса, оның ішінде 229983 адам Полтава, Екатеринослав, Самара, Харьков және

Киев губернияларынан келді. Торғай-Орал аймағына қоныстанған 169992 адамның ішінде 111192-сі Полтава, Екатеринослав, Херсон, Киев және Таврия губернияларынан келсе, Семей облысына келген 36 801 адам Таврия, Полтава, Екатеринослав, Харьков және Чернигов қоныстанған болатын [4].

1917 жылға қарай славян қоныс аударушылары мен олардың ұрпақтары даланың этникалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, ірі халық тобын құрды. Олардың көпшілігі Ақмола облысында болды (882,3 мың адам), одан кейін мекендеген славяндар саны бойынша Орал облысы (385,0 мың адам), Торғай (321,2 мың адам), Семей (196,5 мың адам) және Сырдария (153,8 мың адам) болды. Сонымен қатар Дала өлкесінің Омбы, Петропавл, Қостанай және Орал уездерінде олар халықтың көпшілігін құрады. Тиісінше 1914 жылы олардың үлесіне жоғарыда аталған облыстарда тұрған барлық халықтың Ақмолада – 56,7%-ы, Оралда – 40,8%-ы, Торғайда – 37,5%-ы, Семейде – 24,0%-ы және Сырдарияда – 6,2%-ы тиесілі болды. Жетісу облысында славяндардың үлесі 23,5 %, ал бүкіл Қазақстан халқының үлесінде 29,9%-ды құрады [5].

Қорытынды. Қазақстанның қазіргі аумағын славян халқының қоныстану динамикасына, осы халықтың басым әлеуметтік және мәдени сипаттамаларына жүргізілген талдау оның басым көпшілігі өз кәсібі мен өмір салты бойынша қазақтарды отарлық қанаудың басты субъектісі болмағанын және бола алмайтын қарапайым еңбеккерлерден, орыс және украин шаруаларынан құралған деп айтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, славян халықтарының қазіргі Қазақстан аумағына ауқымды қоныс аудару қозғалысын Ресей мемлекетінің қазақ жерлеріне отаршылдық шабуылының қарапайым эпизодына дейін азайтуға болмайды. Бұл тек қана қазақтардың басына түскен ерекше оқиға емес еді.

Еуразия кеңістігіндегі бұрынғы көші-қон процестерінің барлық трагизмінің өзінде де, оларды бір мағыналы морализациялық бағалаудың тар шеңберіне ілестіруге болмайды. Дегенмен, посткеңестік көші-қонға қатысты да осыны айту керек. Өрине, миллиондаған этникалық славяндардың өздерінің тарихи отанына оралуын бір кездері қоныс аударушылар басып алған халықтар үшін тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ретінде түсіндіруге болады. Алайда, бұл көптеген жеке қайғы-қасіреттерге, шығыс елдері халқының әлеуметтік-кәсіби құрылымындағы кідірістерге, елеулі экономикалық шығындарға айналатынын ұмытпау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Брусина О.И. Славяне в Средней Азии: Этнические и социальные процессы: Конец XIX – конец XX в. – М.: Вост. лит., 2001. 240 с.
- Алексеев Н. В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914). – Алма-Ата, 1981. 109 с.
- Национальные окраины Российской империи: становление и развитие системы управления (отв. ред. С. Г. Агаджанов и В. В. Трепавлов). М., 1997. 416 с.
- Бушков В.И., Толстова Л.С. Население Средней Азии и Казахстана (очерк этнической истории) //Расы и народы. – 2001. Выпуск 27. С. 141–167.
- Национальный состав населения СССР: По данным Всесоюзной переписи населения 1989 г. – М.: Финансы и статистика, 1991. 159 с.

REFERENCES

Brusina O.I. Slavyane v Srednej Azii: Etnicheskie i social'nye

processy: Konec XIX – konec XX veka [Slavs in Central Asia: Ethnic and Social Processes: Late XIX - Late XX Centuries]. – М.: Vost. lit., 2001. P. 240 [in Russian].

Alekseenko N. V. Naselenie dorevolucionnogo Kazakhstana (chislennost', razmeshchenie, sostav, 1870–1914) [Alekseenko N.V. Population of pre-revolutionary Kazakhstan (size, location, composition, 1870–1914)]. – Alma-Ata, 1981. P. 109 [in Russian].

Nacional'nye okrainy Rossijskoj imperii: stanovlenie i razvitie sistemy upravleniya (otv. red. S. G. Agadzhanov i V. V. Trepavlov) [National outskirts of the Russian Empire: the formation and

development of the management system (responsible ed. S.G. Agadzhanov and V.V. Trepavlov)]. – М., 1997. P. 416.

Bushkov V.I., Tolstova L.S. Naselenie Srednej Azii i Kazakhstana (ocherk etnicheskoi istorii) [Bushkov V.I., Tolstova L.S. Population of Central Asia and Kazakhstan (essays on ethnic history)]//Races and peoples. – 2001. Vol. 27. PP. 141–167.

Nacional'nyj sostav naseleniya SSSR: Po dannym Vsesoyuznoj perepisi naseleniya 1989 goda [National composition of the population of the USSR: According to the 1989 All-Union Population Census]. – М.: Finance and statistics, 1991. P. 159.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІН

ҒТАХП/IRSTI/MPHTI: 05.01.09
ӘОЖ 94

Жұмазия ЖҰМАБАЕВА¹, Самал МОЛДАШЕВА,²

¹Т.ғ.к., ассоциацияланған профессор, E-mail: zia_88@mail.ru,

²тарих магистрі, E-mail: Samal_moldasheva@mail.ru,

^{1,2}Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қ. Қазақстан.

АТЫРАУ АЙМАҒЫНЫҢ КЕҢЕС ЗАМАНЫНДАҒЫ ЭТНО-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІ

Мақалада кеңес өкіметі жылдарындағы Атырау облысы тұрғындарының этникалық-демографиялық өзгерістері сараланады. Республика көлеміндегі кеңестік модернизациялаудан туындаған: азамат соғысы, тәркілеу, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру, 1921-1922 жж., 1931-1933 жж. ашаршылықтар, жаппай қуғын-сүргін, депортация, Ұлы Отан соғысы кезінде адами шығындар, орталықтағы өндіріс ошақтарының көшірілуіне байланысты сырттан әкелінген жұмыс күштерінің көші-қоны Атырау өңірінің этникалық-демографиялық, экономикалық-әлеуметтік құрылымдарына өзгерістер енгізді. Осы тенденциялардың Атырау облысындағы жүргізілу барысының жағдайы мен ерекшеліктерін талдаудың ғылыми-танымдық және тәжірибелік маңызы өте жоғары. Әсіресе, өлкенің көшпелі қазақтарын күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру, ашаршылық кезеңдеріндегі демографиялық шығындарын айқындауға талпыныс жасалып, қолжетімді эмпирикалық деректер негізінде Атырау облысындағы демографиялық өзгерістердің жалпы тенденциялары айқындалды.

Түйін сөздер: Кеңестендіру, Атырау облысы, этно-демографиялы процестер.

Ж. ЖУМАБАЕВА¹, С. МОЛДАШЕВА,²

¹к.и.н., ассоциацияланған профессор, E-mail: zia_88@mail.ru,

²магистр истории, E-mail: Samal_moldasheva@mail.ru,

^{1,2}Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова,
г.Атырау, Республика Казахстан.

ЭТНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ АТЫРАУСКОГО РЕГИОНА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Исторические события советской эпохи, как гражданская война, конфискация баев-полуфеодалов, коллективизация и голод 1921-1922 гг., 1931-1933 гг., массовые репрессии, депортация народов и эвакуация промышленных объектов во время Великой Отечественной войны, также освоение целинных и залежных земель и интенсивный ввоз рабочей силы из других регионов СССР в этой связи привели к существенной трансформации этнической-демографической и социально-экономической структуры казахского общества. Изучение этих важнейших тенденций в этно-демографической, социально-экономической жизни на примере Атырауской области имеет важное научно-теоретическое и практическое значение. В связи с этим данная проблема изучается на основе научной обработки источников, находящихся в фондах областного государственного архива и результатов новейших исследований по данному вопросу.

Многочисленные административно-территориальные деления, неоднократно проводившиеся в 20-30-е годы в области и нечеткость территориальных границ Гурьевской области вызвали определенную трудность в выявлении демографических потерь в период насильственной седентаризации и коллективизации кочевых казахов края, также в период голодомора.

Ключевые слова: Атырауская область, советские реформы, этно-демографические процессы.

Zh.K. ZHUMABAYEVA¹, S.K. MOLDASHEVA²,

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, E-mail: zia_88@mail.ru,

² Master of History, E-mail: Samal_moldasheva@mail.ru,

^{1,2}Dosmukhamedov Atyrau University. Atyrau, Kazakhstan

ETHNO-DEMOGRAPHIC PROCESSES ATYRAU REGION IN THE SOVIET PERIOD

Historical events of the Soviet era, such as the civil war, confiscation of semi-feudal lands, collectivization and famine of 1921-1922, 1931-1933, mass repressions, deportation of peoples and evacuation of industrial facilities during the Great Patriotic War, as well as the development of virgin and fallow lands and intensive import of labor from other regions of the USSR in this regard led to a significant transformation of the ethnic, demographic and socio-economic structure of Kazakh society. The study of these major trends in ethno-demographic, socio-economic life on the example of the Atyrau region is of great scientific, theoretical and practical importance. In this regard, this problem is studied on the basis of scientific processing of sources located in the funds of the regional state archive and the results of the latest research on this issue.

Numerous administrative-territorial divisions repeatedly carried out in the region in the 20-30s and the indistinctness of the territorial boundaries of the Guryev region caused some difficulty in identifying demographic losses during the period of forced sedentarization and collectivization of the nomadic Kazakhs of the region, as well as during the Holodomor.

Key words: Atyrau region, Soviet reforms, demographic processes

Кіріспе. Атырау аймағының Кеңес заманындағы тарихи-демографиялық жағдайын зерделеудің маңыздылығы айрықша. Сондықтан аталмыш мәселені талдаудың маңыздылығы соңғы жүз жылдықтағы саяси, әлеуметтік және экономикалық түбегейлі өзгерістердің аймақ тұрғындарының саны мен сапасына, этникалық-мәдени құрылымына ықпалы арқылы айқындалады. Сондықтан Атырау облысы көлеміндегі демографиялық өзгерістерді екі кезеңге бөліп қарастыру қажет: Кеңес мемлекеті жағдайындағы көрсеткіштер тәуелсіздік кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстырып қарастырылады.

Аталмыш мақалада тек Кеңес заманындағы демографиялық өзгерістерді саралау мақсаты қойылады. Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) кезеңінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, көшпелі тұрмысын XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін сақтаған қазақ халқы түбегейлі өзгерістерді бастан кешті. Бұл процестер көшпелі қоғамнан отырықшы қоғамға өту мақсатын ғана емес, жеке меншікті жойып, социалистік қоғамдық, ұжымдық меншікті қалыптастыруға бағытталған орасан зор формациялық өзгерістерді күштеп, зорлап жүргізумен ұштастырылды. КСРО-ның құрамындағы өзге ұлттық аймақтардың көпшілігі отырықшы болғанын ескерсек, Қазақстан жағдайында социализмге өту процесінің қаншалықты қиын болғанын айтып жеткізу мүмкін емес.

Кеңестік волонтаристік қайта құрулар КСРО көлемінде жеке шаруашылықтарды жою және өнеркәсіп саласын, ауыл шаруашылығын мемлекеттік меншікке күштеп көшіргенін және оның орасан зор зардаптарын білеміз. Мысалы, Ресейде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін помещиктер мен капиталистердің мүлігі тартып алынып, мемлекетке өткізілгені бәрімізге мәлім. Кеңес өкіметінің Азамат соғыс жылдарындағы «әскери коммунизм» саясаты, одан кейінгі индустрияландыру және аграрлық саланы ұжымдастыру шараларынан КСРО құрамындағы республикалар түгелдей зардап шекті. Жүз мыңдаған шаруалар халық жауы ретінде түрмелерге, лагерьлерге қамалды. Бұның бәрі тарихтың ақиқаты.

Алайда қазақ халқының тағдыр-талайы бұлардан әлдеқайда ауыр, әрі аянышты болды. Отырықшы аймақтар осындай зардаптар шексе, көшпелі тұрмыста, малмен кең даланы жайлаған 5 млн-ға жуық көшпенді қазақ индустрияландыру және коллективтендіру шаралармен қатар, жедел түрде отырықшыланыуы тиіс болды. Қазіргі ХХІ ғасырдағы Қазақстанда оңтүстік-

тен отбасыларды солтүстікке ішінара көшірудегі проблемаларды ескерсек, осыдан 100 жыл бұрынғы кездегі жағдайды тіпті елестетудің өзі қиын. Ақырында, бірнеше ғасырларда жүзеге асатын қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бас аяғы 5 жылда жедел, әрі жаппай күшпен жүргізу арқылы Кеңес өкіметі қазақ халқын ашаршылыққа ұрындырды. Орны толмас демографиялық апаттан халықтың тең жартысы опат болды. Кеңес заманының алғашқы 30-40-жылдардағы республикадағы қазақ тұрғындарды қамтыған демографиялық апаттан кейінгі демографиялық құлдырау екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы адам шығынымен жалғасты. Бұл процесс сталиндік тоталитаризмнен зардап шеккен, Қазақстанға күштеп депортацияланған халықтардың келуімен, тың және тыңайған жерлерді игеруге шақырылған КСРО халықтары есебінен тұрақты тенденцияға айналды. Өз жерінде азшылық болған қазақтардың демографиялық өсу динамикасы 70-80-жылдарда байқалғанмен, тәуелсіздік қарсаңында да басым тенденцияға айналмады. Қазақстанда жергілікті автохтонды қазақ халқының демографиялық өсуі тек тәуелсіздік жылдарында жүзеге асты. Саяси экономикалық саясатпен тығыз байланысқан демографиялық процестер Қазақстан тұрғындарының этникалық құрылымына өзгерістер енгізді, қазақ емес ұлттардың үлес салмағы 40-90-жылдарда басым болса, ХХІ ғасыр басында қазақтардың үлесі басымдыққа ие болды. Сіздерге ұсынылып отырған мақалада Қазақстан жағдайындағы этно-демографиялық құрылымның Атырау аймағындағы ерекшеліктерін талдау мақсаты қойылып, зерттеудің алғашқы нәтижелері ұсынылды.

Талдау. ХХ ғасырдың басында халық тарихын зерттеу жүйелі сипат ала бастады. Гурьев (Атырау) өңірінің Қазан төңкерісіне дейінгі саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуы революцияға дейінгі жарық көрген еңбектерде және кеңестік кезеңде зерттелді. Адами шығындардың ақиқаты ашылмаса да, Қазақстан тұрғындарының демографиялық өзгеру тенденциялары зерттеу нысанына айналды.

Жалпықазақстандық деңгейдегі демографиялық процестерді зерттеген Т.Елеуов, А.Н.Нүсіпбеков, С.Н.Покровский, А.С.Елагин, Л.Е.Файн, С.Т.Қожабаев, К.Е.Темірғалиев сияқты ғалымдар еңбектерінде Атырау облысының демографиясына қатысты ішінара мәліметтер көрініс тапты.

ХХ ғасырдың 80-жылдарынан басталған қоғамдық-саяси өзгерістерге орай Қазақстанда қоғамдық

ғылымдарды зерттеуге жаңаша көзқарас қалыптасты. Қазақстандық тарихнама өкілдері де тұрғындардың этникалық-демографиялық құрылымына назар аударып, осы өзекті мәселе бойынша М.Қ.Қозыбаев, Ж.Б.Абылхожин, М.Б.Тәтімзов, Қ.С.Алдажұманов сияқты ғалымдар іргелі зерттеулер жүргізді. Әйтсе де, бұл еңбектер Гурьев (Атырау) өлкесіндегі этникалық, демографиялық процестерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырмайды.

Тарихи демографияның аймақтық саласына қатысты алғашқы кешенді еңбектің бірі – Батыс Қазақстан аймағы бойынша шыққан М.Н.Сыдықовтың монографиясы. Бұл еңбек Қазақстанның жергілікті өңірлерінде шоғырланған халықтың демографиялық және әлеуметтік дамуы жөніндегі құнды зерттеу саналады. Онда Батыс Қазақстан аймағындағы халықтың орналасу және даму тарихы, саны мен ұлттық құрамындағы өзгерістер мұрағат деректері мен халық санақтарының есептері негізде сараланады. Бұл еңбектегі Атырау облысына қатысты деректер өз құндылығын жойған жоқ және аталмыш мақалада қолданылады.

Жергілікті зерттеушілер арасында Гурьев облыстық партия комитетін ұзақ жылдар басқарған С.Мұқашевтің «Летопись города Атырау 1640–2001» еңбегін, тарих ғылымдарының докторы, Атырау мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры, белгілі тарихшы Х.Табылдиевтің «Өзгерген өмір, жаңарған өңір», «Атырау қаласының тарихы», «Атырау облысының тарихы» атты монографияларында Атырау облысының революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі саяси-әкімшілік, экономикалық-әлеуметтік және мәдени ағарту салаларына кешенді талдаулар жасалғаны белілі.

Құнды материалдардың басым көзі Атырау Облыстық Мемлекеттік мұрағатында (Ат ОММ) сақталған. Мұрағаттың 300-қор (Гурьев облыстық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің халық шаруашылық басқармасы), 855-қор (Атырау облыстық халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті), 2-қор (Гурьев уездік жұмысшы, қызыл әскер және казак депутаттары атқару комитетінің кеңесі), 17-қор (Гурьев жұмысшы шаруалары мен қызыл әскер депутаттары атқару комитетінің аумақтық статистика бөлімі), 18-қор (Гурьев уездік атқару комитетінің статистикалық бөлімі), 7-қор (Гурьев жұмысшы шаруалары мен қызыл әскер депутаттары атқару комитетінің жоспарлы комиссиясы), осы қорлардағы статистикалық мәліметтер мақаланың деректік негізін құрайды. Осы мәліметтерді екшеу, жүйелеу, салыстырмалы талдау зерттеу жұмысының ғылыми аппаратын қалыптастыруға ықпалын тигізді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың теориялық-методологиялық негіздері ғылыми принциптерге, география және тарих ғылымдарының пән аралық әдістеріне негізделген. Нақтылы фактілік материалдарды және мұрағаттық деректерді зерделеу, талдау және сандық мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру, саралау, қорытындылау арқылы жүргізілді. Сондай-ақ, тарих ғылымындағы зерттеудің тарихилық, объективтілік, жүйелілік-құрылымдық, тарихи-салыстырмалық, тарихи-типологиялық принциптері басшылыққа алынды.

XX ғасырдың 20-30-жылдарында бірнеше мәрте жүргізілген әкімшілік-территориялық бөліністердің көптігі салдарынан Гурьев уезі тұрғындарының нақты санын, демографиялық шығынын анықтау үлкен қиындықтар туғызды.

Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы

адами шығындардың ақиқатын кейбір архив қорларының жабық болуына байланысты толыққанды зерделеу мүмкін болмады. Сонымен, Кеңестік кезеңдегі (1917-1989 жж.) өлке тұрғындарының демографиялық ахуалын, әкімшілік-аумақтық қайта құруларды, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық құрамы мен құрылымдарын зерттеу Атырау облыстық мемлекеттік архив деректері және демографиялық проблемаға арналған ғылыми-танымдық әдебиеттерді саралау, зерделеу негізінде тұжырымдалды.

Зерттеу нәтижелері. 1917 жылы 25 қазандағы төңкерістен кейін большевиктер билікке келіп, 1918 жылы Гурьевте (Атырауда) Кеңес өкіметі орнады. Патша өкіметіне адал Ресей әскерилері мен орыс-казак әскерлері жаңа өкіметті мойындамай, Ресейде Азамат соғысы басталды. 1918-1920 жж. Атырау аймағы да соғыс ошағына айналды. Толстов бастаған ақгвардияшылдар мен кеңестік Қызыл армия арасындағы шайқастар өлкенің демографиялық және экономикалық жағдайына кері әсерін тигізбей қоймады.

Азамат соғысын жеңіспен аяқтаған Кеңес өкіметі 20-30 жылдарда елде ірі қоғамдық өзгерістер енгізіп, әлеуметтік-экономикалық құрылымды түбірімен өзгертіп, саяси билікті алмастырды. Осы жылдарда өлкенің территориялық-әкімшілік жүйесі бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1920 ж. 20 қазанында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғанға дейін Гурьев қаласы Астрахань губерниясының, Орал казактары әскерлігінің уақытша қарауында, Орынбор губерниясының қарамағында болды. ҚазАКСР-і әкімшілік-территориялық құрылымына сәйкес Гурьев уезі Орал губерниясының құрамына берілді. Большевиктер, патша өкіметінің Столыпіндік қоныстандыру саясатын жалғастырып, оған жаңа мазмұн берді. Оны кеңестік ұлт саясатын шешудің құралы ретінде пайдаланып, Ресейден шаруаларды қазақ жеріне қоныстандыру заңдарын қабылдады [Табылдиев-а, 2008:20].

1928 жылы 17 қаңтарда Орталық Атқару комитетінің 11-сессиясы шешімімен Гурьев уезі таратылып, Гурьев округы құрылды. Оның құрамына 6 аудан кірді. Олар Жаманқала (Махамбет), Есбол (Индер), Доссор, Жилокоса (Жылыой), Қызылқоға, Теңіз (Құрманғазы) аудандары еді. Округтің орталығы болып Гурьев қаласы белгіленді. Сол сессияда Орал губерниясы таратылып, оның уездері мен болыстары жаңа құрылған Гурьев және Орал округтері құрамына бөлініп берілді [Атырау облыстық мемлекеттік архиві, АТОМА-а: п.14].

Жаңа құрылған Гурьев округінің жер көлемі 84 340 шаршы км. болса, халқы 173 147 болды. Округ орталығы Атырау қаласына Кеңезек және Плотовин селолық кеңестері де кірді. Қаланың халқы 13 653 адам болса, қаланың жер көлемі 250 шаршы км-ден аспады.

Осылайша уездер орнына округ құрылып, әкімшілік-территориялық бөліністер без берекетсіз жүргізілді. Мәселен, 1928 жылы 15 шілдеде Теңіз ауданы Орал округінен алынып, Гурьев округіне қосылды. Осыдан екі айдан соң Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1928 жылғы 17 қыркүйектегі қаулысымен Жилокоса (Жылой) ауданы таратылып, Доссор ауданына қосылды да осы аймақтар Адай округіне берілді. Жарты жыл өткеннен кейін 1929 жылы 10 сәуірде, Адай округі де таратылып, оның территориясы Гурьев округіне қосылды [АТОМА-б: п.293].

Территориялық өзгерістер мұнымен бітпеді, 1928

жылдан бері жоғарыдағы ауыс-түйісетерді бастан кешкен Гурьев округі 2 жылға жетпей, 1930 жылы таратылып, аудан болып қайта құрылады. Осыған орай территория бойынша тағы да өзгерістер болып, оның құрамына кірген аудандар ірілендіріліп, бір-біріне қосылды. Гурьев ауданының құрылуына орай, ондағы Қызылқоға ауданы таратылып, оның жері түгелімен Доссор ауданына берілді. Сондай-ақ, 1930 жылы бұрынғы округке Есбол, Новобогат, Жаманқала аудандары таратылып, Гурьев қаласына қосылып, **Гурьев ауданын құрды.**

Алайда арада екі ай өтпей жатып, сол жылы жаңағы үш аудан қайтадан жеке аудандар болып құрылды. Осыған орай жергілікті архив материалдарындағы Гурьев өңірінің болыстары және уезі, аудандары бойынша мәліметтер әр жылда үнемі өзгеріске ұшырап, салыстырмалы талдау жүргізуге үлкен кедергі келтірді.

Сонымен 1930 жылдың 17 желтоқсаны мен 1933 жылдың 1 шілде аралығында екі жылдай **Гурьев ауданы Батыс Қазақстан** (орталығы Орал қаласы) **облысына қарады** да, сол жылы Гурьев қаласы, Теңіз, Жилокоса, Маңғыстау аудандарымен қоса **Гурьев қайта округ** болды. Осынау бірінен соң бірі жүргізілген әкімшілік-территориялық бөліністер қазақтың дәстүрлі шаруашылығы мен өмір салтын социалистік негізге көшірудің аса қиын жағдайларда өткенін көрсетеді. Бұл есепсіз әкімшілік-территориялық бөліністердің не үшін жасалғандығы, логикасы ақылға симай тұрғанын түсіну қиын емес.

Біздің пікірімізше, Кеңес өкіметінің заңсыз шараларын бүркемелеу бағытында жасалғаны көрініп тұр. Өйткені бұл шеті мен шегі жоқ әкімшілік-территориялық өзгерістер 1929-1933 жылдардағы жаппай ұжымдастыру науқанымен, отырықшыландыру саясатымен сабақтастырылып, қазақ халқына адам төзгісіз жойқын эксперимент жасалды. Отырықшыландыру көшпелі халықты үй-жаймен, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді талап етсе, жаппай ұжымдастыру (колхоздастыру) жеке қожалықтарды социалистік негізге көшіруге бағытталды. Осы аса жауапты, ұланғайыр екі шараның 3-4 жылға жоспарлаудың өзі барып тұрған зұлымдық, халықты өлімге айдайтын саясат болды. Өйткені әлемдік жұртшылығы тарапынан экономикалық блокада болған Кеңес өкіметінің бұл шараларды жүргізуге қаражаты да жоқ болатын.

Сондықтан қаржыны үнемдеу мақсатында 1931 жылы қараша айында округтер таратылып, аудандарды ірілендіру қаулысы жағдайды одан әрі қиындатты. Құрылымдық сапырылыстар басталып, республикадағы 182 аудан 121-ге азайтылды. Мысалы, тек қана Орал округіндегі 15 аудан 9-ға, Гурьевте 8 аудан 5 ауданға, т.б. с. с., біріктіріліп, нәтижесінде, одақтық және республикалық бюджеттен қаржыланатын агротехникалық, мал дәрігерлік, халық ағарту шығындары аудандық бюджеттерге беріліп, шығындар жергілікті халық мойнына түсті [Жұмабаева, 2000: 93].

Ақыры осы волюнтаристік шаралар қазақ халқының тең жартысын құрбан еткен ашаршылыққа әкеп соқты. Оны 1930-1933 жылдарда Қазақстанның ауылдық жерлерінде 3 млн. 379,5 мың адамға кемігені туралы мәлімет растайды [Материалы к отчету:138]. 1928 жылға дейін Қазақстандағы тұрғындардың 57,4% құраған қазақтар РСФСР-да 3-ші орында, КСРО-да 4-ші орында болса [ҚРОММ, қ.229, т.1, іс-863, п.46], 1939 ж. Қазақстандағы қазақтар саны шамамен 37,84 % құрауы демографиялық шығынды

геноцид деп бағалауға мүмкіндік береді.

Ал кеңестік ресми деректер бойынша 1928-1939 жылдар арасында, қазақтардың саны шамамен 20% азайып тұр, мұның шындыққа сай еместігін 1991-2000 жж., объективті зерттеулер дәлелдеді. Қазақтардың ашаршылық жылдарындағы шығынын шетелдік зерттеушілер Конквест 1 млн, С.Уиткфорт 1,5 млн-ға [Омарбеков, 2019:12] десе, қазақстандық тарихшылар: М.Қозыбаев, М.Тәтімов, Ж.Абылхожин 1,750 млн болған деп тұжырымдайды [Абылхожин., Козыбаев,Татимов 1989:18]. Ал Михайлов, Т.Омарбеков, т.б. ғалымдар 1931-1933 жылдарығы Ашаршылықтан өлген қазақтардың санының 2 млннан асқанын негіздеді [Омарбеков,1997:37]. Сонымен қатар 1992 жылғы 22 желтоқсандағы мемлекеттік комиссия қазақтар арасындағы шығынның 49% жеткені туралы, ашаршылықтан өлгендер саны 2 млн 200 мың адам деген қорытынды шығарды. Осыған орай профессор Т. Омарбеков осы шешімнің елеусіз қалғанына таңданыс білдіреді [Омарбеков, 2019:12].

Енді Гурьев аймағының ауыл тұрғындарына 30-жылдардағы кеңестендіру шаралары қалай әсер еткенін қарастырайық. 1926/1927 жж. санақ бойынша, Гурьев округіндегі (Адай округі кірмеген кез) халық саны –168 526 адамды құрап, оның 14 001 - қалалықтар, 154 525- ауылдықтар болса, 1932/1933 жж. тұрғындар саны(Адай округі тұрғындарын қосқанда) 268 104 адам, оның 93 211 – қала халқы, 174 893 – ауыл халқы [Сарсекенова,2011:125] болған.

Бұл сандар Гурьев округінің тұрғындарының 100 мыңнан аса адамға көбейгенін көрсеткенмен, бірақ оның себебі 1929-1930 жылдардағы Гурьев округіне Адай (Маңғыстау) округінің қосылғанына байланысты боп тұр. Мысалы, 1926-1927 жылдардағы сандық деректерге сүйенсек, Адай округінің халқы –166 403 адам болған, оның ішінде, қала тұрғындары – 2110, ауыл тұрғындары – 164 295 (бұл жерде ауылдықтарды– қазақтар деп түсіну қажет, өйткені олар әлі көшпелі – Ж.Ж.), сонда 1926-1927 жж. 2 округтың халқының саны – 334 929 адам, оның ішінде, 318 820 (95,2%) - ауылдықтар (қазақтар). **1926/1927 жж. және 1932/1933 жж., халық санының айырмасы қала халқы бойынша өсім +77099 адам, ауыл халқы бойынша адам шығыны –144 927 болып тұр, бұл дегенің қазақтардың 45,5% азайғанын көрсетіп, аштық жылдарында қазақтың тең жарымы қырылды деген тұжырымның дұрыс екендігін дәлелдейді.**

Гурьев округіндегі (Маңғыстаудың 1929-1970 жж. Гурьев облысы құрамында болғанын ескеруді ұмытпайық – Ж.Ж.) отырықшыландыру мен ұжымдастыру жылдарындағы аштан қырылғандар саны ресми құжаттарда мүлде көрсетілмегендіктен, осындай жанама деректерді салыстыру арқылы шығарылды. Сөзіміз дәлелдірек болу үшін демографиялық мәселелерді зерттеген К.Сдыковтың мәліметтерін саралайық. Оның зерттеуі бойынша, 1933 ж. Гурьев өңірінде барлығы 85 592 халық болса, оның қала халқы 28 046, ауыл халқы 57 546 адам. Бұл деректерді салыстырмалы талдау 1934 ж. барлығы 62 098 халықтың 30 046-сы қалалықтар, 31 598-і ауылдықтар, 1939 ж. Гурьев өңіріндегі 268 100 тұрғынның 93 211 – қала халқы, 174 889 – ауыл халқы құраған.

Бұл цифрлар осы есепті кезеңде өлкедегі урбанизация процесінің күрт өскенін көрсетеді, мысалы тек 6 жылда (1933-1939 жж.) қала халқының өсімінің 70 мыңнан асқанын көрсетеді. **Ал ауыл тұрғындары (ауылда тұратын негізінен қазақтар екенін**

ескерсек) туралы мәліметтер әрқилы: 1933 ж. 57 546 ауылдықтар болса, 1934 ж. - 31 598, яғни айырма минус 28 мыңдай, осы цифр қазақтардың аштықтан қырылу тенденциясын, нақты шығынның шамамен 45% екенін көрсетеді.

Осыған орай, басқа бір деректерді зерделесек, 1931-1933 жж. Батыс Қазақстан және Гурьев региондарындағы жергілікті халық – қазақтардың санын салыстырып қарайық: 1931 ж.-445 415, 1932 ж.-322 853, ал 1933 ж.-281 291 [Сдықов, 2008:42], яғни үдемелі азаю тенденциясы басым, 1931 жылдан 1933 жыл бойына, 2 жылда қазақтардың 36%-ға төмендеуі байқалады. Қазақ АСР-і кезеңіндегі ресми құжат–«Материалы к отчету ЦИК Каз АССР» дерегіндегі кестеде 1926-1927 жж. Орал (Батыс Қазақстан) ауыл тұрғындарының саны 388 349, Гурьев өңірінің ауыл халқы 154 525, екеуін қосқанда барлығы 542 874 адам болатынын ескерсек, көшпелі ауылдағы қазақ тұрғындарының 1931 жылға дейін де 97 459-ға азайғаны көрініп тұр. Осы мәліметтерге сүйеніп, 1928-1933 жж. бес жылда қазақ тұрғындардың 261 583 адамға азайғанын шығаруға болады. Нақты халық санының өзгерісін көрсететін ресми статистикалық деректер жинағының болмауы себебінен осындай қосалқы, жанама тәсілдер арқылы қазақтардың 1928-1933 жылдардағы шығынның өте жоғары деңгейі туралы тұжырым жасауға болады.

Кеңес заманында қала халқының табиғи өсімі, сонымен бірге отырықшыландырудың нәтижесінде ауыл-селоардың қалалық мекендерге айналуы процесі жүріп, қалалықтардың сан жағынан көбеюіне өсуіне әсер етті. Қазақстанда қалалықтардың өсу деңгейі 18,4% болса, КСРО көлемінде бұдан екі есе артық, яғни 37,5% болды.

Осыған орай Гурьев қаласы тұрғындарының өсу динамикасын революцияға дейінгі кезеңмен салыстыра отырып қарастырайық. 1915 ж. Гурьев уезінде 161.332 тұрғынның 11.311-і қалалықтар болды. Оның ішінде: қазақтар – 124 450, казак-орыстар – 17 861, сырттан келгендер – 15 667, теңіз жағасындағы кент тұрғындары 3 355 адам болған [Атырау: Энциклопедия, 2000:55]. **1920 ж. қала тұрғындары 10.152 адам болса, 1926 ж.- 12.009 адам, 1928 ж. – 12.700, 1929 ж. – 13.600, 1930 ж. – 14.500, 1931 ж. - 22.181, 1932 ж. – 29.500, 1933 ж. – 32.500, 1939 жылы 41.000 адамға дейін көбейді** [Табылдиев, 2018:89]. Бұл цифрларды сөйлетсек, қала халқының үнемі өсу динамикасын байқалады. 1926-1931 жылдардың аралығында қала халқы 10.384 адамға өскен. Тек 1920 жылы 1915 жылғымен салыстырғанда 1 мыңдай адамға азайған. Мұны азамат соғысы кезіндегі Толстов бастаған орыс-казактар әскерлерінің талқандалуымен байланыстыруға болады.

Гурьев қаласы тұрғындары 1931 жылы аштық басталғанда 2 есеге өсіп, 22.181 адамды құраған, ал 1933 жылы 1920 жылғы 10.152 адамнан – 32.500 ға жеткен, ал 1939 жылы 41.000 болған. Бұл сандар ашаршылық кезінде өлмей, аман қалғандардың қалаға шоғырланғанын дәлелдейді

Енді 1920 жылға дейін Гурьев қаласы тұрғындарының ұлттық құрылымын зерделесек, онда қазақтар өте аз болғанын көруге болады яғни өлке тұрғындарының көбі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. 1922 жылдан бастап қазақтар саны өсіп, 4512-ге жетті. Оның 2 334-і ерлер, 2 178-ін әйелдер. Орыстар 2 213 болса, оның 1 058-ер, 1 155-әйел адамдар құраған. Татарлардың 56 адамының 34-і ер адамдар, 22-і әйел адамдар құраған [АТОМА.,қ. 18, т.1, іс18:17]. **Яғни 1920 ж. Гурьев қаласының ұлттық**

құрамы тек 3 этностан қазақ, орыс, татарлардан құралған. Осылайша ауыл шаруашылығындағы кеңестік эксперименттерден қашқан жұрт есебінен және өнеркәсіп өндірісінің дамуына орай қалалықтар саны өсті.

1924 жылы Гурьев қаласындағы 10 260 тұрғынның 2 823 (27,5%) қазақтар, 424 (4,1%) татарлар, қалғаны –орыстар болды. Қала тұрғындарының ұлттық құрамы да өзгеріп, 1926 жылы Гурьевте 11 ұлттық өкілдері тұрса, 1935 жылы олардың саны 16-ға жетті. Яғни Кеңестік кезеңде Қазақстан тұрғындарының этникалық құрылымы өзге ұлт өкілдерімен толыққан.

Бұл кезде уезд бойынша қазақтар – 68,4 мың, орыстар – 24,7 мың, татарлар – 1,6 мың адам болған. Бұл статистикалық мәліметтер ХХ ғасырдың 20 -жылдарында қала халқының этникалық құрамының өзгергенін, және қаладағы қазақтар өсімі алдыңғы кезеңдерге қарағанда басымдау болғанын көрсетеді.

Кейінгі жылдардағы кеңестік шаралар ауыл тұрғындарын күрт азаю, ал қала тұрғындарының өсу тенденциясын байқатты. Урбанизация процесі бір жағынан, аштықтан аман қалғандардың қалаларға шоғырлануымен байланысты болса, екінші жағынан, екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен басында депортацияланған кәріс, балтық, поляк, неміс, батыс украин, белорус, 1944 жылдан бастап, кавказдық этностардың қоныстануымен күшейді.

Соғыстан кейінгі жылдарда соғыстағы адами шығындар, және ХХ ғасырдың 50-70-жылдарындағы экономикалық реформаларға қатысты қазақ жеріне өзге ұлттардың еңбек миграциясы қазақ ұлты өкілдерін өз жерінде азшылыққа айналдырды. Нәтижесінде халықтың сандық және сапалық құрылымы ғана емес, еңбекпен қамту, білім деңгейі, кәсіптік-мамандық құрамы, әйелдердің қоғамдағы орны мен білім деңгейіндегі өзгерістер, аймақтағы қазақтардың сан жағынан азайып, керісінше өзге ұлт өкілдерінің, оның ішінде орыстар санының көбею тенденциясы орнықты.

Гурьев қаласы тұрғындарының еселеп өсуіне мұнай техникумы, ФЗУ мектебі, қалалық оқу комбинатынан басқа әр түрлі мамандықтар беретін курстардың ашылуы әсер етті. Мысалы, 1931 жылы Гурьев автокөлік тасымалы жанында басқарма қаражатымен 68 адамдық шофер және басқа мамандықтар бойынша беретін курс, 10 айлық құрылысшылар, 2 айлық бұрғылаушылар, 2 жылдық еңбек озаттары-стахановшылар курстары ашылып, жұмыс істеді.

Әсіресе, мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшылардың қатары көбейді. Соның ішінде Гурьев-Орск мұнай құбырының салынуы өңірде жұмысшылар мен қызметкерлердің санын өсірді. Құрылыс жұмысына еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, өлкеміздің әлеуметтік-демографиялық құрылымына әсер етіп, қала халқының басымдылығымен ерекшеленді.

1920 жылдың ақпанында Гурьев уезіндегі мұнай кәсіпшілігінде небары 590 жұмысшы мен қызметкер болса, 1922 жылы ол 2275-ке жетті. Гурьев қаласы мен уезіндегі мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмысшылар мен қызметкерлер санының өсуі мұнан кейінгі жылдарда да байқалды. Мысалы, 1923 ж. -2.374, 1924 ж.-2.673, 1925 ж. – 2.966, 1926 ж.-3.036, 1930 ж.-3.033, 1937 ж. -5.151-ге жетті. Бұл кезеңде мұнай кәсіпшіліктеріндегі қазақ жұмысшылары қатары толықты. Гурьев қаласы мен уездегі мұнай кәсіпшілігінде істейтін жұмысшының 1925 жылы 53% қазақтар болса, 1926 жылы 55,7%, 1930 ж. 57,7% ұлттық кадрлерден құралды. Гурьев-

Орск мұнай құбыры мен Гурьев-Қандыағаш теміржол құрылысында 8.209 адам еңбек етсе, оның 5579-ы қазақтар, 948-і – орыстар, 268-і украиндар мен басқа ұлт өкілдері болатын.

Бірінші бесжылдықта Қазақстанда өнеркәсіп пен темір жолдар салынып, жаңа колхоздар мен МТС-тердің көбеюі әкімшілік басқаруға өзгеріс енгізіп, жаңа облыстардың ашылуын қажет етті. 1932 жылы ақпан айында Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің ІІ сессиясында облыстар құру жайлы ұсыныстар негізінде 1938 жылы 15 қаңтарда КСРО-ның Одақ және Ұлттар Кеңесінің біріккен мәжілісінде КСРО Конституциясының 28-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақ ССР-інде құрамында Гурьев, Қызылорда, Павлодар облыстары құрылды.

Гурьев – әкімшілік-аймақтық ішкі бөлінуіне байланысты, 1938 жылы 15 қаңтарда облысқа айналып, жеке шаңырақ көтерді. Жері 118,0 мың км². Оның құрамында Гурьев (Атырау) қаласы, Теңіз (Құрманғазы), Баксай (Махамбет), Жилокосинск (Жылыой), Испульск (Индер), Мақат, Маңғыстау аудандары енгізілді. Облыста 1939 ж. Новобогат (Исатай) ауданы құрылды. Бұл аудан 1957 ж. таратылып, 1977 ж. қайта құрылды, 1941 ж. Форт-Шевченко ауданы, 1944 ж. Қзылқуинск (Қызылқоға) аудандары құрылып, қосылды. Орталығы Гурьев қаласы болып белгіленді [АтОМА, қ.855. т.1, іс 61. П 296].

Гурьевте өнеркәсіп орындары мен оқу орындарының ашылуы, ауыл шаруашылығының дамуы қалалар мен қала үлгісіндегі ауылдардың (қазіргі аудан орталықтары) пайда болуына ықпал етті. Әсіресе, ХХ ғасырдың 60-70-жылдарындағы өлке халқы санының өсіміне көші-қон ағымы көп әсер етті.

1940 жылдары Гурьевте барлық тұрғындар саны 268 104 адам, оның 93 211-і қалада, 174 893-ауылдық жерлерде тұрған. 70 жылдары барлығы 340 347 адамның қала халқы 114 277 құрап, 21 066 (16%) көбейген [АтОМА, қ. 300, т. 1, іс 4144, п 2].

Өлкеміздің этникалық-демографиялық жағдайы алдымен отарлық күштеп бағындырудың әсерінен, кейінірек, республикамызды әртүрлі ұлттардың миграциялық полигонына айналдырған сталиндік зұлматтың саясатынан үлкен өзгеріске ұшырады.

1939 жылы Гурьев облысына 6 аудан (Бақсай, Есбол, Жилкоса, Мақат, Маңғыстау, Теңіз) қарап, облыс мәртебесіне ие болған күннен бастап, халық саны едәуір артты. Соның ішінде ауылда халық саны басымырақ болды. Халық саны облыс бойынша 268.104 адам болса, қалада 34.800 адам, ауылда 233.304 адамды құрады. Облыс тұрғындарының саны 1949 жылы 41.114 адамға кеміп, 226.960 болды. Оның 107.421-і қалалық, 119.539-ы ауылдық жерлерде тұрған [АтОМА, Қ. 300, т.1, іс 999, п.:41]. Өңірдің ішкі миграциясы нәтижесінде аудан орталықтарына 1347 адам келіп, 1174 адам кеткен. Қалалық жерлерлерге 15.934 адам келді, 10.733 адам кеткен.

Гурьев (Атырау) өңіріндегі қазақ тұрғындардың үлесі 1959-1989 жылдары артып, жалпы тұрғындардың 79,6%-ға жетті, саны жағынан 192,5 мыңнан 338,9 мыңға жетті. Бірақ, өсім қарқыны төмен болып, жылына 4883 адамды құрады. Оның себебі, 1970 жылдардан бастап, Гурьев облысынан Маңғыстау облысының бөлініп шығуына орай, қазақтардың көпшілігінің сонда қоныс аударуы себеп болды.

Облыстың қалаларында қазақ тұрғындарының саны жылма-жыл артып, қалған ұлт өкілдерінің қатары 1970-1979 жылдары едәуір азайды. Тұтас Батыс Қазақстан аймағы бойынша Гурьев облысында ғана қазақтардың үлес салмағы жоғары болды. 1959 жылы

Батыс Қазақстан бойынша қала халқының 60%-дан астамы қазақтар болған көрсеткіш Гурьев қаласына тән болды.

Кеңестік дәуірде орын алған саяси-демографиялық зұлматтың нәтижесінде қазақтың сыртқы көші-қоны және қазақ жеріне аграрлық, өндірістік, қуғын-сүргіндік көші-қондар толқындары салдарынан өзге ұлт өкілдерінің келуі қазақтарды өз жерінде азшылық ұлтқа айналдырса (38, 0%), бұл көрсеткіш Атырау аймағында өзгеше болды.

Гурьев өңірінің тұрғындарының этникалық құрылымында қазақтардың үлес салмағының жоғары болуына аймақтың қолайсыз климаттық, шаруашылықтық ерекшеліктер – аридтік зона-шөлейт жерлердегі мал шаруашылығының басым болуы ықпал етті. Сонымен қатар, аймақ халқының құрамында қазақтан кейінгі басым ұлттың бірі орыстар болды. 70 жылдарға дейін орыстар саны артса (индустриялық даму – мұнай кәсіпшілігі, құрылыс, т.б), кейін азайып, 1989 жылға таман мүлде төмендеп кетті. 1959 жылы орыстардың қала халқы құрамындағы үлесі 30,0%-ды құраса, 1989 жылы 22,5% боп кеміді. Сондай-ақ, қаладағы украиндықтардың саны 1959-1989 жылдар аралығында 2.256 адамға, татарлар саны 375 адамға артты [АтОМА, қ. 300, т. 1, іс 1832, п 25].

Қорытынды. Қолжетімді эмпирикалық деректер негізінде Атырау облысындағы демографиялық өзгерістердің жалпы тенденциялары география және тарих ғылымдарының пәнаралық әдістері негізінде айқындалды.

Қорыта айтсақ, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестендіру шаралары: көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру науқанының жеке қожалықтарды ұжымдастырумен бір мезгілде, қаржылық-материалдық қолдаудың жеткіліксіз жағдайында, зорлықпен, өте жедел уақытта жүргізілуі және ашаршылық зардаптары өлкедегі ұлты қазақ тұрғындардың күрт кемуіне, екі есеге жуық азаюына әкеп соқтырды. Жалпықазақстандық бұл тенденцияның Атырау аймағын да қамтығаны осы мақалада тұжырымдалды. Дегенмен ХХ ғасырдың 50-80-жылдарында ауыл тұрғындарының (қазақтардың) саны үнемі өсу тенденциясын көрсетті.

Өлкедегі өзге ұлттардың саны депортацияға ұшыраған неміс, кәріс, поляк этностарының Атырау өлкесіне қоныстандырылуымен және орталықтағы өндіріс ошақтарының көшірілуіне және сырттан әкелінген жұмыс күштерінің көші-қонына орай ХХ ғасырдың 70-жылдарына дейін өсімге ие болды. Урбанизация процестері нәтижесінде Гурьев қаласы тұрғындарының саны артты және республикадағы қазақ тұрғындары ең көп қала болды. Қаладағы орыстар саны 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардағы түбегейлі саяси өзгерістерге (КСРО-ның ыдырауына) байланысты азаю тенденциясын байқатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

Табылдиев Х. Өзгерген өмір, жаңарған өмір.– Атырау, 2008. 20-б.

Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі – АтОМА), 5-қор, 9-тіз., 145а- іс, 14- п.

АтОМА. 855-қор, 1-тіз., 61- іс, 293-п.

Жұмабаева Ж.К. Кеңестік тоталитарлық мемлекеттің Қазақстан ауылшар-уашылығындағы қаржыландыру және саяси саясаты: тарихы, сабақтары (1926-1937 жж.) 07.00.02-Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы), тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. 121-б.

Материалы к отчету ЦИК КазАССР на 111-сессии ВЦИК

18-созыва . –Кызылорда: Казрайком ВКП /б/, 1928. 138-б.
 ҚРОММ. 229-қор, 1-тіз., 863- іс, 46-п.
 Омарбеков Т. Ашаршылық. «Арыс» баспасы, 2019.80-б.
 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казах-
 станская трагедия. «Вопросы истории». №7. 1989. 18-б.
 Омарбеков Т. 20-30-жж. Қазақстан қасіреті.– Алматы,
 «Санат», 1997. 320 б.
 Сарсекенова К. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы.–
 Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 125-б.
 Сдықов М., Аман Ә., Мәден А., Шерғалиев М. Батыс Қа-
 зақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этно-
 демографиялық процестер. – Орал, 2008. – 42-б.
 Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. 55 б.
 Табылдиев Х. Атырау қаласының тарихы. – Алматы: Ш.Уә-
 лиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2018. – 89 б.
 АтОМА. 18-қор, 1-тіз., 18- іс, 17-п.
 АтОМА. 855-қор, 1-тіз., 61- іс, 296-п.
 АтОМА. 300-қор, 1-тіз., 4144- іс, 2-п.
 АтОМА. 300-қор, 1-тіз., 999- іс, 41-п.
 АтОМА. 300-қор, 1-тіз., 1832- іс, 25-п.

REFERENCES

Tabyldiev X. Özgergen ömir, jaңarğan ömir [The new life,
 renewed life].– Atyrau, 2008. P. 20.
 Atyrau oblystyq memlekettik arhivi (odan äri – AtOMA). [Atyrau
 regional state archive (after this AtOMA)]. 5-қор, 9-тіз., 145а- іс, 14-п.
 AtOMA. 855-қор, 1-тіз., 61- іс, 293-п.
 Zhumabaeva ZH.K. Кеңестік тоталитарлық мемлекеттің
 Қазақстан ауылшар-уауылығындағы қаржыландыру және салық
 саясаты тарихы, сәбақтары (1926-1937жж.) 07.00.02-Отан тарихы
 (Qazaqstan Respublikasy tarihy), tarih ғылымдарынун кандидаты
 ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. [Financing
 and tax policy of the Soviet totalitarian state in agriculture of
 Kazakhstan: history, lessons (1926-1937yy.) 07.00.02-The history

of Fatherland (The History Of The Republic Of Kazakhstan),
 Thesis abstract for the degree of candidate of historical Sciences].
 –Almaty, 2000. 121 p.

Materialy k otchetu SİK KazASSR na 111-sessii VSİK
 18-sozyva [Materials for the report of the CEC of KazASSR in the
 111th session of the Central Executive Committee 18-convocation].
 –Kyzylorda: Kazraikom VKP /b/, 1928. - 138 P. (100).

QROMM. 229-қор, 1-тіз., 863- іс, 46-п.

Omarbekov T. Asharshylyk [Famine].– Almaty, «Arys baspasy»
 2019. - 80 p.

Abylkhozhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B.
 Kazhastanskaya tragediya. [Kazakhstan tragedy]. “Questions of
 history”. № 7,1987. 18 p.

Omarbekov T. 20-30-jj. Qazaqstan qasireti [20-30s. The
 tragedy of Kazakhstan].– Almaty, “Sanat”. 1997. 320 p.

Sarsekenova K. 1920-1930 jylardağy Qazaqstan halqy
 [Kazakhstan’s population in 1920-1930-ies].– Almaty: The Kazakh
 University, 2011. – 125 p.

Sdykov M., Aman A., Maden A., Sheraliev M. Batys Qazaqstan
 territoriyasyndağy және jaqyn şetelderdegi etnodemografialyq
 prosester [Ethnodemographic processes in the territory of Western
 Kazakhstan and neighboring countries].– Uralsk, 2008. 42 p.

Atyrau: Ensiklopediya [Atyrau: Encyclopedia]. – Almaty.
 Atamura, 2000. 55 p.

Tabyldiev X. Atyrau qalasyның tarihy [The history of the city
 of Atyrau]. Almaty: The Institute of history and Ethnology by SH.
 Ualikhanov, 2018. 89 p.

At OMA. 18-қор, 1-тіз., 18- іс, 17-п.

At OMA. 855-қор, 1-тіз., 61- іс, 296-п.

AtOMA. 300-қор, 1-тіз., 4144- іс, 2-п.

AtOMA. 300-қор, 1-тіз., 999- іс, 41-п.

AtOMA. 300-қор, 1-тіз., 1832- іс, 25-п.

ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

ҚАЗАҚ ТАТАР-МОҢҒОЛДАРЫ

Қазіргі заман тарихшыларында Азия көшпенділе-
 рін **түріктер** және **моңғолдар** деп бөлу қабылданған.
 Бұлай атау тарих тұрғысынан алып қарағанда дұрыс
 болмайды, тарих үрдісіне, тарихи түсініктерге сәйкес
 келмейді. Зерттеушіні шатастырады.

Түріктердің негізгі екі бөлігін түріктер мен моң-
 ғолдар деп емес, **татарлар мен моңғолдар** деп атау
 керек. Түрікке жататын барлық елдер, тайпалар не
 татарға, не моңғолға жатуы керек.

Кешегі Кеңес заманында әр түрлі басылымдардан,
 тарих оқулықтарынан «татар-моңғол шапқыншылы-
 ғы», «татар-моңғол езгісі» деген сөздерді жиі кездес-
 тіруге болатын еді. Бұл сөздер, негізінен, Шыңғыс
 хан заманына қатысты айтылатын, жазылатын еді.
 Орыстарды 250 жылдай бағыныштылықта ұстаған,
 Орта Азия мен Қытайға билік жүргізген, Еуропаға жо-
 рық жасаған татар-моңғолдардың кім екендігі, олардың
 ұрпақтары бар ма, олар кімдер екендігі әлі күнге дейін
 ашық айтылмай келеді. Татар-моңғолдарға қай елдер
 жатады, неге бұлай аталған деген сұрақтарға ешкім
 анық та, ашық жауап бермейді.

Бұлай болу себебі, Кеңестік идеология мен сая-
 саттың халықтан өз тарихын жасыру үшін жаса-
 ған қитұрқы әрекетінен келіп шығады. Орыс пат-

шаларының түрік ұлты жөніндегі саясатын жал-
 ғастырған кеңес өкіметі, большевик партиясы түрік
 халықтарын жоғалтып, орыстандыру үшін барын
 салды. Түрік халықтарының ауызбірлігін, туыс-
 тық қарым-қатынасын «пантюркизм» деген саяси
 құбыжыққа айналдырды. Түрік халықтарының өт-
 кен тарихын жоққа шығарды. Аттарын өзгертті, тіл-
 дерін жоғалтып жіберуге күш салды. Діндерін қу-
 далауға салып, барлығын христиан дініне кіргізуге
 тырысты. Көп халықты ғасырлар бойы мекендеген
 жерлерінен көшіріп, отанынан айырды. Конфиска-
 ция, коллективизация сияқты науқандар жүргізіп,
 бас көтерер адамдарды атып, асып, «қызыл террор»
 жариялап, түрік халқына, оның ішінде қазақ халқына
 геноцидке жататын шаралар ұйымдастырды.

Қазір белгілі болып жатқандай, **Октябрь рево-
 люциясынан бұрын жүргізілген халық санағы
 бойынша қазақтардың саны 6 миллионнан асып
 түскен көрінеді.** Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Бай-
 тұрсынов бұл жайында «*Алхамдулиллаһ, 6 миллион
 қазақ бармыз*» деп қуанған екен. Сонша халықтан
 2-Дүниежүзілік соғыс қарсаңында 3 миллионға жет-
 пейтін адам қалған екен. Сталиннің «ұлт саясатының»
 нәтижесі осындай.

Қазақтарды «қырғыз», «қырғыз-қайсақ» деп атап, елдің атын өшіруге күш салған. Алаш Орда партиясының күресі нәтижесінде қазақтардың «қазақ» аты қайтарылған еді.

Моңғолия елі орнында қалса да, оның да халқы саяси сүзгіден өткізіліп, бұрынғы билеуші хандардың тұқымы қудаланып, көздері жойылды. Бұрынғы жергілікті түрік халықтары бірте-бірте басқа құрама халықпен алмастырылды.

Түрік тарихында жазылғандай барлық түрік халықтары – татар-моңғолдар. Өйткені «Татар-моңғолдар» деген түрік халқына Алаша ханның берген атауы, Алаша ханның ұлдарының аты.

Түрік халқының атақ-даңқын көре алмайтын кейбір елдердің саясатының нәтижесінде «татар-моңғол» деген атау басқыншы, тонаушы, жаулап алып, аяусыз қырғын салатын жабайы ел деген мағынаға ие болды. Түрік халқы өзінің тарихына сәйкес «татар-моңғол» деген атын өрескел көріп, бұлай аталудан ұялып, қашқалақтайтын күйге түсті. Егер еліміз егемендік алмаса, бүгін түрік халықтары «түрікпін», «қазақпын», «татармын» деуден бас тартып, «мен кеңес азаматымын», «орыспын» деп, орысша ғана сөйлеп, орысқа еліктейтін күйге жетер еді. Қазір де осы жағдайдан алыс емес. Сол себепті, **түрік ұлты, түрік халықтары бірте-бірте жойылып кетпеу үшін өз тарихтарын қалпына келтіріп, білулері, өз тарихын мақтан етулері керек. Біздің, түріктердің тарихы – Ұлы тарих. Мұндай тарих басқа ешбір елде жоқ.** Тек, осындай тарихымызды ақиқаттан ауытқымай, дұрыстап жазып шығуымыз керек. Және оны түріктің әр азаматы білетіндей жағдай жасауымыз қажет. Жоғарыда айтылғандай, түрік болғандықтан **қазақ тайпаларының бәрі (үш Жүз де) татар-моңғолдарға жатады.**

Кезінде Шыңғыс хан әскерінің түмендерінде негізгі күштердің бірі осы қазақ тайпалары болған. Ол кезде әр тайпа жеке-жеке ел болған. Кейбіреулерінің өз хандықтары болған, кейбіреулері жеке мемлекет құрған. Мысалы, үйсіндер, наймандар. Найман тайпасы дамыған мемлекет құрған. Олардың өз билеушілері (хандар), тұрақты армиясы болған. Жазу, есеп, мемлекеттік немесе шаруашылық құжаттар болған. Мемлекет мөрі болған. Әскери басшылар, хатшылар, сот жүйесі (билер), елшілер, кеңесшілер (үзірлер) болған. Мемлекеттің астанасы – Қарақорым қаласы, басқа да қалалары болған – Ақбалық, Шамбалық, Қойлық, Тарсакент ж.б. Орыстардың Алтайдан іздеп жүрген жұмбақ жерұйығы – Шамбала қаласы тарихи наймандардың Шамбалық қаласы болуы да мүмкін.

Найман мемлекетінде саудагерлер болған, сауда-саттық дамыған. Елдегі негізгі шаруашылық – мал өсіру мен егіншілік болған (тары, арпа, сұлы). Қолөнер жақсы дамыған – қара металл және қымбат металл өңдеу, ұсталық, ағаш шебері, жүннен киімдер, төсеніштер тоқу, арқан-жіп есу, зергерлік өнер, металл қорыту ж.б. кәсіптер дамыған.

Кейбір тайпалар көшпенді тұрмыспен хандықтар құрған, мысалы, керейлер, қыпшақтар, қоңыраттар, алшындар.

Қазіргі қазақ тайпалары Шыңғыс хан заманында Алтын Орда мемлекетін құрысып, ол мемлекеттің негізін қалаған. Алтын Орданың иеліктеріне Дешті Қыпшақ – Еділ, Дон, Днепр өзендерінің маңы, Қырым, Кавказ, Қондыгер – Қобан (Кубан) жері, Еділ бойы және Москва маңы, қазіргі Қазақстан жері, Тұранның біраз жері кірген.

Қазақ татар-моңғолдарын Алтын Орда мемлекетінің мұрагерлері деуге болады. Кейін Алтын Орда мемлекеті ыдырағанда (XV ғ.) оның негізгі бір бөлігі ретінде Қазақ хандығы құрылған еді. Қазақ хандығының билеушілерінің бәрі (хандары) Төре тұқымынан шыққан сұлтандар еді. Ал, Төре тұқымы моңғолдар, Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары болып табылады. Сондықтан, қазақ тайпаларының татар және моңғол елдеріне жататындығы табиғи үрдіс деуге болады.

Түріктер, татар-моңғолдар жайлы өзіміздің түрік тарихшылары Әбілғазы Баһадүр хан, Қадырғали Жалайыри, Құрбанғали Халид жақсы жазған. Бұл түрік тарихшыларының еңбектерінен белгілі, «түрік» деп Иафет ұрпақтарының алғашқы билеушісі – Түрік ханның билігіндегі көптеген, әр түрлі тайпалардан құралған ел аталған. Бұл – б.з.д. 3700 жылдар шамасы. Одан бес ғасыр өткенде Түріктен кейінгі алтыншы билеуші Алаша хан өзінің қол астындағы бүкіл түрік халқын екіге бөліп, екі ұлына беріп, солардың атымен моңғолдар және татарлар деп атаған. Бірақ, моңғолдардың билеушісі – Моңғол хан ерте өліп (9 жылдан кейін) моңғол түріктерін Татар хан күшпен өзіне бағындырып алады. Содан бастап барлық түріктер татарлардың билігінде болып, басқа елдер моңғолдарды да татарлар деп атай бастапты. Түрік дегенде татардың аты шығып, моңғолдар атаусыз қала беріпті. Бірте-бірте тарихта татарларды ғана түрік деп атап, моңғолдың түріктігі ұмыт бола бастаған. Тарихта Шыңғыс хан заманына дейін моңғолдардың атының айтылмауы осыған байланысты. Моңғолдарға жататын кейбір елдер өздерінің бір кездегі моңғолдығын естен шығарып, кейінгі замандарда моңғолдарға қарсы соғысып жүрді. Мысалы, **үйсін** елі (иесунит) моңғолдарға жататын. Бірақ, олар татарлардың одақтасы болып кетті. Үйсіндер қытайлармен, татарлармен одақтасып, гүндерге (моңғолдарға) қарсы көп соғысқан.

Байырқы елі (барғұт, баегу, иір байырқу, бай ер гүн) Түрік қағандығы кезінде түрік қағандарына қарсы жиі соғысқан. Бұл факт Орхон жазба ескерткіштерінде (мыс., Күлтегін тас ұстыны) жазылған. Түрік қағандығының қағандары моңғолдар екендігі белгілі. Алғашқы қаған Бумын Туу ұлы Еркіне қоннан шығып келген Бөрте Шина бастаған моңғол (қыят) тайпасының ұрпағы екендігі мәлім. Сондықтан, үйсіндер мен байырқыларды моңғолдан гөрі татарларға жатқызған дұрысырақ болады деп ойлаймын. Бұл тайпалардың бәрі түрікке жатады. Оларды моңғолға немесе татарға жатқызу шартты түрде десек те қателеспейміз.

Татар ханның әулеті төменде келтірілген.

ТҮРІК... (одан соң 5 билеуші бар)

Алаша хан (Алынша)

Татар хан Моңғол хан

(б.з.д.3141 – 3041 ж.ж.)

Бұқа хан

Елші хан

Иланшы хан

Атлы хан

Атсыз хан

Арсалы (Ақсары) хан

Ардақ хан

Орда хан

Байдуһ хан (б.з.д. XXV ғ.ш.)

Жошы хан

Жәдік хан

Санду (Сәнді) хан

Қамұқ хан
Қасур хан
Абул (Әбіл) хан
Минду (Меңді) хан
Елік хан
Айбақ хан
Киік хан
Сүйініш (Сүйіншік) хан) (б.з.д. XV – XIVғ.ғ.)
Тайынғұн хан, Душун хан, Кешул хан.

Б.з.д. XIV ғасырда 1800 жылдай татарлардың қол астында болған моңғол түріктері олардан бөлініп, өз хандықтарын құрды. Қызылбұға хан ұлы Қара хан бұл жаңа мемлекеттің билігіне тұрды. Бұл кез – татарлардың хан әулеті әбден әлсіреп, әулеттің соңы Сүйініш ханның мұрагерлері Тайынғұн, Душун, Кешул ханзадалар билікке таласып, өзара қырқысқан – б.з.д. XIV ғасыр еді. Қара ханның мұрагері Оғыз хан маңайдағы барлық түрік елдерін өзіне бағындырды. 72 жыл татарлармен соғысып, оларды да бағындырды. Осыдан кейін татарлар төрт ғасырдай заман Күн хан мен оның әулетінің қол астында, күн мемлекетінде болды. Бірақ, Күн ханнан кейінгі бес ханның тұсында түрік халқы толқумен болып, ақыры, Жел хан өлгеннен кейін (б.з.д.742 жылы), б.з.д. VIII ғасырда күн мемлекетінен татарлар бөлініп шықты.

Жел ханнан (Ил хан) кейін оның ұлы Тау хан билікке тұрған. Б.з.д. 697 жылы Тау хан Қытайға жорық жасайды. Ганьсу жеріне ойран салады. Бұл жорықтың екінші мақсаты – бөлініп кеткен татарларды қайта қосып алу еді. Татарлар қытайлармен одақтасып, күндерге қарсы соғысады. Бірақ, Тау хан оларды тас-талқан етіп жеңіп, көп қырғынға ұшыратты. Осы жеңілістен кейін татарлар ол кездегі мекендері – Ертісті тастап, жан-жаққа бытырап кетеді. Солтүстік-шығысқа қарай ауған татарлар Якутия жаққа, кейбіреулері тіпті Беринг бұғазы арқылы Америка континентіне өтіп қоныстанған. Бұлар Американың жергілікті халқының ата-тектері болған деп айтуға негіз бар.

Гүндерден бөлінгеннен кейін татарлардың бір бөлігі Еділ-Жайықтан өтіп, батыс жақтағы жерлерге жорық жасаған. Оларды бастап барған ишкуз (ішкі оғыз) тайпасынан шыққан көсем Ишпақай болатын. **Ишпақай – Алаша ханның, Татар ханның ұрпағы** болу керек деп пайымдаймын. Себебі, түрік тарихшыларының еңбектерінде **«түрік халқының барлық билеушілері Алаша ханның ұрпақтары болып табылады»** делінген. Ишпақай татарлары (грекше – скифтер) Қара теңіз маңындағы (Еділ-Дон жазықтары) кемерлер елімен соғысып, олардың жерлерін тартып алады. Алдыңғы Азиядағы күшті мемлекет – Ассириямен қақтығысады. Осы соғыста б.з.д. 674 жылы Ишпақай қаза табады. **«Ассириямен екі арадағы соғыста скифтердің көсемі Ишпақай қаза тапты»** деп жазды белгілі тарихшы М.И.Артамонов.

Ишпақайдан кейін скиф татарларына Партатуа (Бәрітату) Ишпақай ұлы билік етті. Таяу Шығыста татарлар көптеген тарихи оқиғаларға белсене араласып, үлкен абыройға ие болды. Партатуаны Геродот және басқа тарихшылар «Прототий патша» деп атады. Скиф татарлары Сирия, Мидия сияқты елдерді жаулап алып, Мәди Партатуа ұлының билік заманында жорықпен Мысырға дейін барды. Мысыр перғауыны Псамметих көп сый-сияпат, тарту-таралғы беріп, скифтер олармен соғыспай кері қайтты. **Мәди патшаның тұсында скифтер 28 жыл Таяу Шығысқа билік жүргізді** деп жазды тарих атасы

Геродот. Бұл уақыт – б.з.д. 652 – 625 жылдар арасы еді (М.М.Дьяконов «Мидия тарихы»).

Б.з.д. 625 жылы Мидия билігіне таласушы Киаксар Мәди бастаған скиф көсемдерін айламен қастық жасап өлтіреді. Осы оқиғадан кейін скиф татарлары өздерінің шыққан жерлеріне қайтып оралады. Скифтер бұл сапарларында екі лек болып қайтады. Бірінші лек Қара теңіздің солтүстік жағындағы Дон – Еділ жазығы, Қобан жеріне келеді. Екінші лек Орта Азия жеріне қайтады. Бұл екінші лекті Мәди ұлы Спаргапис (Сапарған) бастап әкеледі. Осы Спаргапис көсем бастап келген скиф татарларының ұрпақтары – шошақ бөрікті сақтар – тиграхауда сақтары – массагеттер, исседондар, дайлар, астақ, қамақ, қарат, аримаспылар деп аталған. Бұлардан басқа (парсы деректері бойынша) хаомаварға (қымыз ішетін) амюргийлік сақтар және парадарая (дарияның арғы жағындағы) сақтары аталған [1. 618-б.].

Бұлардың бәрі де – Тұран түріктері немесе Еуропа тарихшылары еңбектерінде «Азия скифтері» деп аталған татар түріктері. Таяу Шығысқа, Қара теңіз жазықтарына, Мысырға дейін жорық жасап жүрген осы татар түріктерінің тайпалары еді.

Бұған дейін келтірілген скиф билеушілерінің шежіресі бойынша Спаргапистің балалары Ликпен Томирис (Тұмар ханым), Ликтен Гнур (Күннұр), Гнурдан Кадидуд, Анахарс (Жанарыс) және Савлий (Сабыл, Сабыр) туады. Савлийден Иданфирс туаған. Иданфирс те скиф татарларына билік жүргізген билеуші. Ол сақтарға жорық жасап келген парсы патшасы Дарийге сәлемдемеге тышқан, құс, бақа және садақтың бес жебесін жіберіп, оның зәресін ұшырып, соғыспай қайтып кетуге мәжбүр еткен ақылды және ержүрек патша. Бұл шежіредегі **Анахарс (Жанарыс) қазақтың Орта Жүз тайпаларының түп атасы болып табылады.** Осы шежіреге сәйкес, Жанарыс – Тұмар ханымның немере інісі. Орта Жүздің алты тайпасы бар екендігі белгілі. Олар – Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Қоңырат. Бұлардан басқа Жүздерге кірмейтін Төлеңгіт руы да Арғын ішіне сіңген. Шежіре бойынша Жанарыстың тікелей ұрпақтарына Арғын, Найман, Керей тайпалары жатады.

Қыпшақ – Оғыз қағанның баласы делінеді (асырап алған), өз әкесі белгісіз.

Қоңырат – моңғол тайпасы, қият руы, Еркіне Қоннан шыққан.

Төлеңгіт көбінесе моңғол хандарының төңірегінде жүрген ел (телеут, телеңут), ерте замандарда қазіргі Құлынды даласы мен Ресейдегі Алтай өлкесінің оңтүстік аймағын мекендеген ежелгі моңғолдарға жатады [3. 25-б.].

Уақ тайпасының арғы тегінің Кереймен шешесі бір деген сөз бар. Бірақ, әкесі басқа. Қазақтың «Батырлар жыры» эпосында уақтардың арғы аталары – ер Көкше мен ер Қосай ноғайлы Қамбар батырдың ұрпағы делінеді. Қамбар батырдың әкесі Ноғайлыда хан болған адам екен. Бірақ, жасы ұлғайған соң кедейленіп, Қамбар батырдың **«алпыс үйлі арық пен тоқсан үйлі тобырды»** аңшылық жасап, асырағаны сол себепті екен. Сондықтан, уақтардың арғы тектері Ноғайлыға жататын болып шығады [6.51-б.]. Және арғы аталары хан болса, ол төре тұқымынан, яғни, моңғол елінің ұрпағы болып шығады. Сол себепті, уақтар Орта Жүз болғанымен Жанарыстың ұрпағы емес. Қыпшақ, Қоңырат, Төлеңгіт те Жанарыстың ұрпағы емес.

Енді бұл мәселелерді неге көтеріп отырғанымызға көшейік.

Шәкәрімнің шежіресінде Арғын тайпасының шық-

қан тегі – гүндер (моңғолдар) делінеді, баяген деген ел дейді. Баяген деген сөз «бай ер гүн» немесе «бай арғұн», байырқу, байырқы дегенге келіп саяды.

Найман, Жанарыс ұлы Қарашор батырдың тұқымы ер Қаптағайдан туады. Қаптағай батыр ерте өлген болуы керек, оның жесірін әмеңгерлік жолмен інісі алып, одан Керей туған екен.

Ел аузында «Арғын – аға, Найман – іні» деген сөз бар. Соған қарағанда Арғын Найманның бірге туған ағасы болу керек. Найманда көпті көрген, шежіре, аңыздарға жүйрік қариялар шыққан тегі жайында сөз болғанда «қаракөктің тұқымы» деген сөзді айтып отырушы еді. Бұл ұғым жай қарапайым малшы емес, ел билеген, кесім-шешім айтатын сұңғыла шешен, білгір, текті адамдар жайлы айтылатын. Бұл сөз Арғын, Найманның тегіне де қатысты айтылады. Осы тұрғыдан алғанда Арғын, Найман, Керей тайпаларының да шыққан тегі осал емес деп айтуға болады деп пайымдаймын.

Арғын, Найман, Керей тайпалары Жанарыстың (Анахарс) ұрпақтары деп отырмыз. Ал, Жанарыс (Анахарс) кім? **Жанарыс – татар түріктерінің Ішкі Оғыз (ишкүз) тайпаларының билеушісі, көсемі бағзы замандағы Ишпақайдың тікелей ұрпағы.** Жоғарыда келтірілгендей Ишпақайдың шөбересі Спаргапистің ұрпағынан Анахарстан басқасының бәрі ел басқарған билеушілер – скиф татарларының көсемдері. Анахарстың әкесі Гнур – түрік, шешесі – грек елінің қызы. Сол себепті, Анахарстың екі тілді біліп (грекше, түрікше) Еуропа елдеріне барып, аралап жүргені. Осы жайларды қорытындылай келе айта аламыз – **Орта жүздің түп атасы Жанарыстың өзі және оның ұрпақтары – Арғын, Найман, Керей тайпалары татар түріктеріне (скиф, сақтарға) жатады.** Бұған дейін бұл тайпаларды «Қазақ моңғолдары» деп жазып келдік. Себебі, кезінде түрік тайпаларын татар-моңғолдарға бөлу территориялық принцип бойынша жасалған еді. Бізге белгілі, Алаша хан түріктерді татар және моңғол деп екіге бөліп, мұрагер ұлдарына бергенде **татарға Алтайдан батысқа қарай орналасқан тайпалар енген еді, ал моңғолға Алтай мен Ертістен шығысқа қарай орналасқан тайпалар жатқызылған** еді. Шыңғыс хан заманында Керей – Наймандар Моңғолия жерінде, Алтай, Саянда, Байқал көлі маңында (батыс жазалауында) орналасқан еді. Арғындар да Байырқы тайпасымен бірге шығыс Саян, Байқал маңы, Ангара маңын мекендеген еді. Осы себептен, аталмыш тайпалар моңғол жерлерін мекендегендіктен, моңғолға жатқызылған еді. Ал, келтірілген шежіре деректері олардың моңғол емес, татар еліне жататындығын көрсетіп отыр, және татар елінің билеушілерінің ұрпағы екендігін растап отыр. Бұлай болған себебі, Алаша хан заманында түрікті татар-моңғолға бөлгенде түрік тайпаларының Ұлы Дала территориясында орналасуы басқаша болуы керек. Дәлірек айтсақ, жоғарыда аталған Арғын, Найман, Керей тайпаларының қадым замандағы арғы аталары Байқал жақта емес, кейінгі Дешті Қыпшақ, Қазақстан жақты мекендеген болулары мүмкін. Солай болғанда бұл елдер татарларға жатқызылған болар еді. Кейін бұл елдер Байқал, Сібір жаққа қоныс аударуы мүмкін.

Қазақтың данышпан ақыны **Абай Құнанбаев** өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде былай деп жазған:

«...Һәммәға мәлім, әуелде адам балалары бұл күнәі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі: бірі Үндістан тарапынан; екіншісі – маңғұл жағынан келген; ...Соның бірі, яғни, сол маңғұлдан шыққан

халықтың бірі – біздің қазақ».

«...Есте жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін «біз татармыз» деп айтысады» [9.226-б.]

Яғни, **Абайдың жазуынша қазақтың шыққан түбі – татар, ол татарлар моңғол жақтан келген. Абайдың бұл пікірінің аталмыш үш тайпаға (Арғын, Найман, Керей) тура қатысы бар. Бұл үш тайпаны да «Қазақ татарлары» деп тануымыз қажет деп пайымдаймын.** Кейбір жанама тарихи деректер де осыны бекіте түседі. Мысалы, Шыңғыс хан заманында моңғолдардың Керей, Найман тайпаларына қарым-қатынасы қандай болды десек, Уан хан Тұғырыл билеген керей елі Шыңғыс ханның одақтасы ретінде оны қолдап жүрді. Бұл одақ олардың тегі бір туыстығынан емес, Шыңғыс ханның әкесі Есугей батыр мен Уан хан жақсы дос, анда болып, бір-біріне көп көмектескен. Әсіресе, Уан ханға Есугей көп көмек көрсетіп, оның билік басында қалуына үлкен қолдау көрсеткен. Шыңғыс ханға Уан хан досының баласы ретінде көмектескен. Уан хан наймандардың шолғыншы әскеріне кездесіп қалып, қаза тапқаннан кейін, Шыңғыс хан керейлерге шабуыл жасап, оларды бағындырып, өз мемлекетіне қосып алады. Бұл жерде ол керейлерге ешқандай жақындық, туыстық қарым-қатынас көрсеткен жоқ.

1198 жылы Найман мемлекеті мен Темучин моңғолдарының ара қатынасы күн тәртібіне қойылады. Сонда Темучиннің балалары мен жақын достары: *«Найман деген жат ел, оған неге қарайлаймыз, оларды тез арада шауып, не бағындыруымыз, не құртуымыз керек»* дескен екен. Керейлерге де Темучин наймандар сияқты жат ел ретінде қарағаны белгілі болды. Осындай фактілерден керейлер де арғын-найман сияқты моңғолдарға жат ел екендігі, моңғол емес екендігі шығады.

Арғындарға келсек, Шыңғыс хан заманында олардың аты шыққан жоқ. Арғындар, өздері жекеленбей, алдымен байырқы елінде, кейінірек Найман мемлекетінің құрамдас бөлігі болып жүрген болулары керек деп пайымдаймын.

Жалпы, бізге белгілі тарихта Үйсін, Арғын, Найман, Керей, Қыпшақ тайпаларының арасында үлкен проблемалар туындағаны жайлы ешқандай деректер жоқ. Ондай шиеленіскен проблемалар, дау-тартыстар болмаған деп ойлаймын. Керісінше, бұл елдер тату көрші, қыз берісіп, қыз алысқан құдандалы туыстық жиі болып тұратын өзара бейбіт тайпалар деп айтуға болатын елдер. Бұл да жоғарыда келтірілген ұстанымдарды бекіте түсетіні анық.

Арғын, Найман, Керей тайпаларынан басқа да кейбір түрік тайпаларының татарға не моңғолға жататындығы өзiрге шешiлмеген мәселе. Мысалы, Қ.Жалайырдың «Шежірелер жинағында» моңғолға жатқызылған «ориаңқа» (ұраңқай) тайпасы якуттардың (сақа) арғы тегі деп есептеледі. Ал, сақалар өздерін сағай татарларының ұрпағымыз дейді. Сағай татарлары деген хакастарға жатады (олардың бір тайпасы). Бұдан ұраңқайлардың моңғол емес, татар екендігі шығады. Және хакастардың қырғыздарға түбі бір туыс екендігі белгілі. Сол сияқты, хакастардың арғы тегі – «курыкан» тайпасы деп те айтылады. Курыкан тайпасы «курумчи» (құрымсы) деп те аталады. Осындай түрік тайпаларының анық шешілмеген этнологиялық шығу тектерінің мәселелерін жиі кездестіруге болады. Дей тұрғанмен, Арғын, Найман, Керей тайпаларына қатысты жоғарыда келтірілген

дәйектемелер бұл тайпалардың моңғол емес татар түріктеріне жататындығына дәлел бола алады деп есептеймін.

Қорыта келе, қазақ халқының құрамындағы түрік тайпаларын тарихи тегіне байланысты бөлінуін былайша көрсетуге болады:

Қазақтар:

Татар тайпалары: Моңғол тайпалары:

- | | |
|----------|---------------|
| 1.Алшын | 1.Жалайыр |
| 2.Үйсін | 2.Қоңырат |
| 3.Қаңлы | 3.Уақ |
| 4.Қыпшақ | 4.Төре тұқымы |
| 5.Арғын | 5.Төлеңгіт |
| 6.Найман | |
| 7.Керей. | |

Бұл жерде ескерте кететін бір маңызды мәселе бар. Бұрын біртұтас, бір халық болған түріктердің жеке бір тайпасын, руын сипаттап, оның тарихына, жетістіктеріне тоқталып, мәдениеті мен күш-қуатын айтқанда басқа түрік тайпаларының дәрежесі төмен, әлсіз, жеткен жетістігі жоқ деген сөз емес, олай деп ешкім айта алмайды, әр елдің жетістіктері де және әрине, кемшіліктері де бар. Түрік тайпаларының (елдерінің) бәрі де намысшыл, ұстамды, шыдамды, қарапайым, ержүрек, шыншыл, мейірімді, өнерлі, еңбекқор адамдардан құралған. Олардың ұзақ ғасырларға созылған қиын да күрделі тарихы бар. Олар жасампаз елдер. Олар көптеген мемлекеттер, империялар құрған. Дүниежүзілік тарихқа белсене қатысып, оны жасасқан, өшпес із қалдырған.

Моңғолдардың құрған мемлекеттері – Оғыз хан империясы, гүндердің империясы, Түрік қаған-

дықтары, Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда мемлекеті, Ақсақ Темір мемлекеті, Ұлы Моғолдар мемлекеті, Моғолстан мемлекеті, Қазақ хандығы.

Татарлардың құрған мемлекеттері – Соғды мемлекеті, Хорезм мемлекеті, Сақ-скиф тайпаларының мемлекеттері, Құшан мемлекеті, Парфия мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Хазар қағандығы, Қыпшақ-қимақ мемлекеті, Найман мемлекеті, Керей хандығы, Осман империясы, Мысыр мамлюктерінің мемлекеті.


Қазіргі жаңа заманда Кеңес империясы ыдырағаннан кейін құрылған түрік халықтарының егемен мемлекеттерін зор әділеттілік құбылысының көрінісі деу ақиқат болып табылады. Оларға ұзақ дәуірлеу заманын тілеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.С.Э. 9-т. 1976.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі А. «Ана тілі» 1992.
3. Қ. Жалайыр. Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» 1997.
4. Қ. Халид. Тауарих хамса. А. «Қазақстан» 1992.
5. С.А.Гурулев. Что в имени твоём, Байкал? «Наука». Новосибирск. 1982.
6. Батырлар жыры 3-т. А. «Жазушы» 1987.
7. Артамонов М.И. История хазар Л. 1962.
8. Дьяконов М.М. Мидия тарихы М.
9. А.Құнанбаев. Шығармалар толық жинағы. 2-т. А.» Ғылым». 1977.
10. Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қазақ, қырғыз хәм хандар шежіресі А. «Ол-жас» 2004.

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
Алматы облысы,
Қаратау ауылы.

ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!



АМАНТАЙ ДӘУЛЕТБЕКОВТІҢ ЕРЛІГІ

Таяуда тарих ғылымдарының кандидаты Құндызай Ерімбетованың «Сталинградтан Днепрге дейін» деп аталатын кітабы жарық көрді. Монография «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарының, «Қызыл Жұлдыз» және Ленин ордендерінің иегері, Кеңес Одағының Батыры, Қызыл Тулы танктерді бұзып-жоятын 1180-ші артиллериялық полктың 23 жасар аға сержанты Амантай Дәулетбековтің өмірі мен майдан даласындағы ерлік іздерін зерделеуге арналған.

1942 жылдың жаз және күз айларындағы майдан жолындағы Амантай батыр мен қазақстандық жауынгерлердің іздері, атап айтқанда тарих оқулықтарына түспеген 1942 жылдың жаз айында Орлов-Курск (Ливны) бағытындағы операциялар, 226,7 және 228,0 биіктіктегі және Клетск, «Бес қорған» маңындағы, Суханов хуторы және басқа елді-мекен ауданындағы ұрыстар барысы мен бағыттары айшықталып, нақты архив құжаттарымен дәйектелді. Сталинградтан Днепрге дейін шайқасқа қатысқан қазақстандық жауынгерлер тізімі, ерлігі туралы мәліметтер алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. 1942 жылы қазақстандықтар қатысқан Калинин майданындағы Ржев шайқасы аясындағы қазақ дербес атқыштар бригадасы тарихына қатысты архивтік құжаттар мен көз-көргендер пайымы, қосымша мәліметтер мен деректер берілді. Батырлар Н.Ілиясов, Ж. Махамбетов, Ж. Қизатовтың жеке, РҚМА архив қорларынан алынған деректер арқылы әскери соғыс операциялар тарихы сипатталды және ғылыми айналымға енгізілді.

МАЙДАНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІ

(Мұрағат құжаттар бойынша)

Қайрат ҚАРАМАНДАЕВ,

«MAQSAT» мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі,
бауыржантанушы, тарихшы-зерттеуші

НҰРШАЙЫҚОВ Әзілхан

(15.12.1922 жылы Семей облысы Жарма ауданы Ақбұзау ауылы Келін сүйген елді мекені – 12.02.2011 жыл Алматы қаласы). Қызыл Армия қатарына 1941 жылы Семей облысы Жарма аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Бастапқыда 100-ші қазақ атқыштар бригадасында қызмет етіп, Калинин, екінші Балтық маңы, 1-ші және 2-ші Белорусь майдандарына қатысқан, кейіннен 70-ші Армиясының, 1-ші атқыштар дивизиясының, 226-шы артиллерия полкінде зеңбірекшілер бөлімінің командирі. Қол астындағы алты адамды ұйымдастырып, зеңбірекпен оқ жаудырудың уақытын, сәтін білу, көздеу, оқтау, көшіру, т.б. жұмыстарға тікелей басшылық жасаған.

Өз замандастары арасында ақындығымен, ширақтығымен көзге түсті. 1942 жылы Калинин майданында болды.

Кітаптағы үзіндіден: «*Бригаданың бұл ұрыстарын екі мерзімге бөліп, Молодой Туд ұрыстары және Великие Луки шайқастары деп атауымызға болады. Осы шайқаста бригаданың қолы жеткен табыстар қандай? Мен сіздерге қысқаша соны баяндап берейін. 39-армияның қарамағында болған алғашқы ұрыстарға 2 желтоқсанға дейін бригада неміс фашистерінен Калинино, Березка, Толкачево, Тройня, Медвежевка, Большое Приволье, Васильевское сияқты 20 шақты деревняны азат етті. Мұның ішінде аудан орталығы Молодой Туд қалашығы және бар. Ал одан кейінгі 3-екпінді армияның қарамағында болған Великие Луки ұрыстарында біздің 100-атқыштар бригадасы немістердің 32 танкін қиратты, 400-дей адамды тұтқынға алды, жүздеген гитлершілерді жойды. 1943 жылы Великие Луки, Невель қалаларын азат етті*».

1943 жылдың 9 қаңтарында Ә.Нұршайықов басқарған зеңбірекшілер тобы Подберезье елді мекенінің батыс жағында зеңбірегін ашыққа шығарып, автоматпен қаруланған бір топ жауды жойып жіберген. Өкінішке орай жаудың артиллериямен атқылауынан зеңбірекке зақым келіп, оны ұрыс алаңынан итеріп шығарған.

1943 жылдың 17 қаңтарында Мепенка елді мекенінің батыс жағында кеңес жаяу әскерлерінің алға жылжуына мүмкіндік бермей тұрған жаудың танкісін дәлдеп атып, күл-талқанын шығарған.

Осы ерлігі үшін бригаданың артиллерия бастығы майор Львов-Белов «Қызыл Жұлдыз» орденіне



ұсынады. Өкінішке орай полковник Александров ерлігін кемсітіп, бірнеше саты түсіріп «Ерлік үшін» медалімен марапаттауға қол қояды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...9-го января западнее деревни Подберезье выкатил свое орудие на открытую позицию прямой наводкой уничтожил группу автоматчиков противника. В схватке, орудия его было побито сильным минометным огнем противника, тов. Нуршаихов вывез его с поля боя.

17 января западнее д. Мепенка при наступлении нашей пехоты выкатив свое орудие на открытую позицию прямой наводкой подбил один танк противника мешающей продвижению нашей пехоте.

Достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Начальник артиллерий 100-й отдельной бригады майор Львов-Белов. 16.02.1943.

Наградить медалью «За Отвагу».

ВРИД командующего артиллерий полковник Александров. 3.03.1943.

Приказом № 20 Военного Совета 3-й Ударной Армии от 6.03.1943 года награжден медалью «За Отвагу».

1.04.1944 жылы аға сержант Нұршайықовтың ұйымдастыруымен, дәлме-дәл атқылауымен, мергендігімен Пясячно елді мекенінде бір рота жаяу әскерлерін, станокты пулеметін жойып жіберіп, жаудың шабуылға шығуына тойтарыс берген.

Осы ерлігі үшін 2-ші дивизионның, 6 батарея командирі аға сержант Нұршайықов «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...Наградить командира орудия 6-й батареи 2-го дивизиона старшего сержанта Нуршаихова Азильхана медалью «За Боевые Заслуги» за то, что огнем его орудия 1.04.1944 года в районе Пясячно уничтожено до роты пехоты противника, 1 станковый пулемет. В результате чего атака противника была отбита.

Командир 226-го АП (артиллерийского полка) гвардий подполковник Фуфаев.

Приказом №70 226-го артиллерийского полка 1-й стрелковой дивизий от 1-го Белорусского фронта от 22.04.1944. награжден медалью «За Боевые Заслуги».

Полесница ауылының, Мокроне стансасының маңында ержүрек аға сержант Ә.Нұршайықов жойқын

артиллерия, миномет атқылауына қарамастан, жаудың 3 пулеметін, 3 жеңіл көлігін, 25-тен астам сарбазын зеңбірекпен жойып жіберіп, дер кезінде жаудың шабуылына тойтарыс берген.

Осы ерлігі үшін тағы да артиллерия полкінің командирі подполковник Фуфаев «Қызыл Жұлдыз» орденіне әбден лайық деп қол қояды, бірақ дивизия командирі полковник Бакуев өзінікін жөн санап, бір саты түсіріп 3-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттайды.

Кітап үзіндісінен: «Маған III дәрежелі Даңқ ордені берілді. Сөйтіп, зеңбірек командирі аға сержант мен Ұлы Отан соғысының алғы шебінде тура 786 күн болдым. Осы күндерде тынбастан қарумен де, қаламмен де Отанға қызмет еттім. Ұлы Отан соғысын мен осылай аяқтадым. Соғыс біткеннен кейін маған II дәрежелі Отан соғысы ордені берілді. Бұл төрт жыл ішінде жаяу марш жасап, зеңбіректі бірде атпен, бірде машинамен сүйретіп, бір майданнан поезбен көшіп, 23 мың шақырым сапар шектім.

Сөйтіп, мен кеше майданға аттанған Алматы қаласына қайтадан келіп жеттім. Ару қала – астанаға келгеннен кейін тағы да төрт жыл студент болып, соғыста үзіліп қалған оқуымды жалғастырдым. 1949 жылы университеттің филология факультетін бітіріп шықтым. Дипломым бойынша мен мұғалім немесе ғылыми қызметкер болуым керек еді. Бірақ журналист болып кеттім. 17 жыл республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерін атқардым. Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болдым. Артынан жазушылық жұмысқа көштім. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына алпыс жылдан асса да мен өзімнің соғыста мерт болған жауынгер жолдастарым жайында күні бүгінге дейін тынбастан қалам тартумен келемін».

1944-1945 жылдары ол Украинаның Волинск, Белоруссияның Брест, Польшаның Варшава, Германияның Тухель, Торн, Штетган, Данциг, Висмар қалаларына дейін барып фашистермен шайқаста зеңбірек командирі болды.

Соғыста Т.Тоқтаров, Қ.Көшекөв, Ы.Сүлейменов, М.Мәметова, М.Қайырбаев, Т.Әбуов, М.Ғабдуллин, т.б. көптеген батырлармен қатар соғысты. Ерлік пен батырлықтың биік үлгісін көрсеткен 100-ұлттық атқыштар бригадасының белсенді мүшесі болды. Соғысқа қатар кеткен әкесінен, елдегі анасынан айрылса да жасымады. Өзі де ерліктер жасады, қан майданда жүріп күнделік жүргізді. Ол кейіннен бірнеше кітаптарына негіз болды. Жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жазып, жариялаған.

Соғыстан қайтқан жауынгер еліне бармай, жолдан Алматыдан түсіп, солдат шинелімен оқуға түскен. Отбасын құрды. Өмірлік жары Халима (Халима Өзбеқанова 2-ші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы Чита қаласында радисттың оқуын бітіріп Мәскеу қаласында әскери цензор болып қызмет атқарған) екеуінен екі қыз, екі ұл бар.

Үлкені Жанар 1949 жылы туылған, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де профессор, филология ғылымдарының докторы, екінші қыздың аты Жәннат 1951 жылы туылған Тұрар Рысқұлов атындағы экономика университетін бітірген, мұнай-газ мекемесінде істейді. Одан кейінгі екі ұл Арнұр (1952), Жаннұр (1954) екеуде Энергетикалық

институтты бітірген. Сабина, Сәкен, Әлия, Дина, Алма немерелері, Халима, Ямси́на, Әлихан, Аржан, Әзілхан, Қасым, Ораз, Дана шөберелері өсіп, өніп келеді.

1943 жылы КСРО-ның «Ерлігі үшін» 3.03.1943. медалі, 1944 жылы КСРО-ның «Жауынгерлік еңбегі үшін» 22.04.1944. медалі, 1944 жылы КСРО-ның 3-ші дәрежедегі «Даңқ» Ордені 3.08.1944., 1945 жылы КСРО-ның «Германияны жеңгені үшін» медалі, 1945 жылы КСРО-ның «Варшаваны азат еткені үшін» медалі; 1956 жылы КСРО-ның «Құрмет белгісі» Ордені, 1984 жылы КСРО-ның «Халықтар Достығы» Ордені, 1985 жылы КСРО-ның 2-ші дәрежедегі «Отан соғысы» 6.04.1985. Ордені, КСРО-ның Еңбек ардагері медалі, 1970 жылы «Қажырлы еңбегі үшін Лениннің туғанына 100 жыл медалі», 1978 жылы «Ақиқат пен аңыз» романы үшін Абай атындағы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды, 1987 жылы А.А.Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, 1990 жылы «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағы берілді, 1995 жылы тәуелсіз Қазақстанның «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды, 2005 жылы Елбасының жарлығымен Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік марапаты «Парасат орденімен» марапатталған, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Ең жоғарғы мемлекеттік марапаты «Отан орденімен» Елбасының өзі марапаттады (Астана, Ақорда 2010 жылы), 2010 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті елбасының әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік және президенттік степендиясының иегері, Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы, Жарма ауданының Құрметті азаматы, Семей қаласында көшенің аты берілген, Алматы қаласында тұрған үйінде мемориалдық тақта ашылған. 2011 жылдың 12 ақпанында Алматы қаласында дүние салды.

БАЗАРБАЕВ Игібай



1919 жылы 10 мамырда қазіргі Алматы облысы Кербұлақ ауданы, Балғала разьезінде дүниеге келген. 1986 жылы 14 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды. Он екі ата Жалайырдың ең үлкен атасы Шуманақ ішіндегі Андас руынан.

Ата-анасынан ерте айырылған Игібай Шұбар ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол жеті жылдық мектепті бітірген соң

Түргендегі жұмысшылар факультетінде оқыған.

Қызыл Армия қатарына 1939 жылдың қаңтарында Алматы облысының Еңбекшіқазақ (Қоғалы) аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Ол кезде халыққа жарияламаса да финдермен

қарулы қақтығыстар жүріп жатқан болатын. Сондықтан Игібай Финляндиядан онша қашық емес Белорусияның Пинск қаласына жөнелтіледі. Ол әскери қызметін өтейтін бөлімше де атыс пен шабыстың түрлі тәсілдерін үйрететін жаттығулар өткізіп, соғысқа дайындала бастайды.

Игібай әуелі 49-шы Армияның құрамында қысқа мерзімді 3 айлық әскери мектепке жіберіледі. Оны ойдағыдай бітіріп келген соң, бөлімше командирі болып тағайындалады. Соғысты Батыс майданының құрамында Смоленск, Калуга, Мәскеу түбінде қарсы алады. Яхрома, Клин, Юхнов, Калуга қалалары үшін болған қанды шайқастарға қатысқан.

1942 жылы Игібай Базарбаев Калуга облысы Алексеевка қаласында саяси дайындықтан өтіп, лейтенант шенін алып, дивизияға қайта оралады. Ол Батыс майданы, 49-Армияның, 18-гвардиялық атқыштар дивизиясының, 53-гвардиялық атқыштар полкінің құрамында барлау ротасының саяси жетекшісі болып тағайындалады. Гвардиялық политрук (аға лейтенант).

Енді маңызды тапсырмалар Игібай Базарбаевқа жүктеледі. Ол барлаушылар тобының жетекшісі ретінде алғы шептен отыздан астам «тіл» әкеліп, біздің әскердің штабын аса маңызды мәліметтермен қамтамасыз етті. Әрине, сарбаздың бәрін барлауға алмайтын. Шыдамды, төзімді, денсаулығы күшті, мықты, табанды, тұрақты, жүйкесі тың адамдарды алатын. Барлау – соғыстың ішіндегі соғыс. Майдан шебінің тағдырын шешетін де осы барлау.

Осындай шұғыл шаралардың арқасында ентелеген жаудың күші мен техникасы дер кезінде жойылып, тойтарыс беріліп отырды. Бұл бір қарыс жер үшін жан алысып, жан берісіп жатқан соғыстың өрті лаулаған ең қиын кезеңі еді.

Юхнов қаласы маңында, Угра өзенінің бойында бір топ барлаушы түн қараңғылығын пайдаланып «тіл әкелуге» келесі жағалауға қайықпен жүзіп өтеді. Басты мақсат немістің біреуін қолға түсіру, яғни «тіл» әкелу. Жер бауырлап келе жатып екі немісті көреді. Біреуін жанындағы сержант жылдамдықпен қылғандырып өлтіреді, екіншісін лейтенант Базарбаев өзі бас салған. Алайда әлгілер айқайлап үлгеріп, немістер бұларға оқ жаудыра бастайды. Алған «тілді» жанталаса сүйреп келе жатқанда топ басшысы лейтенант Базарбаевтың оң аяғына оқ тиеді. Қаруластарының қорғауымен аман-есен жағаға жеткен. Алып келген «тіл» немістің офицері болып шықты. Жаудың күші туралы бір талай маңызды хабарлама алынды. Игібай тапсырманы орындау кезінде көзсіз ерлік көрсеткені үшін жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«Гвардий политрук Базарбаев при разработке плана по захвату языка у противника, разъяснил разведчикам суть задания, поставленную задачу перед командованием, правильно распределил по трем группам, партийно-комсомольский актив взвода, и в ночь с 5-го на 6 августа 1942 года отправился на выполнение задачи.»*

Тов. Базарбаев сам непосредственно находился в захватывающей группе с командиром взвода тов. Аржанниковым. Неожиданно для противника, под прикрытием ночной темноты, незамеченным прошел в район обороны противника и подкравшись к окопу захватил немецкого солдата, расшивавшего сектор обстрела.»

По выполнению задачи и по сигналу командира взвода тов. Базарбаев с захватывающей группой начал отходить с «языком». В это время начался интенсивный обстрел. Прижавшись к земле, начал ползком тащить на себе тяжелого военнопленного «языка». Добравшись благополучно, передал пленного.»

Достоен награждения ордена «Красная Звезда». Командир 53-го стрелкового полка гвардий майор Воронин.

Военный комиссар полка гвардий старший батальонный комиссар Михеев. 7.08.1942.

С представлением Правительственной награде согласен, достоин награде ордена «Красная Звезда».

Командир 18-й гвардейской стрелковой дивизий гвардий полковник Завадовский.

Согласен к награждению ордена «Красная Звезда».

Командующий 49-й Армии генерал-лейтенант Захаркин.

Член Военного Совета 49-й Армии бригадный комиссар Сычев. 9.08.1942.

Наградить орденом Боевого «Красного Знамени».

Командующий войсками Западного фронта генерал армий Жуков.

Начальник штаба Западного фронта генерал-лейтенант Соколовский. 10.08.1942».

53-атқыштар полкінің командирі майор Воронин, 18-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі гвардиялық полковник Завадовский, 49-Армияның командашысы генерал Захаркин «Қызыл Жұлдыз» орденін лайық деп санап осы ұсыныстарға қол қойса, ал Батыс майданның командашысы армия генералы Жуков тапсырманың маңызды әрі өте жауапты екенін және тапсырма орындау кезеңде, өткірлік, өжеттік, ержүректік көрсеткені үшін ерлігін бағалап «Қызыл Ту» орденімен марапаттайды.

1942 жылы аса қауіпті тапсырманы орындау кезінде аяғынан жараланған Игібай 1,5 ай госпитальда жатып емделген, 1943 жылдың соңында Смоленск түбіндегі шайқаста кезекті тапсырманы орындау кезінде Игібай қасында жарылған снарядтан енді, сол аяғынан ауыр жараланып, есінен айырылып госпитальға түседі.

Әскери дәрігерлер жас жігіттің өмірін сақтау үшін сүйегі үгітіліп кеткен сол аяғын қара санынан кесіп тастайды. Калуга, Прокопьевск қалаларында емделген ауыр жаралы жауынгер санитарлық эшаланмен Сібірдің Томск қаласында орналасқан госпитальға жөнелтілген. Томскіде 1,5 жыл жатып емделген жауынгер қос балдақпен медбикенің көмегімен 1944 жылдың 10 мамырында жолаушы поезімен Сарыөзек станциясынан түскен. Станса басында ұстазы, балалар үйінің директоры, адамгершілігі мол, жанашыр Сәрежі Әуелбеков оны арбасына отырғызып үйіне алып келеді. Игібайға ақыл-парасатымен, қамқорлығымен қолдау көрсетіп, жәрдем жасап тура жол нұсқады.

«Бір аяғым жоқ» деп Игібай жатып алған жоқ. Тынымсыз еңбекке араласты, қос балдақпен жүрсе де еңбекқорлығымен көзге түсті. Туған ауылына келіп, отбасын құрып, өмірлік жары Сүйінбике екеуі 7 баланы Сәния (1945), Мая (1948), Асқар (1950), Әсия (1952), Алтай (1954), Асхат (1957), Әлия (1961) асырап жеткізген. Немерелері, шөберелері, шөпшектері өсіп, өніп келеді.

Ол мұнымен де шектелмей, жоғары оқуға сырттай

түсіп, педагогикалық және ауыл шаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын мұғалім болып бастап, колхоз төрағасына дейін көтеріледі. 15 жылдың арасында ол басқарған ұжым алдыңғы қатарға шығып, экономикасы көтеріліп, миллионер колхоз атанады.

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылының азаматы Игібай Базарбаев көптеген марапаттарға ие болады. 1985 жылы Шоқан атындағы колхоз төрінен ашылған қазақтың ағартушы ғалымы, саяхатшысы Шоқанның ескерткішімен бірге мұражай кешенінің ашылуына және Шоқан жерленген жердің нақтылануына бірден-бір дәнекер болған да Игібай Базарбайұлы.

Ол кісі туралы жазушы В.Поволяев «Литературная газетада» «Казахский Маресьев» деген көлемді очерк жариялаған. Сондай-ақ Нұрила Бектемированың «Күреңбел өңірінің қайсар ұлы» («Алатау» газеті. 19.04.2019 ж. №15 саны), жазушы Ораз Исмаиловтың («Жетісу» газеті. 1.10.2003 ж.) «Қазақтың қайсар Маресьеві», «Игібай» («Қазақ батырлары» газеті. 2003 ж. №64 саны) атты мақалалары шықты. Журналист Людмила Макаренко да («Вечерний Алматы» газеті. 8.05.2012) ол кісі туралы мақала жазса, жазушы Сәуірбек Бақбергеновтың тоғызыншы шежіре жинағына жарияланған.

Жауынгерлік «Қызыл Ту» (01.10.1942.), I дәрежелі «Отан соғысы» (14.03.1985.), «Құрмет» (11.01.1957.), «Еңбек Қызыл Ту» (26.04.1966.), «Қазан Революциясы» (07.05.1971.), «Ленин» (27.12.1976.) ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Жеңістің 20 жылдығы», «Жеңістің 30 жылдығы», «Жеңістің 40 жылдығы», «Тың жерлерді игеру», «Қарулы күштерге 60 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері», Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасы, Талдықорған облыстық Советінің 9-шы шақырылымның депутаты, Кербұлақ аудандық Советінің депутаты, Кербұлақ ауданының «Құрметті азаматы» және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

АХМЕТОВ Кенжетай

(7.07.1921 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Заңғар ауылы – 21.08.2006 ж.). Еңбек жолын Павлодар облысының Бесқарағай ауданында бастайды.



17 жасар балаң жігіт Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік институтының дайындық курсына түсіп, биолог болуды армандайды. Бірақ оқуын бітіруге әуелі әскер, сосын соғыс бөгет жасайды. Бозбала он сегізге

толысымен-ақ Павлодар облысы Бесқарағай аудандық әскери комиссариатынан 15.09.1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Мерзімді әскери қызметті Ленинград облысы Пушкин қаласында өтейді.

Қысқа мерзімді әскери курсын бітіріп, лейтенант шенін алады. Жоғарғы қолбасшы резервінде, 17-миномет бригадасының, 225-миномет полкінде батарея командирі болады. Бастапқыда 1941 жылдың 6–8 айларында Ленинград майданында, кейіннен 1942 жылдың 4–8 айларында Солтүстік-Батыс, Воронеж (4.1943. – 5.1944), 2-ші Беларус (1.01.1945 – соғыстың аяғына дейін) қанды майдандарында соғысқан.

Екі рет (10.12.1941., 5.04.1942.) жеңіл жараланған, үш рет (1941 ж. қыркүйегінде, 1943 жылы Курск иінінде, 1945 жылы Берлин қаласы үшін шайқаста) ауыр жараланған. Жауынгерлік жолы ерліктерге толы.

Бастапқыда Петрозаводск қаласына бағыт алған Ахметов қызмет ететін әскери бөлімше Финляндия шекарасының маңындағы Карелияға орналасады. Финдер 100 мыңнан астам «Карелия» Армиясын құрып, 1941 жылы 10 шілдеде шешуші ұрысқа кіріседі, бірақ Ленинград бағытындағы шабуылды Маннергейм ескі шекара маңында тоқтатады.

Снаряд жарықшағынан ауыр жараланған Ахметов Ленинград қаласына емделуге жіберіледі. Аман-есен сауығып шыққаннан кейін Кенжетай Ахметов қанқұйлы Курск иініндегі шайқасқа кіріседі.

Полк командирі шығысқа жаудың танкілерін жібермеуге бұйрық береді. Курск иінінде адамзат тарихындағы ең қиян-кескі, қанды шайқас болады. Айнала қара түтін, шаңнан еш нәрсе көрінбейді. Немістер Курск доғасында алғаш рет ауыр «Тигр» танкісін, орта «Пантера», өздігінен жүретін «Фердинанд» қондырғысын қолданады.

Жалпы Курск иінінде бес бірдей майдан жауынгерлері шайқасты. Қорғаныс бағытында Орталық (ген. Рокоссовский), Воронеж (ген. Ватутин) майдандарының әскерлері жаудың соққысына тойтарыс бере отырып, басқа майдандардың қарсы шабуылға шығуына жағдай жасады. 1943 жылы 12 шілдеде Батыс (ген. Соколовский), Брянск (ген. Попов) Орел бағытында шабуылға шықты, ал 15 шілдеде Дала майданы шабуылға шықты.

Нағыз қиямет соғыс болды. Қанды, жойқын шайқаста жау 8 күннің ішінде 2952 танкіден, 844 зенбірегінен, 1392 ұшағынан айырылды. Кеңес әскерлері қолға түскен әскери олжаларына аң-таң болды. 5 мың автомашина, 100-ден астам ұшақ, қару-жарақтар олжаға түсті. Немістің шешуші қаруы танктің күш-қуаты әлсіреді.

Міне, осы кезде Кенжетай ауыр жараланып, басынан контузия алады. Оның денесінен мина жарықшақтары алынбай, аяғы өмірінің соңына дейін бүгілмей қалады. Бағына қарай топырақтан тысқары еді.

Ол Киев қаласы үшін кескілескен шайқаста өзінің мергендігімен, әскери шеберлігімен, артиллериялық снарядпен жаудың қорғанысының әлсіз тұсын тауып, біздің жаяу әскерге ілгері жылжуға кедергі жасап тұрған 2 миномет батареясын, 1 пулемет нүктесін дәлдеп атып, жойып жібереді.

Өз батареясын алдыға шығарып, жаудың 2 рет қарсы шабуылына тойтарыс беріп, 1 рота жаяу әскерін қырып жібереді. Нәтижесінде Киев қаласының маңындағы кинофабрикасын дер кезінде жаудан босатады. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«Тов. Ахметов управляя огнем батарей в бою за город Киев подавил огонь двух минометных батарей противника и пулеметные точки мешавшие продвижению нашей пехоты.*

При смене боевого порядка тов. Ахметов выдвинул свою батарею в боевые порядки пехоты и точным огнем отбил 2 контратаки до роты пехоты гитлеровцев и способствовал занятию пригорода города Киева кинофабрики.

Командир 225-й минометного полка гвардий подполковник Нечаев.

Начальник штаба 225-го минометного полка майор Огурцов. 11.11.1943.

Приказом №11/н 225-го мин. полка от 13.02.1943 года награжден медалью «За Отвагу».

Украина қалаларын азат етуде Ахметовтың батареясы ұрыста ерліктің үлгісін көрсетеді. Біздің әскерлер Харьков қаласын 3 рет жаудан тазартады, 3 рет техниканы тастап шегінуге мәжбүр болады, ақыры қаланы қайта алады. Совет жерін жаудан тазартқан соң Польша мемлекетінің астанасы Варшаваны азат етеді.

Польша жерінде, Эмилюа елдімекенінде, барлауда болып, 1945 жылы 14 қаңтарда жаудың зениттік зеңбірегін тауып, дәлдеп атып, өртеп жібереді. Жеке қаруымен шапшаңдығы мен жылпостығының арқасында жаудың 3 автоматшысын атып өлтіреді.

Котово елдімекенінде бақылау пунктінде жаудың миномет батареясын, пулемет нүктесін дәлдеп атып, біздің жаяу әскерлерге жол ашады. Осы ерлігі үшін ер жүрек офицер II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«14.01.1945 года в районе Эмилюа, будучи в разведке тов. Ахметов обнаружил вражескую зенитную пушку ведущую интенсивный огонь по нашим боевым порядкам.*

Тов. Ахметов скорректировал огонь батарей по пушке и подавил ее. Там же тов. Ахметов уничтожил из личного оружия 3-х немецких автоматчиков.

В районе Котово тов. Ахметов, будучи на наблюдательном пункте, также обнаружил минометную батарею и пулеметную точку противника и скорректировал огонь своей батарей подавил последние и тем самым дал возможность нашим частям продвигаться вперед.

Тов. Ахметов достоин Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир отдельного 265-го минометного полка гвардий полковник Шедрин. 1.02.1945.

Достойн Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командующий артиллерий 8-го гвардейского механизированного Прикарпатского корпуса генерал-майор артиллерий Мясоедов. 3.02.1945.

Достойн Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 8-го гвардейского механизированного Прикарпатского корпуса генерал-майор Дремов.

Приказом № 9 8-го гвардейского механизированного корпуса от 14.02.1945. награжден орденом «Отечественной войны» 2-й степени.

2-ші дүниежүзілік соғыстың шарықтау шегі тектес операцияға қатысып, Берлин қаласын алған.

1945 жылдың 8-мамыры күні Германия әскери басшылығы капитуляция актісіне қол қойып, жеңілгенін толық мойындаған. Ұлы Жеңіс тойы басталған еді. Кеңес жауынгерлерінің қуанышында шек жоқ.

Ақмолалық Қадан Бекенұлы және тағы үш қазақ офицері, Кеңестер Одағының Батыры қостанайлық Темірбаев Сейітхан, жамбылдық Құстүтінов Әбілқайыр және баянауылдық Ахметов Кенжетай Жеңіс тойын ерекше, қазақы қалыпта атап өтіп, басқа ұлттық қарулас жолдастарын таң қалдырмақ болады.

Төртеуі бірігіп жергілікті неміс фермерлерінен (қырық жыл қырғын болса да сауданың аты сауда) 20 маркаға тірі қой сатып алады. Оны сойып, басын үйтіп, мүшелеп, етін баптап пісіріп оншақты басқа ұлттық (көбіне орыстар) қарулас жолдастарын той асына шақырады.


Оларды алдын ала шанышқы, қасық болмайтынын, етті қазақша қолмен жейтіндерін, сондықтан қолдарын жуып келулері керек екенін ескертеді. Бұл шартты қонақтар риясыз қабылдап, соңынан дәмді асқа, дархан көңілге, қазақы дастарқанға аса риза болып, рахметін жаудырған екен. Қандай қиындық болса да, ағаларымыздың қазақи болмыстан жаңылмай, намысты биік ұстап, тапқырлық, татулық, дархан көңіл көрсете білгеніне таңданбасқа шара жоқ.

Капитуляциядан кейін Ахметовтың әскери бөлімшелері Берлин, Лейпциг, Дрезден қалаларында 1946 жылдың қазанына дейін тұрған. Туған қаласы Павлодарға ол аман-есен оралады. Бертін келе Кенжетай Ахметұлы мұғалім, сосын Павлодар қаласындағы №10 орта мектеп директорының орынбасары болып жұмыс істеді. 1960 жылдан бастап партияның Павлодар қалалық комитетінің нұсқаушысы, Павлодар уездік атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің бастығы, 10 жылдан астам уақыт аудандық азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімін басқарады, парткомның хатшысы, райисполкомның жалпы бөлімінде меңгеруші қызметін атқарады.

Ахметов Кенжетай өмірлік жары Рауза Асқарқызымен отбасын құрып, жарық дүниеге Гүлнар, Гүлфаз, Гүлназ, Даниал келеді. Гүлнар, Гүлфаз дәрігер, Гүлназ педагогика ғылымдарының докторы, Даниал Шығыс Қазақстан облысының әкімі. Немерелері, шөберелері өркендеп, өсіп, өніп келеді.

2-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «За отвагу», «За освобождение Варшавы», «За взятие Берлина», «За победу в Великой Отечественной войне над Германией 1941-1945 гг.» және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

ЖАТАҚБАЕВ Баймұхамет (құжатта Жатакпаев Баймұхамед)



4.10.1913 жылы Жетісугуберниясы Лепсі уезіндегі бұрынғы «Қызыл отау» колхозы кіші Аягөз болысы, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. 1979 жылы Аягөз қаласында дүниесі салған.

Балалық шағы қиын-қыстау кезеңде өтеді: революция, азамат соғысы, Голощекин билеген кезең, жаппай ашаршылық. Қызыл Қия ауылында

5-сыныпты бітіріп, жұмысқа ерте араласады. Қазіргі Мамырсу ауылында есеп жүргізу курсы бітіріп райпотребсоюз, сауда мекемесінде, 1931-1934 жж. Ақшатау, Жүзағаш, Шынқожа ауылдарында сауда-есепші қызметін атқарып, 1935 жылы инструктор-ревизор дәрежесіне көтеріледі.

Қызыл Армия қатарына 1935 жылы қазан айында Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Орта Азия әскери округінде Ашхабад, Қызыл-Арват, Ташкент қалаларында әскери қызмет атқарған. Гаубица артиллерия әскери училищесінің қысқа мерзімді 6 айлық курсы бітірген (1938). 1938 жылы күз айында Батыс шекарасына жіберіліп, Минск қаласында әскери қызметін атқарады. 1939 жылы Қызыл Армияның батыс жорығына қатысады.

Фин соғысының қатысушысы, 1939-1940 жж. Карел мойнағында шайқасып, Совет әскерлерімен әйгілі «Маннергейм» бекінісін боранды күні, сақылдаған сары аяздың астында тұрып ұрыс жүргізіп, шепті бұзған. Ақ финдермен ұрыста, гаубица взвод командирі лейтенант Жатақбаев «Маннергейм» қамалын алу үшін, Сумма қаласы үшін шайқаста, жауынгерлік міндетті ойдағыдай орындағаны үшін, қазақтардың арасынан алғашқы болып «Қызыл Жұлдыз» (21.03.1940.) орденімен марапатталған.

Бұл туралы майдандас жолдасы жазушы Әл-жаппар Әбішевтің 1940 жылдың қыркүйек айында көлемді «Қан тамған анкета» очеркі жазылған. Сол очеркте «Қызыл Жұлдыз» орденін алғаны туралы айтылады.

Фин соғысынан кейін, Ерекше Батыс округінде қызмет атқарған.

Соғыс басталғанда Брест қаласының маңында ұрысқа кіріседі. Жауға қарсы ұрыс жүргізе отырып, Кеңес әскерлерімен 1941 жылдың қараша айына дейін шегінуге мәжбүр болады.

Батыс майданының 10-шы Армиясының құрамында, кейіннен 16-шы Армия 324-ші атқыштар дивизиясының, 887-артиллерия полкында батарея командирі, лейтенант (1938), аға лейтенант (1940), капитан (1942), майор (1943), кейіннен артиллерия

дивизионның командирі, сонан соң полк командирінің сап бойынша орынбасары қызметін атқарған.

Жалпы 324-атқыштар дивизиясы бастапқыда резервте тұрған, ұрыс майданына 1941 жылдың 3 желтоқсанында кіріседі. Рязань облысының Михайлов қаласы үшін ұрыс жүргізіп, оны босатып, Тула облысының Епифань-Богородицк бағытына шығып, 1941 жылы 15 желтоқсанда жаудан Богородицк қаласын азат етеді.

Бұл шешуші кезең еді, өршелене алға ұмтылған неміс генералы Гудерианның танктік және моторлы Армиясы Тула қаласына қауіп төндіріп тұр еді. Михайлов пен Богородицк қаласы босатылған соң, Гудериан тактикасын өзгертіп қорғаныс бағытына көшеді.

Сталинск – Ржава – Сумароково – Сонино – Сныхово – Бережное – Белово – Козельск – Сухиничи сынды 250-ден астам елді мекенді жаудан тазартып, 324-ші дивизия жаппай ерлік көрсетеді.

Сухиничи қаласы үшін жойқын шайқаста Жатақбаевтың батареясы ерекше ерлік көрсетеді. Олар жаудың артиллерия, миномет атқылауына қарамастан 20 тәулік бойы ашық атыс алаңда, 4 атыс қаруын итеріп шығарып, түнде зеңбіректің төртеуін шаңғыға орнатып, ашық позицияға қойып, жабдықтап, бүркемелеп жаудың өте маңызды нысанасын көздеп атып 10 атыс нүктесін жойып жібереді. Боронеты елді мекенінде 1942 жылы 26 қаңтарда жаудың үш шабуылына тойтарыс береді.

Ал 1942 жылы 27 қаңтардағы қанды ұрыста Сухиничи стансасы маңында жаудың оқ тиеген арбасы мен бір топ әскерінің құл талқанын шығарады.

Басқа зеңбіректегі лейтенанттар Белозерский, Полетаев және батарея комиссары Кошкин атқылап жатыр. Осы жойқын ұрыста расчет жауынгерлеріне оқ тиеді, лейтенант Рогов жараланады, осындай қиын-қыстау сәтте, ержүрек батарея командирі аға лейтенант Жатақбаев өзіне төнген қауіпке қарамастан, қарша борап тұрған оқтың астында, 3-ші орудия нысанашысының орнын алып, панорамадан көзін алмай жаудың екі зеңбірегін бірдей дәлдеп атып түсіреді. Сөйтіп батарея шұғыл түрде позицияны қолма-қол өзгерте отырып, жаудың техникасы мен адам күштеріне дер кезінде соққы берді. Артиллерия дуэлі жеңіспен аяқталды. Нәтижесінде жүздеген фашистер құртылды, біздің жаяу әскерлер қалаға басып кірді. Осындай ерліктері және бұйрықты мүлтіксіз орындағаны үшін, дивизияда алғашқы болып аға лейтенант Жатақбаев «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Бұл марапатты 324-ші атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор Кирюхин, 16-Армияның командашасы генерал-лейтенант Рокоссовский, Батыс майданының қолбасшысы армия генералы Жуков қолдап, қуаттап қол қойған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «В боях за Социалистическую Родину в борьбе с Германским фашизмом на Западном фронте показал себя как храбрый командир Красной Армии. Батарея старшего лейтенанта Жатакбаева в течении двадцати дней стояла на открытой ОП (огневой позиция) – уничтожила 10 огневых точек противника.

26 января 1942 года отразила три контратаки немцев в направлении Боронеты.

27 января 1942 года расстрелял в упор прямой наводкой у водокачки на станций Сухиничи группу пехоты противника с обозом.

Много раз становился сам лично у орудия за наводчика. Батарея подвергалась артиллерийскому и минометному огню противника, но продолжала выполнять поставленную боевую задачу и победа всегда была на стороне батареи старшего лейтенанта Жатақбаева.

Достоен награждения орденом «Боевого Красного Знамени».

Командир 887-го артиллерийского полка капитан Бойков.

Комиссар 887-го артиллерийского полка старший политрук Жегалов.

2 февраля 1942 года.

Достоен награждения орденом «Боевого Красного Знамени».

Командир 324-й стрелковой дивизии генерал-майор Кирюхин.

Старший батальонный комиссар Иванов. 2.02.1942.

Достоен награждения орденом «Боевого Красного Знамени».

Командующий войсками 16-й Армии генерал-лейтенант Рокоссовский.

Член Военного Совета 16-й Армии дивизионный комиссар генерал-майор Лобачев. 10.02.1942.

Наградить орденом «Боевого Красного Знамени»

Командующий войсками Западного фронта генерал-армий Жуков.

Начальник штаба Западного фронта генерал-майор Голушкевич.

11.03.1942.»

Дивизия бойынша батарея тағы жауынгерлік тапсырманы алып, орындауға кіріседі. Ендігі бағыт Сухиничи – Чернышева – Лутовня. Аға лейтенант Жатақбаев енді 2-ші дивизион командирі болып тағайындалады, капитан шенін алады.

Чернышево үшін шайқаста жаудың атыс құралдарын жойып, өз дивизионның табысты іс-әрекеттерін қамтамасыз еткені үшін 2-ші мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Көп ұзамай ержүрек офицер, капитан Жатақбаев 887-ші полктің командирінің сап бойынша орынбасары болып тағайындалды. 1942 – 1943 жж. дивизияға Сухиничи – Калуга – Москва бағытында тасалау міндеті жүктеліп қорғайды. 27 тамызда 1943 жылы Брянск облысының Песочная өзенінің бойындағы жойқын ұрыста ауыр жараланып, госпитальға Ярославль қаласына жөнелтіледі. Зақым келген оң аяғын дәрігерлер кеңесінің шешімімен кесіп алып тастауға мәжбүр болады.

Көкен би әулетінен жеті бірдей азамат соғысқа аттанып, содан жалғыз өзі Баймұхамет Жатақбаев қана майор атағымен, бір аяқтан айырылып мүгедек болып елге оралған.

Ендігі өмір бейбіт өмір. Өз өзіне жігер беріп, рухтанып, қос балдаққа сүйеніп еліне аман-есен келді. Отау құрды. Мыңділдә өмірлік жары бола білді. Баймұхамет 1945 -1946 жж. Алматы партия мектебінде оқып, 1946-1948 жж. Шар, Семей қалаларында әр түрлі партия жұмысында істеген. 1948 ж. Аяғезге ауысып, ауыл шаруашылық мектебінде нұсқаушы, 1956 жылдан бері орталық

сақтық кассасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Жатақбаев Баймұхамет өмірлік жары Мыңділдә екеуі алты бала тәрбиелеп жеткізді: Серік (1945-2000), Ерік (1948-1996), Қайыркен, Рәзия, Бауыржан, Бақытжан, немерелері Ахат (1969-2004), Әсет, Бекет, Әйгерім, Әліби, Асыл, Жұлдыз, Айжан, Дидар, Сабина, Ботагөз, Әлия, Данияр, Данар, сондай-ақ шөберелері де өсіп-өніп келеді.

1957 жылы туған кенже ұлы, полковник Жатақбаев Бақытжан (Кенжекеш) Алматы қаласының Конев атындағы жалпы командалық училищесін 1978 жылы бітірген (АВОКУ). Ауған соғысының ардагері. Әйгілі 177-ші «Қара майор» басқарған мұсылман арнайы отрядында, лейтенант Жатақбаев взвод командирі болып Пандшер шатқалында Ахмад Шахтың әскерімен 1981-1983 жж. соғысқан. Немересі Жатақбаев Әсет Құрлық әскерлері әскери институтының автомобиль ротасының сержанты.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (15.03.1942.), екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» (21.03.1940.), (22.05.1942) ордендерімен, «За оборону Москвы» (01.05.1944.), «За победу в Великой Отечественной войне над Германией 1941-1945 гг.» (9.05.1945) және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

ЖАҚАШБАЕВ Ахат (Рахатбек)



1919 жылы Семей облысы Аягөз ауданында дүниеге келген, 24.08.1943 жыл Харьков қаласында қаза тапқан. Ахаттың әкесі Жақашбай орта білім алып, молла болған. Ауылда бала оқытқан, көп адамның сауатын ашқан. 1921 жылы оба деген аурудан қайтыс болған. Жақашбайдың жары Жәмиля екі баламен жесір қалып, Ахат пен қызы Шәзиляны өзі өсіреді, ал 1928 жылы

науқастан қайтыс болады.

Жақашбайдың туысы, ағартушы Иманбеков Абылғазы Қызылқия мектебінің интернатына Ахатты қабылдап, орналастырады. 1927 – 1931 жж. Ахат 5-сыныпты бітірген соң, Талдықорған қаласына орта мектепке жібереді. Сол мектептен Ахат Қызылордадағы медресаға түсіп, оны бітірген соң Алматыда мединститутта оқыды (1937 – 1942 жж.). Оқуда үнемі озат болды, спортпен шұғылданған. Мединститутты бітірісімен майданға аттанды. Москва маңындағы жеке гвардиялық 513-ші танк полкінде медицина батальоны бастығының қызметін атқарады, шені капитан. Өкінішке орай, 1943 жылдың 24 қыркүйекте оққа ұшады, Харьков қаласының маңында жерленген.

НҰРАЛИН Фазыл



1915 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Ақтоғай ауылдық кеңесінің Айғыз елді мекенінде дүниеге келген. 1977 жыл Таңсық ауылында дүние салған. Әкесі Нұралы жай шаруашылық адамы болған. Қазіргі Таңсық өңірінде колхоз ұйымдастыруға белсене қатысқан.

Фазыл Нұралыұлы қазіргі Мамырсу ауылындағы (бұрынғы

Сергиополь) 7 жылдық мектепті бітірісімен 1936 жылы Алматы просветтехникумына түсіп, 1938 жылы оны бітіріп шыққан. Алматы облыстық білім басқармасында инспектор болып еңбек жолын бастаған, зайыбы Саға өзімен аталмыш техникумда бірге оқып, соғыс кезінде ауылдық кеңесінің хатшысы болып жұмыс атқарған.

Фазыл Қызыл Армия қатарына 1938 жылдың қыркүйегінде Алматы қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

1941 жылы әскери борышын аяқтап, ауылға қайтайын деп отырғанда 1941 жылы 22 маусымда соғыс басталып кеткен. Сол қан майданға 1945 жылдың 9 мамырына дейін, яғни алғашқы күндерден соңғы күндеріне дейін қатысқан.

Соғыста қатардағы жауынгер, сержант, аға сержант, старшина, лейтенант, аға лейтенант 92-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының атқыштар взводының командирі, гвардиялық аға лейтенант сынды әр түрлі лауазымды қызметті атқарды.

Қырым майданында 7.08.1942 жылға дейін шегінуге мәшбүр болып шайқасқан, кейіннен 5.07.1943. – 19.07.1943., Воронеж майданында, 20.07.1943. – 20.10.1943. Дала майданында, 20.10.1943. – 15.01.1944. 2-ші Украин майданында, 15.01.1944. – соғыстың аяғына дейін 3-ші Украин майданында. Екі рет жеңіл жараланған.

Аға сержант Нұралын Фазыл 1943 жылы 29 қазанда атты әскер барлау тобын басқарып жаудың жеңіл көлігіне оқ боратып істен шығарып, үшеуін тұтқынға алып, өте құнды мағлұматты, тез және дәл жеткізгені үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«Наградить помощника командира взвода конной разведки старшего сержанта Нуралина Фазыл, ранее не награжденного. В боях с немецкими захватчиками проявил себя смелым и отважным командиром. Группа разведчиков под руководством Нуралина огнем из автомата вывела из строя легковую машину противника и захватила трех пленных.*

29.10.1943 года получив данные он доносил своевременно точно и быстро.

Командир 282-го гвардейского стрелкового полка гвардий подполковник Студеникин».

Жалпы дивизия Курск иінінде жойқын, қанды

шайқастарға қатысып, Белгород бағытында үлкен шығынға ұшырайды, 6 күннің ішінде 6256 адамнан айырылады. Нағыз қиян-кескі, аса қанқұйлы шайқастар жүріп жатты. Сол тозақтан аман қалып, қайта ұрысқа кірісті.

Дивизия қайта құрастырылып, 29.07.1943. – 7.09.1943. жаңадан жасақталады. Жаңадан жасақталған дивизия шабуыл бағытына кіреседі.

Полтава – Кременчуг – Желтые Воды – Кривой Рог – Вознесенск – Бендеры – Кишинев – Румыния – Болгарияға дейін барған.

Негізі барлаушыларға жауапты міндет қосымша жүктеледі. Осы барлауда старшина Нұралын ерекше ерлік көрсетеді. Атты әскер взводын басқарып, өте құнды мәліметтер жеткізеді.

Одесса облысының Сталино елді мекенін босатуға атсалысып, Нұралынның взводы көше шайқасында 15 фашисті өлтіреді, Тирасполь қаласы үшін шайқаста жаудың 9 сарбазын тұтқынға алады.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«Гвардий старшина Нуралин Фазыл командуя взводом конных разведчиков, показал знания своего военного дела, требователен к себе и подчиненным, инициативен и храбр в бою. Это он показал в Белгородских боях в период весеннего наступления, во время боев за освобождения Советской Молдавии. Всегда с достоинством выполняет свой долг перед Родиной.*

При освобождении сел Сталино Одесской области в уличных боях уничтожил со взводом до 15 фашистов, освобождая г. Тирасполь 9 немцев взял в плен.

23 августа 1944 года выполняя боевую задачу, проявив инициативу, вышел во фланг противнику в районе села Каштенгелия и со взводом уничтожил до 15 немцев, а 42 фашистов взял в плен.

Гвардий старшина Нуралин достоин Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Начальник разведки полка гвардий лейтенант Семин. 25.08.1944.

Достойн Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир дивизий гвардий полковник Матвеев. 27 августа 1944 года.

Приказом войсками 82-й стрелкового корпуса №33 от 29.08.1944 года награжден орденом «Отечественной войны» 2-й степени.

Начальник отдел кадров майор Крикун. 31.08.1944 года».

1945 жылы 9 мамырдағы жеңіс күнін Венгрия мемлекетінің астанасы Будапешт қаласында қарсы алған. Сөйтіп, бес жылға созылған қан майданнан, аман-есен туған жеріне оралды. Келе сала ауыл жұмысына араласты. Кейін ауданда қаржы саласында инспектор, қайта ауылға келіп есепшілік қызмет атқарды. Зейнетке шыққанға дейін «Таңсық» совхозында бөлімше бухгалтері болып қызмет жасады.


Фазыл жары екеуі дүниеге бес бала әкелді. Үшеуі кішкентай кездерінен шетінеп кетті. Қалған екі баласы: Тоқтарбек Фазылұлы 1946 жылы туған. Алматы ауыл шаруашылық институтын бітірген. Шаруашылықта көп жылдар бойы еңбек еткен. Басшылық қызметтер атқарған.

Аудандық ауыл шаруашылық басқарма бастығы, аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасары, екі совхозда директор, нарық кезеңінде ЖШС директоры, ауыл әкімі жұмыстарын атқарған. Жан ұялы.

Бес бала тәрбиелеп, бәріне жоғарғы білім беріп, балалары әр салада жұмыс істейді. Жеті немере, екі шөбере көріп отыр.

Асқарбек Фазылұлы 1950 жылы туған. Қырық жылдан астам теміржол саласында жұмыс жасады. Жанұялы. Балалары бар. Үш немерелі.

НАЗАРОВ Рыспай (құжатта Рыспай, Руснай)



1910 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Саты ауылында дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Хабаровск өлкесі, Еврей автономдық облысының, Бирск аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Бастапқыда Орталық майданында, кейіннен 1-ші Украин майданының, 101-ші атқыштар корпусының, 70-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 205-ші гвардиялық атқыштар полкінің атқышы, кейіннен жаяу әскерде барлаушы-бақылаушы. Қызыләскер, ефрейтор, кіші сержант, сержант. 1942 жылдың маусым айынан 151-ші запастағы полкте 1 ай әскери дайындықтан шұғыл түрде өтіп, ұрысқа кіріседі. Себебі өршелене алға ұмтылған 6-шы далалық немістің генералы Паулюстың Армиясы Сталинград қаласына қауіп төндірді.

Назаров Рыспай өзін батыл ұстап, ұрыста ержүректік, ерлік көрсеткені үшін талай мәрте басшылар тарапынан марапатқа ие болған. Бұйрықты мүлтіксіз, дәлме-дәл және дер кезінде орындап, керекті тапсырманы қарша борап тұрған оқтың астында, әуеден бомбылаған және жерден атқылаған снарядқа қарамастан алдыңғы шепке шығып, хабарламаны жеткізіп отырған. Осы ерлігі үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить медалью «За Боевые Заслуги» Назарова Русная (деректе дәл солай – автор) часто под сильным обстрелом противника, бомбежкой доставлял боевое распоряжение батальона на передовую. Любые приказания выполняет точно и своевременно.

Командир полка подполковник Печенюк. 24.07.1943.

Приказом командиром полка № 30 от 24.07.1943 года награжден медалью «За Боевые заслуги».

Дивизия, полк басшылары үнемі қадағалап жүріп қызыләскер Назаровтың жылпостығын, шапшаңдығын, тез орындаушылығын байқап, 1943 жылдың қазан айында барлау тобына жібереді.

Әрине, барлауға сарбаздың бәрін алмай, шыдамды, төзімді, денсаулығы мықты, табанды, тұрақты, жүйкесі тың адамдарды алатын. Барлау – соғыстың ішіндегі соғыс. Майдан шебінің тағдырын шешетін де осы барлау.

Қиын-қыстау сәтте өз жолдас-жораларын тастамай дер кезінде көмек көрсетеді. Чернобыль елді

мекенінің маңында тұтқынды ұстау кезеңде қаза болған взвод командирін жаудың шебіне тастамай, атыс алаңынан өзі көтеріп алып шыққан.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Тов. Назаров находится во взводе пешей разведке с октября 1943 года. На протяжении этого времени показал себя храбрым и мужественным разведчиком. В бою при критических положениях всега не оставляет товарищей оказывает им помощь. При операций по захвату пленного под Чернобылем, оставшись один, несмотря на сильный ружейный, пулеметный, минометный огонь противника вытащил на себе убитого командира взвода пешей разведки, не оставляя его на стороне противника. В последних операциях по захвату пленного участвовал в группе захвата.

За образцовое выполнение задания командования по разведке достоин Правительственной награды.

Командир 205-го гвардейского стрелкового полка гвардий подполковник Печенюк.

Начальник штаба гвардий майор Бапаков.

Награждаю орденом «Красной Звезды».

Командир 70-й гвардейской Краснознаменной стрелковой дивизий гвардий генерал-майор Гусев.

Приказом № 9 командира дивизий от 21.04.1944 года награжден орденом «Красной Звезды».

Львов қаласына қарай Мануилровка ауылының маңында ержүрек жауынгер Назаров жау қорғанысын бұзу мақсатында 1 тәулік бойы ұрыс жүргізеді. Ол жаудың жасырын артиллериясын тауып, атыс нүктелерін анықтап, дер кезінде басшыларға хабарлайды.

Тапқырлығымен және батылдығымен дұшпанның орналасқан жеріне бұзып кіріп, жеке қаруымен 5 немістің солдатын атып, құжаттарын штабқа жеткізеді. Шабуыл кезінде жаудың 20-дан астам құжаттарын жеткізген. Тернополь облысының маңында жаудың қарсы шабуылына тойтарыс берген.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «При прорыве обороны противника на Львовском направлении в районе деревни Мануилувка тов. Назаров находясь все время в боевых порядках батальона в течении суток ведя бой он наблюдением установил расположение его огневых точек и ОП (огневая позиция) артиллерий. Смелыми инициативными действиями, проявив личное мужество и героизм тов. Назаров убил 5 немцев доставил их документы в штаб.

За время наступательных действий он доставил документы 20 убитых немцев, чем в значительной степени облегчил решения задачи командования получившее оперативные важные сведения неоднократно. Неоднократно тов. Назаров принимал участие в отражении многочисленных контратак противника – в районе леса, северо-западнее деревни Олейков Тернопольской области.

Командир 305-й-го гвардейского стрелкового полка подполковник Печенюк. 14 августа 1944 года.

Командир 70-й гвардейской Краснознаменной стрелковой дивизий генерал-майор Гусев. 25.08.1944.

Приказом командира дивизий от 2.09.1944 года награжден орденом «Славы» 3-й степени».

Таулы-орманды Ольховец елдімекенінде шабуылға шығып, ерекше ерлік көрсетеді. Екі саусағынан айырылса да, жарасын дереу таңып алып, барлауда ұрыс жүргізе береді. Жаудың бір топ сарбазына ойламаған жерде кездесіп қалғанда саспай дер кезінде ат деген бұйрық беріп, 8 дұшпанның көзін

жойып, алтауын тұтқынға түсіреді. Уралап ұрысты жалғастырады.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «В наступательных боях по прорыву немецкой обороны в условиях горно-лесистой местности тов. Назаров проявил исключительное мужество и отваги. Несмотря на то, что его рука от тяжелого ранения из-за отсутствия 2-х пальцев плохо держит автомат, он отлично действует в разведке. Так в бою за сел Ольховец идя впереди боевых порядков он ведя разведку наткнулся на группу немцев. Вместе со своими бойцами он не растерявшись подал команду огонь и с криком «Ура» разогнал эту группу. При этом было убито 8 гитлеровцев, а в последствии взято 6 человек в плен.

Достоен Правительственной награды ордена «Красное Знамя».

Командир 205-го гвардейского Краснознаменного стрелкового полка Герой Советского Союза гвардий полковник Печенюк. 14 октября 1944 года.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 70-й гвардейской Краснознаменной стрелковой дивизий генерал-майор Гусев. 25.10.1944.

Приказом № 67 командира стрелкового корпуса от 22.11.1944 года награжден орденом «Отечественной войны» 2-й степени».

Соғыстан кейін ол жатпай-тұрмай колхоз шаруашылығына белсене араласады. Колхоз төрағасының қызметін атқарады. 1950-60-жылдары бригадир, қойма басқармасы, төрағаның көмекшісі жұмыстарын атқарады. Ауыл шаруашылық, астық өнімдерін өндіруде қырман басшысы қызметін абыроймен атқарады. Сол қызметтерінің арқасында облыс, аудан тарапынан орден, медальдармен марапатталады.

Рысбай Назаров 1990 жылы 80-нен асқан шағында, мамыр айында дүниеден өтеді. Ұлы Несіпқазы, немересі генерал-майор Рысбаев Василий Несіпқазыұлы, шөбересі подполковник Рысбаев Асқар Алматы қаласының 13-ші қалашығында әскери поликлиникасының бастығы, шөпшектері өсіп, өніп келеді.

САҒЫСБАЕВ Нәбіш (Нәбиолла)



Халидоллаұлы

1915 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Көксала елді мекенінде дүниеге келген.

Оның балалық, жастық шағы революция, азамат соғысы, жаңа экономикалық саясат, Голощекин билеген шақ, жаппай ашаршылық, ұжымдас-тыру сияқты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Нәбіш ауыл молдасынан сауатын ашып, Семей қаласында мұғалімдер дайындайтын курсты аяқтап,

1936 жылы Аягөз аудандық комсомол ұйымына хатшы болып сайланады. 1937 – 1941 жылдары Алматыдағы № 22 мектепте мұғалім болған.

Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан алынған. Отан соғысында қан кешіп, өмір мен өлімнің арасында талай ерліктің үлгісін көрсетті. Екі тілді (қазақ, орыс) бірдей меңгерген Нәкең сөйлеп, жаза білетін маман ретінде соғыс уақытында саяси бөлімде жұмысын атқарған. Қиыр шығыста Жапонияның Квантун Армиясын талқандауға қатысқан. Білімді, білікті азамат болған.

Соғыстан кейін саналы өмірін халық ағартуға арнайды. 1945 – 1956 жж. Алматы облыстық атқару комитетінің хатшысы, 1956 – 1966 жж. Оқу-ағарту министрінің көмекшісі, 1966 – 1993 жж. «Қазақстан мұғалімі» журналының редакторы, оқу-ағарту министрінің аппарат қызметкері. Өр уақытта Республиканың оқу министрлігін басқарған атақты партизан Әди Шәріпов, К.Айманов, Б.Бөлтіріковалармен қызметтес болған. Соғыстың зардабынан жүдеп, жетім қалған жастарды Алматы, Талғар интернаттарына орналастырып, жоғары білім алуларына көмек беріп, аяусыз еңбек еткен жанның бірі еді.

Оразалинов Сабалақтың, Александр Матросовтың ерлігін қайталағанын құжатпен дәлелдеп, кеудесіне Ленин орденін қадағанын көпшілік біле бермейді.

Қызы Фреля, ұлы Сәкен, Мәди, Мәулен, немерелері: Асқар, Дана, Жанна, Әділжан, Санжар, Олжас, т.б. еліміздің түпкір-түпкірінде еңбектенуде, шөберелері өсіп келеді.

1-дәрежелі, 2-дәрежелі «Отан соғыс» орденімен және бейбіт өмірдегі жемісті еңбектері үшін көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

НҰРҒАЛИЕВ Рахманғали



1915 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Ай ауылында дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан бір құжатта 1941 ж. шілде айында, екінші құжат бойынша 1942 ж. қыркүйегінде алынған. Соғысқа Аягөз қаласының 4 орамының (квартал) 33 үйінен аттанған. Білімі – 7 сынып. «Сталинградты қорғағаны үшін»

медалімен марапатталған.

Кескілескен шайқаста аяғынан ауыр жараланады. Госпитальда толық емделген соң үйіне 10 күндік қысқа мерзімді демалыс алады. Демалыс біткен соң қайтадан соғысқа аттанған. Өкінішке орай қатты бір ұрыста 1944 жылдың қыркүйек айында із-түссіз жоғалып кеткен.

Бастапқыда 80-гвардиялық дивизиясының құрамында, 230-гвардиялық атқыштар полкінде атқыш, қатардағы жауынгер, ефрейтор, кейіннен 111-зениттік атқыштар полкінде, 267-зениттік атқыштар полкінен 78-зениттік атқыштар полкіне ауысады.

Зайыбы Хасенова Әсия. Ұлы Нұрғалиев Қайыртай Рахманғалиұлы (1940 – 2018) Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 40 жыл ұстаздық қызмет атқарған, профессор.

Келіні Фреля Нәбиоллақызы С.Асфендияров атындағы медицина институтында ұстаздық қызмет атқарған, зейнеткер. Немерелері Асқар – экономист, Дана – қаржыгер, Жанна – заңгер. Шөберелері өсіп, өніп жатыр.

ӘУБӘКІРОВ Дәуітхан
(құжатта – Аубакиров Даутхан)



1912 жылы Семей облысы Жарма (Шар) ауданы Жидебай а у ы л ы н д а дүниеге келген. 1992 жылы Шар қаласында дүние салған. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Жарма аудандық әскери комиссариатынан 5.12.1941 жылы алынған. 10.02.1942 жылы әскери ант қабылдап, соғысқа аттанған. Б а с т а п қ ы д а 5 . 1 2 . 1 9 4 1 . – 1 0 . 1 0 . 1 9 4 2 .

Калинин, 10.10.1942.–10.02.1943. Воронеж, 10.02.1943. – 5.12.1943. 1-ші Украин, 24.12.1943. – соғыстың аяғына дейін 2-ші Беларус қанды майдандарының қатысушысы. Бастапқыда Калинин майданының құрамында Қазақстандық 100-ші ұлттық атқыштар бригадасында көлік жүргізуші, кейіннен 2-ші Беларус майданының, 1-ші гвардиялық Танк Армиясының, 8-ші корпусның, 20-шы механикаландырылған бригадасының, 3-ші мотобатальонның жүргізушісі. Гвардиялық сержант. Дәуітханның әскери жауынгерлік жолы еріктерге толы.

Белгород үшін шайқаста 1943 жылдың жаз айында қарша борап тұрған оқтың астында, өмір мен өлімнің арасында Д.Әубәкіров маневр жасай алғыштығы мен әскери шеберлігінің арқасында, 1 машина жетпей тұрған жүк снарядты, жанғыш шөлмектерді көлігімен дереу алдыңғы шепке бақылау пунктіне дер кезінде жеткізді.

Кері қайтарда ауыр жараланған 11 қызыл әскер мен командирді аман есен медсанбатқа жеткізген. Нәтижесінде біздің әскерлер жауға тойтарыс беріп, жеңіске жетеді. Осы ерлігі үшін «Өжеттегі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің

орталық мұрағат құжаттарынан: «В Белгородских боях летом 1943 г. передовые подразделения находившиеся в обороне нуждались боеприпасами и бутылками с горючей жидкостью. Тов. Аубакиров рискуя своей жизнью под сильным обстрелом противника доставил их на передний край обороны и на обратном пути на своей машине вывез 11 человек раненых бойцов и командиров.

Представляется к Правительственной награде медали «За Отвагу».

Командир 3-го мотострелкового батальона гвардий старший лейтенант Лапенков. 1 декабря 1944 года.

За мужество и отвагу в борьбе с немецкими захватчиками тов. Аубакирова награждаю медалью «За Отвагу».

Командир 20-й механизированной ордена Ленина, Краснознаменной ордена Богдана Хмельницкого бригады гвардий полковник Анфимов. 5.12.1944.

Приказом № 50 от 5.12.1944 года 20-й гвардейской механизированной бригады награжден медалью «За Отвагу».

Күндіз-түн тынбай 4 жылдың ішінде артиллерия үшін мыңнан астам машина снарядтарды алдыңғы шепке жеткізіп отырған, үш мәрте жараланған, госпитальдан сауығып шыққан соң, қайта өз бөлімшесіне аман-есен оралған. Өз міндетін адал атқарған. Сол ерлігі үшін 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Гвардий сержант тов. Аубакиров (деректе дәл солай - автор) на фронте Отечественной войне с 1941 года. В течений 4-х лет боевой водитель перевоз для артиллерий тысячи машин с боеприпасами, он доставлял им и днем и ночью. Во время обстрела в боях был трижды ранен, но после каждого выздоровления возвращался снова в часть к своим фронтовым автомашинам.

Отважный коммунист, честно выполнил долг перед партией Ленина-Сталина, достоин Правительственной награды Отечественной войны 2-й степени.

Начальник КАПЧ подполковник Ворона.

Приказом № 1074 от 2.11.1945. 2-го Белорусского фронта награжден орденом «Отечественной войны 1-й степени».

2 мәрте 1-дәрежелі «Отан соғысы» (2.11.1945., 06.04.1985.) орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Соғыстан елге 1946 жылы оралған. Сол жылдан бастап Семей облысы Шар ауданы ірілендірген И.В.Сталин атындағы колхозда, Черниговка, Жидебай колхоздарында төраға болып қызмет атқарған, 1961 жылы Көшек ауылының басшысы болады, 1965 жылы Шар совхозының энергетика бойынша бас инженерінің міндетін атқарған, 1972 жылы құрметті демалысқа шығады. Бірнеше рет аудандық, облыстық кеңеске депутат болып сайланған. 7 бала тәрбиелеп өсірген: Қаншайым 1938 ж., Жамал 1941 ж., Тоқмейіл, Құдасхан (1949-2019), Сьезхан 1952 ж., Роза 1955 ж., Гүлима 1958 ж. Немерелері, шөберелері әр салада жұмыс атқарады.

БЕКІШЕВ Мұхамедияр



1907-1969 ж. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Бекіш шахтада істеп жүргенде опат болған. Бес жасында әкесінен қалса да, өз күшімен оқып, отау құра білді. Жұбайы Бипатшадан 7 бала (бір ұл, алты қыз) көріп, өсіріп жеткізген.

Қызыл Армия қатарына 1941 жылы Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан

шақырылған. Шені сержант. Москва түбінде, Псков жерінде, Чехославакиядан Германияға дейінгі майданның ауыр жолынан өткен. Жеңісті Берлин маңында қарсы алған. Сұрапыл соғыста екі рет ауыр жарақаттанған. Госпитальдан шыға салып қайта ұрысқа аттанған. Соғыста төсіне қадалған жарқыншақ өмірінің соңына дейін кеудесінде жүрген. Соғыстан кейін 1949 ж. дейін Аягөз ауданының әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы болған. 1949-54 жылдары Қарағандыда, 1954-67 жылдары еңбек демалысына шыққанға дейін Алматыда партия басшылығында қызмет атқарған. Зейнетке шыққанда Аягөз ауданындағы жалғыз ұлы, бас мал дәрігер Бекішев Болаттың қолына келеді. Қыздары Раухан, Үмітхан, Жаңылхан, Бақытхан. Немерелері, шөберелері өсіп, өніп келеді.

2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері» медальдары, т.б. мақтау қағаздарымен марапатталған. Қарағаш ауылында дүниеден озды.

БЕСБАЕВ Дайыржан



7.11.1914 жылы Семей облысы Аягөз ауданы бұрынғы Отияр, қазіргі Қарағаш ауылында туған, 1979 ж. Аягөз қаласында қайтыс болған. 1932 жылдар ашаршылық кезінде Бурятия, Иркутск облыстарына туыстарымен бірге көшкен.

Қызыл Армия қатарына Иркутск облысы Ольховск аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы

шақырылған. Ол соғысқа алғашқы күндерден соңғы күндерге дейін қатысқан майдангер. Бас қолбасшы резервінде, 21-ші артиллерия, Духовщина Қызыл Тулы дивизиясының, 55-ші жеңіл-гаубицалық артиллерия бригадасының, 1013-ші гаубицалық артиллерия полкінде, атқыш, қатардағы жауынгер. Ефрейтор.

Қанды қырғында Сталинград қаласын жаудан қорғаған, Днепр өзені үшін шайқасқан, қанқұйлы қамал Кенигсберг қаласын алған. Жауынгерлік жолы ерліктерге толы. 23.12.1944 жылы Пампали елді мекенінде атыс позициясын ұтымды пайдаланып тапсырманы мүлтіксіз орындайды, ал 23.02.1945 жылы Поплака станция маңайында бақылаушы пунктінде жараланған телефонисті ажал ауызынан құтқарғаны үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министр-лігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить орудийного номера 2-й батареи медалью «За Боевые Заслуги» ефрейтора Беспяева Даержана за то, что во время боя 23.12.1944 года в районе Пампали своей четкой работой у орудия обеспечил выполнения поставленной боевой задачи.

В бою 23.02.1945 года в районе станций Поплако тов. Беспяев вынес с НП (наблюдательный пункт) под огнем противника раненого телефониста.

Командир 1013 ГАП (гаубично-артиллерийский полк) подполковник Моисеев. 9.06.1945».

Сталинград, Утково, Панкратово, Лелейково, Духовщина, Пыжи, Бояре, Смоленск, Шарики, Витебск, Днепр, Западная Двина, Полоцк, Рига, Тельшяй, Плунгяны, Мажейкяй, Тришкяй, Тиркшляй, Седа, Ворны, Кельмы, Кенигсберг, Либава елді мекендерін азат еткен.

Соғыстан кейін елге аман-есен оралып, Аягөз вагон жөндеу депосында қарапайым жұмысшы болып істеп, 1979 ж. қайтыс болған. Екі қыз, екі ұлды асырап жеткізген: Серікқайша, Айтмұқан, Алтынқайша, Әбдірәсіл. Кенжесі Ә.Дайыржанов әскери қызметте болып, зейнетке шыққан запастағы майор. Немерелері Шекербал, Ерлан, Қанағат, Элмира, Самал, Әсел, Арай, Айым, Рустам, Гүлмира, Гауһар, Мира, Айнаш, Әсемгүл. Кенженің кенжелері Ерасыл Алматыдағы Азаматтық авиация академиясын тәмамдап, қазір әскер қатарында.

«Ерлігі үшін» (№18738020), «Жауынгерлік еңбегі үшін» (№2200987), «Германияны жеңгені үшін», «Жеңіске 30 жыл», «КСРО қарулы күштеріне – 60 жыл» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Жеке өз ерлігі үшін Жоғарғы қолбасшы Сталиннің алғыс хатымен марапатталған.

ЖАҢАҒҰЛОВ Шерік

(Жанаулов Ширик) 1899 жылы Қарағанды облысы Ворошилов ауданында туған. Негізі бұл аудан 1938 – 1961 жж. дейін Ворошилов, ал 1961 – 1997жж. дейін Ульяновск ауданы атанған, 1997ж. бері Бұқар жырау ауданы атанады. Шеріктің өмірі өте қиын-қыстау аласапыран кезеңінде өтті, 1- дүниеүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, ақпан және қазан революциясы, ақ пен қызылдардың арасындағы азамат соғысы.

1927 жылы Рабиға есімді қызбен отбасын құрайды, жарық дүниеге Алтын (1928), Ұлан (1936), Бағиса (1939) келеді.



Қызыл Армия қатарына Қарағанды облысы Ворошилов (Ульяновск) ауданының әскери комиссариатынан соғысқа 1941 жылы шақырылып, соғысқа аттанған.

Бастапқыда Воронеж майданында атқыш (1941 ж. – желтоқсан 1942 жылы), Жоғарғы қолбасшының резервинде қатардағы жауынгер (1942 ж. желтоқсан – қараша 1943 ж.),

кейіннен 1-ші Украин майданында (қараша 1943 ж. – соғыстың аяғына дейін). 38-Армиясының, 12-Киевтік, Қызыл Тулы, Б. Хмельницкий орденді жеке миномет бригадасының, басқарма батареясының комендант взводының көмекшісі, аға сержант.

Жаңағұлов жолдас соғыста неше мәрте ерліктің үлгісін көрсетті, батареяның партия ұйымдастырушы, жауынгерлерді беріліп ерлікке баурайды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить медалью «За Отвагу» номера расчета 4-й батареи красноармейца Жанаулова Шерика (деректе дәл солай – автор). В период боевых действий показал образцы дисциплины и организованности. Тов. Жанаулов помимо основной работы является не освобожденным парторгом батареи.

В боях неоднократно проявлял храбрость и мужество, сам и своим примером увлекает на подвиг коммунистов и беспартийных. Благодаря хорошо поставленной партийно-массовой работы, 4-я батарея является одной из лучших в полку.

Командир 201-го минометного полка подполковник Шелест.

Начальник штаба 201-го минометного полка майор Харин. 12.04.1944».

Қарша борап тұрған оқтың астында, жаудың атқылауына қарамастан 623, 624 биіктікте бақылау пунктін салып үлгеріп, өз үлесін қосып, жеңіске жету үшін мүмкіндік туғызды, ал 13.10.1944 жылы өлген барлаушы Бородиннің мәйітін алып шықты. Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Тов. Жанаулов выполнял обязанности помощника командира комендантского взвода проявил себя как смелый, бесстрашный воин.

Тов. Жанаулов невзирая на обстрел, плохую погоду, выполнял неуклонно и в срок поставленную перед ним задачу командованием выполнил на высотах 623, 624 были оборудованы наблюдательный пункт, под обстрелом пулеметного и ружейного огня способствовал выполнению поставленную боевую задачу, а 13.10.1944 года вынес тело

убитого разведчика Бородина.

Достоин Правительственной награды ордена Красной Звезды».

Командир батарей управления 12 Оминбр старший лейтенант Иванов. 3.11.1944.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командир 12-й минометной Киевской Краснознаменной ордена Богдана Хмельницкого бригады РКК полковник Лустин. 11.11.1944.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командующий артиллерией 67-го стрелкового Львовского корпуса гвардий майор Никольский. 13.12.1944.

Достоин Правительственной награды ордена Красной Звезды».


Командир 67-го Львовского стрелкового корпуса генерал-майор Шинго. 17.12.1944.

Приказом № 2 от 01.01.1945 года Военным Советом 38-й Армии награжден орденом «Красной Звезды».

Соғыс уақытында Шеріктің жары Рабиға үш баласын асырау үшін таңның атысынан, күннің батысына дейін «Озерный кеңшарында» сауыншы болып аянбай жұмыс атқарды.

Соғыстан кейін елге аман-есен оралып, отбасымен қайта қауышады. 1946 жылы жарық дүниеге Несіп, 1948 жылы Қынаш келеді.

СЫМАҒҰЛОВ Байбек




(1895 жылы бұрынғы Семей облысы, қазіргі Қарағанды облысы Озерный елді мекені – 1978 жылы). 1942 жылға дейін Озерный елді мекенінде ауылда жұмыс атқарды. Жазғы уақытта шөпшілердің бригадирі болған. Еңбекте бірталай жетістікке жеткен. 1943 жылы туған жерінен соғысқа аттанады. Ленинград майданының, 92-ші атқыштар дивизиясының, 203-ші атқыштар

полкінің, 3-ші атқыштар ротасының атқышы. Қатардағы жауынгер. 16.09.1943 жылы 203-ші атқыштар полкінің бұйрығы бойынша «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған.

Елге 1946 оралған. Соғысқа дейін үйленіп, шаңырақ көтерген. Соғысқа дейін Қыдырбай (1939), Боранбай (1942) атты екі ұлы дүниеге келді, соғыстан кейін Сайлау, Зимфира, Орынтай. Боранбайдан Айнагүл, Қайрат, Болат, Ермек. Немересі полковник Сымағұлов Қайрат Боранбайұлы Ирак елінде бітімгершілік операциясына қатысқан алғашқы отрядты басқарған. Шөбересі Шыңғыс оқуда.

Қазақ тарихы

ӘБИРОВ Әтiкей (Абиров Атикей)



1898 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Жалаңаш ауылында дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Алматы облысы Кеген аудандық әскери комиссариатынан 13.06.1942 жылы шақырылған. 14 атқыштар дивизиясының, 194-ші атқыштар полкінің атқышы, қатардағы жауынгер. Харьков қаласы маңындағы жойқын ұрыста 1943 жылы 18 шілдеде ауыр жа-
раланады. Аяғына снарядтың жарықшағы тиіп, жi-
лiншiгiн қақ бөлген.

ралананады. Аяғына снарядтың жарықшағы тиіп, жi-
лiншiгiн қақ бөлген.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Участник Отечественной войны с 4-го сентября 1942 года по 18 июля 1943 года в должности бойца стрелка 194-го стрелкового полка, 14-й стрелковой дивизий тов. Абиров ныне работник НКВД, находясь на фронте при наступлении на город Харьков 18.07.1943 года был тяжело ранен. Слепое осколочное ранение левой голени с повреждением большой берцовой кости.

Работает в должности милиционера, к работе относиться добросовестно, дисциплинирован, бдительный.

Основание: справка о ранении выданное ЭГ (Эвакуационный госпиталь) – 3132 от 2.12.1943 года № 1289.

Вывод: достоин Правительственной награды медаль «За Отвагу».

Кегенский райвоенком. 21.08.1945.

Достоен ордена «Славы» 3-й степени.

Алматинский облвоенком подполковник Бышкін. 15.11.1945.

Наградить орденом «Славы» 3-й степени.

Командующий войсками САВО генерал-лейтенант Курбатин.

Член Военного Совета генерал-майор Кулик.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 6.08.1946 года награжден орденом «Славы» 3-й степени».

Соғыстан кейін елге оралып НКВД, КГБ органдарында қызмет атқарды. Ұлы Әбіров Рахымберді Алматы Малдәрігерлік институтын бітіріп, мал дәрігері мамандығы бойынша жұмыс атқарған. Немересі полковник Әбіров Мұрат Рахымбердіұлы Құрлық әскерлері әскери институтының тәрбие және идеологиялық жұмыстар кафедрасының бастығы. Шөбересі Шыңғыс Мұратұлы Қазақфильм телестудиясында кинооператор қызметін атқарады.

ЫБЫРАЙЫМОВ Сенбі

(құжатта – Ибрагимов Сембе)



1900 ж. Семей облысы Аягөз ауданы Отияр елді мекенінде дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 16.12.1941. шақырылған. Ленинград майданы, 372-ші Новгородтық атқыштар дивизиясының, 1236-ші Выборг атқыштар полкі, 3-ші атқыштар батальоның атқышы. Волхов, Ленин-
град, 2-ші Белорус майданының қатысушысы.

Ленинград блокадасын бұзған, Ленинград, Новгород облыстарын, Эстония, Латвия, Литва, Польша мемлекеттерін жаудан тазартқан. Литенбург қаласы үшін шайқаста гранатамен жаудың қол пулеметін жойған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить стрелка 3-го стрелкового батальона красноармейца Ибрагимова (деректе дәл солай – автор) Сембе за то, что в боях за освобождение г. Лигенбург ручными гранатами уничтожил ручной пулемет противника.

Командир 1236-го стрелкового полка подполковник Повинник. 31.01.1945».

ЫБЫРАЙЫМОВ Сылдырбай (Ибрагимов)



1904 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Қарағаш кеңшарына қарасты Отияр ауылында дүниеге келген. 1985 жылы 81 жасында Қарағаш кеңшарында қайтыс болған.

Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 17.04.1942 жылы шақырылған. Белорусияның Гомель қаласын жаудан азат етуге қатысқан. 1941–1943 жылдары май-
данда болып, Тула қаласында қарулас жерлестері – Аяғанов Шернияз, Сәдуақасов Тұрағұлмен қимай қоштасады. Кезекті бір үлкен шайқаста снаряд

жарықшағы қатардағы жауынгер Сылдырбайды әуелетіп апарып, 5-6 қадам жерге лақтырып жіберген. Үлкен қызы Тұрардың айтуы бойынша госпитальдан кейін үйіне санитарлық поезбен әкелген. Оң аяғын қара санына дейін майданда қалдырған қатардағы жауынгер Үржарға (I топтағы) мүгедек болып оралып, 1943-50 жылдары Үржарда тұрып, еңбек еткен.

1950 жылы, туған елі, ата-баба қонысы Отиярға көшіп келіп, әуелі аталмыш бөлімшеде, ал 1975 жылдан Қарағаш кеңшарында тұрған. Өмірлік жары Дәулетқанова Сарқыт тылда еңбек еткен.

I дәрежелі «Ұлы Отан Соғысы» (1985 ж.), «Жеңістің 20 жылдығы» (1965 ж.), «Жеңістің 30 жылдығы» (1975 ж.), «Жеңістің 40 жылдығы» (1985 ж.), «Кеңес Одағының қарулы күштеріне 60 жыл» (1978 ж.) т.б. медальдарымен марапатталған.

Сылдырбай ақкөңіл, шыншыл, еңбекқор, бауырмал адам болған. Жалғыз аяқпен 43 жыл өмір сүріп, адал еңбек етіп, 8 бала тәрбиелеп өсірді. Олар: Тұрар, Орынбек, Үмітқайша, Толымбек, Рымбек, Шәрбан, Жақсыбек, Нұрлан.

Сылдырбай 1985 жылы 81 жасында, Сарқыт 2013 жылы 93 жасында дүниеден озды. Екеуінің де зираты Қарағашта. Ұлы Толымбек Әбдірайым Әл-Фараби атындағы қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған, белгілі балалар жазушысы, ҚР мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

ЫБЫРАЙЫМОВ Жүндібай (Ибрагимов) 1906 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Отияр елді мекені. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 2.12.1941 жылы Аягөз қаласы 4 орамында (квартал) № 248 үйден шақырылған. Соғыстан кейінгі 15.04.1947 жылғы хабарлама бойынша 1942 жылы сәуір айында із-түссіз жоғалып кеткен. Зайыбы Ибраева Тоқбала. Жүндібайдан Қасымбек, Рахымбек. Рахымбектен бала жоқ.

Қасымбектен – Ақылбек 1961 жылғы. Ақылбектен – Ардақ, Әйгерім. Ақылбек Семей қаласында тұрады, кәсіпкер, ұлы Ардақ Астанада жеке кәсіпкер. Айгерім Семей қаласында, халық банкінде жұмыс істейді. Ақылбектің әйелі – Баян бухгалтер.

ИМАНБЕКОВ Түсіп (1904 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Отияр елді мекені – 30.04.1965. Шыңқожа ауылы). Балалық жастық шағы Аягөзде өткен. Үш жыл медреседе оқиды, ұстазы Мұхаметше хазырет, одан соң 4 жыл орыс-татар мектебінде оқиды, содан кейін Семейдің 2 жылдық мұғалімдер семинариясын бітіреді, сабақ береді. Кейіннен Екптал деген жерде колхоз ұйымдастырумен айналысып, есепші болып жұмыс істейді.

Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы қазан айында алынған. Красноярск қаласында арнайы курс өтіп, 1942 жылдың ақпан айында соғысқа аттанған. Бастапқыда Воронеж майданының, 305-ші атқыштар дивизиясының, 830-шы артиллерия полкінің, 7-ші батареясының, 3-ші дивизионның оқтаушысы. Кейіннен 1-ші Украин майданында соғысады.

Белгород облысының Александровка елді мекенінде жау 210 мм. қаруымен оқты қарша боратады және артиллериядан атқылайды, осындай қауіпті сәтте қызыләскер Иманбеков Түсіп өз өмірін қатерге тігіп, абыржымай, сасқалақтамай,

жауға қарсы оқтауды тоқтатпай әрі қарай атысты жалғастырады. Осы ерлігі үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить зарядяющего 7-й батарей 3-го дивизиона красноармейца Имамбекова Тусун (деректе дәл солай – автор) за то, что в боях под с. Александровка проявил исключительную отвагу и мужество. Враг пощупал огненную позицию батарей и открыл по ней сильный артиллерийский огонь из 210-й мм.орудия.

Несмотря на губительный огонь, тяжелые снаряды рвались рядом вблизи орудия, тов. Имамбеков продолжал спокойно заряжать орудия и вел огонь по противнику.

Достоин медали «За Боевые Заслуги».

Командир 830-го артиллерийского полка гвардий майор Пирогов.

Награжден медалью приказом № 12 от 28.07.1943».

1944 жылдың тамыз айында Украина жерінде сол аяғынан ауыр жараланған. Сүйекке тиген оқ қыр жіліншікті бөліп түсірген. Дала госпиталында аяғын қара санынан кесіп тастайды, содан соң Баку қаласында емделеді. Елге 1948 жылы оралған. Жалғыз ұлы Медеу, қазір зейнетте. 11 немересі Қазақстанның түпкір-түпкірінде әр түрлі салада жұмыс атқарады. Шөберелері, шөпшектері өсіп келеді.


РАХМАНОВ Қайырман 1912 жылы Ақтөбе облысы Мартөк ауданы Сабындыкөл ауылдық кеңесінде туған. Қызыл Армия қатарына 17.07.1941 жылы Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. Үйінде ұлдары 5 жасар Керей, 2 жасар Керейханмен жары Сабира қалады.

19.09.1941 жылы ант қабылдап, эшелонға тиеліп соғысқа аттанған. 312-ші атқыштар дивизиясы шілде-тамыз айында Ақтөбе қаласында құрылды, және шұғыл түрде соғысқа жіберілді, оның 40 пайыз құрамы қазақтар еді. Бастапқыда 312-ші дивизия Солтүстік-Батыс майданының, 52-ші Армиясының құрамында Валдай елді мекенде дайындықтан өтіп, 5.10.1941 жылы тиеліп Нарофоминск, Можайск, Малоярославец бағытында Мәскеу қорғаныс шебіне жіберіледі. Эшелоннан түсе сала ұрысқа кірісіп, Боровск бағытында жаудың танк дивизиясын тоқтатады, жаудың 57-ші моторлы корпусының шабуылына тойтарыс береді. Жойқын ұрыста Детчино елді мекені 7 рет қолдан қолға өтеді, 209,9 биіктік қанға боялады. Мәскеуге қарай ентелеген күші басым жауға Қазақстандықтар қарсы ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен, жау бір адым да жылжи алмады.

Бірақ өздері де мол шығынға ұшырайды. Дивизиядағы 11000 мың адамнан, тек 1500 адам тірі қалады. Осы ұрыста атқыш Рахманов Қайырман оққа ұшады. Сүйегі Мәскеу облысы Шаховский ауданы Борисовка елді мекеніне жерленген.

Немерелері: Балгерей, Орынбасар, Тілектес, Гүлсім, Рахима, Саламат, Орынғали, Айнаш, Құрманай, Мұрат, Салтанат әр түрлі салада еңбектенуде. Немересі аға лейтенант Рахманова Райхан Керейқызы Құрлық әскерлері Әскери институтының кадр бөлімінде инспектор болып қызмет атқарады.

ҚАЛИЕВ Тойбазар



20.03.1920 жылы Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Қатонқарағай, қазіргі Үлкен Нарын ауданы Үштөбе ауылында дүниеге келген. Ол Голощекин билеген, ашаршылық пен ұжымдастыру саясатына тұспа-тұс келген аласапыран шақ еді. 1930 жылы бірінші анасы, соңынан әкесі қайтыс болады. Апайы Бәтжан, інісі Базарбек үшеуі жетім өседі.

Қызыл Армия қатарына Шығыс Қазақстан облысы,

Қатонқарағай аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылы шақырылған. 1941 жылы соғысқа аттанып, аяғынан ауыр жарақат алып, майданға жарамсыз болып елге оралады. 1942 жылы қайтадан шақырылып, қайтадан соғысқа аттанады. Сол жылы Харьков қаласының маңында тағы ауыр жараланады.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Красноармеец Калеев (деректе дәл солай – автор) участник Отечественной войны с 1942 года в боях под г. Харьков получил тяжелое ранение в результате которого получил ограничение – годен к нестроевой службе.

В комендантском взводе с 12 февраля 1945 года проявил себя дисциплинированным, смелым, находчивым, решительным. Все приказы командиров выполняет точно и в срок.

Проделал большую работу по сбору трофейных ценностей и отправил их в глубь нашей страны.

Бережно относиться к народно-хозяйственному имуществу и требует этого от других.

Караульно-патрульную службу несет бдительно. Политический развит, морально устойчив и предан делу большевистской партии.

В связи с победоносным окончанием войны заслуживает Правительственной награды орден «Славы» 3-й степени.

Военный комендант г. Гумбиннен подполковник Чудаков. 31.05.1945».

Тойбазар Қалитұлы соғыстан кейін аман-есен елге оралып, еңбекке кіріседі. Ауылда шопан болып жұмыс істейді. 100 қойдан 100 қозы төл алып, облыс көлемінде алға шығады. Бүкіл одақтық халық шаруашылығы (БОХШ – ВДНХ) жетістігінің жеңімпазы ретінде Мәскеуге барады. Қалиева Қаншайыммен бас қосып отау құрады. Екеуі дүниеге 10 бала әкеліп, оларды тәрбиелеп аман-есен жеткізеді. Тұрсынғазы (1949) шаруа қожалығын құрып, жұмыс істеді, Тұрсынбек (1951) азаматтық авиацияда ұшқыш болған (зейнеткер), Бердібек (1953) мал дәрігер болған (зейнеткер), Тыныбек (1956) ауыл шаруашылығында еңбек еткен (зейнеткер), Маржангүл (1959, зейнеткер), Манарбек (1962) – Қазпошта қызметкері, Жылыбек (1964) – кәсіпкер, Темірқан (1967) – мал дәрігері, Жанаргүл (1969) – кәсіпкер.

1-ші дәрежелі «Отан соғысы», 3-ші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, «За взятие Кенигсберга», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.


ӘБИШЕВ Мұхаметжан



(құжатта Абишев М у х а м е д ж а н) 1895 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Бозай елді мекенінде туған. Қызыл Армия қатарына Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 05.10.1942 жылы шақырылған. 126-шы зениттік-артиллерия полкінде атқыш, кейін жеке жұмыс батальонында қызмет атқарған.

Жарықшақ тиіп, ауыр жараланып, 12.10.1943ж. госпитальда емделіп шыққаннан кейін, қайта өз бөлімшесіне оралған. Кенигсберг қаласын алу үшін 10.03.1945–25.04.1945 жж. болған қанды шайқасқа қатысқан. Германияны жеңгеннен кейін қиыр шығысқа аттанып, Жапония империалистерімен соғысуға бара жатқанда соғыс аяқталып, кері қайтқан. Елге 2-ші топтағы мүгедек болып оралған. Балалары: Нұрлыхан (1938), Қалдықайша (1939), Құрман (1941), Бақытқайша (1946). Немерелері: Ерлан мен Нұрлан – шопыр, Рашит, Мұхит әскери қызметте, шөберелері өсіп келеді.

ҚЫРЫҚБАЕВ Мәукен



1895 жылы Семей облысы Жарма ауданы Октябрь ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Жарма аудандық әскери комиссариатынан 15.10.1941 жылы шақырылып, дайындықтан өтіп соғысқа аттанған.

Бастапқыда 29-шы атқыштар дивизиясының, 90-шы гвардиялық атқыштар полкінің атқышы, кейіннен 351-ші зениттік-атқыштар полкінің атқышы, содан соң 202-ші зениттік атқыштар полкінде. 16.07.1943 жылы 16-шы Армияның

құрамына ауысады. Белоруссия жеріндегі қанды шайқаста ауыр жараланып, 7.01.1944 жылы госпитальда қайтыс болады. «Память народа» сайтындағы мәлімет бойынша ең ақырғы қызмет атқарған жері 250-ші гвардиялық атқыштар полкі деп жазылған. Беларусь мемлекетінің Витебск облысы, Городокский ауданы, Волково елді мекенінде оңтүстікке қарай 200 м. жерде жерленген, 2-ші зират, 2-ші қатар.

Ұрпақтары бар қызы Қалиманнан (1925): Бақыт, Бүркіт, Самат, Асқар; Сағытайдан (1936) – 2 ұл, 2 қыз, Қинаяттан (1939) – 3 ұл, 1 қыз бар. Немере, шөберелері Қазақстанның түпкір-түпкірінде.

ШАҒАНОВ Жапабай



1907 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Шорға ауылдық кенесі «Өңірлік» колхозында дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық әскери комиссариатынан аттанған.

Өкінішке орай 14.06.1942 жылы кескілескен жойқын ұрыста оққа ұшады. Алдыңғы жерленген жері – Ленинград облысы,

Поддор ауданы, Какачево елді мекенінде. 9.05.2020 жылы Новгород облысы Поддор ауданы Самбатово елді мекенінде қайта жерленген. Әскери зиратта мемориалдық тақта орнатылған. Ұлы: Жапабаев Зарқынбек (1938 – 2015). Немерелері: старшина Жапабаев Самат Зарқымбекұлы Құрлық әскерлері әскери институтының материалдық техникалық қамтамасыз ету кафедрасының оқу лабораториясының бастығы, сержант Жапабаева Алмира Зарқымбекқызы Құрлық әскерлерінің әскери институтының қаржы бөлімінің әскери қызметкері, шөбересі Зарқымбеков Жанел Саматұлы Құрлық әскерлері әскери институтының 4-курскурсанты.

АҚТАЕВ Қадырсіз (1893-1979 жж.) бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы (Сергиополь), Мамырсу ауылында туған. Сол жерде еңбек етіп жүргенде Тоқбаев Әбдікәрім атты Мыңбұлақтың директоры өзімен алып кетіп, 4-фермада жұмыс істеген.

29.05.1942 жылы Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 49 жасында шақырылып, сол ауылдан соғысқа аттанып, саперлық бөлімшеде Отан қорғайды. 6 айлық саперлық курс бітіреді. Брянск майданының, 13 Армиясының, 15-ші Сиваш 2 мәрте Қызыл Тулы, Ленин орденді атқыштар дивизиясының, 676-атқыштар полкінің сапер батальонында сапер. Қорғаныс шебінде ұлғайған жасына қарамастан, берілген тапсырманы адал атқарып, 150 пайызға орындап отырды, жерге көмілген миналарды іздеп тауып, алқапты минадан тазартты. Сол ерлігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить сапера взвода медалью «За Боевые Заслуги» красноармейца Ахтаева Кудразиса (деректе дәл солай – автор) за то, что в период создания оборонительного рубежа работал исключительно добросовестно, несмотря на преклонный возраст, он всегда выполнял нормы работ на 150 % в период наступательных боев.

Тов. Ахтаев показал образцы работы по разминированию минных полей.


Командир 676-го стрелкового полка подполковник Оноприенко. 8.06.1943».

1943 жылдың аяғында Полтава қаласының маңында қиян-кескі ұрыста, мина жарылып, екі қол, екі көзінен айырылып, госпитальде ұзақ емделгеннен кейін елге оралады. Қарағашқа 1964 жылы келген. Қызы – Алтынғайша апаның айтуынша: «Әкем – Ақтаев Қадырсіз майданда саперлық бөлімде жаумен соғысқан. Полтавада ұрыс болып жатқанда жоғары басшылықтан миналанған даланы тексеруге тапсырма алады. Кенет мина жарылып, жойқын жарылыс ең алдында келе жатқан татар офицердің басын жұлып әкетеді. Бірін басса бәрі жарылатын минаның біреуі дәл өзінің табанының астында атылған. Топыраққа көміліп, екі қол, екі көзден бірдей айырылып, өмір мен өлімнің арасында жатқанында «Ақтаев ты жив?!» – деген дауысты естіп зорға қимылдайды. Сол жерден қаруластары тауып алған».

Елге екі көзі көрмей, екі қолы шынтағынан жоқ, 1-топтағы мүгедек болып оралады. 1979 жылы өмірден озды.

Балалары: Қыдырма, Қыдырбай, Алтынқайша, Сайлау. Немерелері: Құрманғали, Оразкен, Оралкен, Дәулет, Серік, Аман, Берік, Еркеш, шөберелері Қымбат, Әділет әр салада жұмыс атқарады.

БАЛУАНОВ Қожанберді



1924 жылы Семей облысы Аягөз қаласында туған. Қызыл Армия қатарына 1942 жылы Семей облысы Аягөз аудандық комиссариатынан соғысқа аттанған. 48-ші гвардиялық миномет полкінде барлаушы.

Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Наградить сапера за то, что находясь на фронте Отечественной войны в 1942 году систематически проявляет образцы мужества и отваги. В боях с немецкими захватчиками на фронтах Отечественной войны имеет одно тяжелое ранение и одну контузию.

Командир 48-го гвардейского минометного Ясского Краснознаменного Богдана Хмельницкого

Ясского Краснознаменного Богдана Хмельницкого

полка подполковник Бреев. 10.06.1945».

**2-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен,
«Әжеттігі үшін» медалімен марапатталған.**

ӘДЕБИЕТТЕР

Жұмабай Доспанов «Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері» 25 томдық кітап, «Ағатай» баспасы, Атырау қаласы, 2016 ж. Әзілхан Нұршайықов «Боздақтар», Санат баспасы, Алматы, 2005 ж.

Мыңділдә Жұмағалиқызы, Ыдырысқызы Бақытхан «Ақталған үміт», Алматы, «Тоғанай Т» - 2012 ж.

Жанұядан алынған деректер.

Қазақстанның әскери тарихы. Алматы, «Білім» - 1999 ж. Қ.Аманжолов, А.Тасболатов Майдангерлер. Энциклопедиялық жинақ. Алматы, 2015 ж., құрастырушы Б.Шалғынбай

Аманат, «Жазушы» баспасы, Алматы, 2005жыл.

Қазыбек Байжұманов «Мөлдір сана» №9, 04.05.2014.
Нұржамал Тегінбайқызы (Шоқанның жоқтаушысы болған), «Алматы ақшамы» №55, 7.05.2011 ж.
<https://pamyat-naroda.ru/heroes/>
<http://www.podvignaroda.ru>
Baq.kz
http://old.baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regme-dia-58771

Нурилла Бектемирова «Күреңбел өңірінің қайсар ұлы» (Алатау) 19.04.2019 ж. №15.

Ораз Исмаилов «Жетісу» 1.10.2003 ж. «Қазақтың қайсар Мересьеві».


«Қазақ батырлары» 2003 ж., №64, «Игібай».

«Вечерний Алматы» 8.05.2012. Людмила Макаренко.

Сәуірбек Бақбергенов «Тоғызыншы шежіре».

Төлеубай Сыдықұлы «Шежіре тарих сыр шертсе», Алматы 2011 ж.

ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!



АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНА АРНАЛДЫ

Батыс Еуропа тарихнамасы сол күйі қабылдап кеткені аян. Сондай-ақ Ресей және Еуропа тарихнамасы негізінен Алтын Орда мемлекетін жағымсыз тұрғыда сипаттайтыны мәлім. Ал Б.Аяған Ұлық Ұлыс тарихын жаңаша, тың көзқарастармен пайымдайды. Автор Ұлық Ұлыстың әлемдік дамуға қосқан елеулі үлесі болғанымен, саясаткерлер мен ғалымдардың кінәсінен әлемдік өркениеттен шеттетілгенін дәлелдеуге ұмтылады (24-б.). II-IV дәрістерінде автор Ұлық Ұлыстың ішкі қайшылықтары мен сыртқы күштердің әскери шабуылдары салдарынан ыдырауы үдерісін талдауға тың пікірлер ұсынады. V дәрісінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде жаңа мемлекеттер мен этностардың пайда болып қалыптасуы, солардың қатарында Қазақ хандығы мен ұлтының құрылуы мәселелері баяндалады. Осы бөлімде Алтын Орда билеушілері және қазақ ру-тайпаларының шығу тегі, таралып қоныстануы туралы тарихи зерттеудің популяциялық генетика әдісіне сүйеніп жасаған қызықты болжамдары келтірілген. Автор тарихи еңбектерде «Ұлық Ұлыс» атауының «Жошы ұлысы», «Ұлы Орда» сияқты бірнеше атауы кездесетінін келтіреді.

Дәрістер жинағы түрлі-түсті әдістемелік кешенмен жабдықталған. Еңбек қолжетімді үлгіде жазылған және оңай оқылады.

Сейітқали ДҮЙСЕН,
педагогика ғылымдарының кандидаты.

Өткен жылдың соңында тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның Алтын Орда тарихына арналған дәрістер жинағы жарық көрді. Кітап «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы (дәрістер жинағы)» және «История Улуг Улуса – Золотой Орды (курс лекции)» деген атаумен 2 тілде шықты. Кітап 5 дәріске бөлінген.

Ресей жылнамашылары XIV-XVI ғасырлардан бастап Ұлық Ұлысты «Алтын Орда» деп атап, оны

Динара ИГЕНБАЕВА,
№74 жалпы орта мектептің директоры

ЖАС МАМАНДАРҒА САНДЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ҮЙРЕТУ

Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интеллектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек.
Әбділда Тәжібаев.

Ұстаз болып мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап өмір бойы білім алу, өмір бойы үйрену жауапкершілігі бұрынғыдан артпаса, кемімейді. Соның ішінде әріптестеріңнен үйрену, тәжірибе арқылы үйрену мықты құралың болады. Жоғарыда Әбділда Тәжібаевтың айтқанындай, мамандығын құлай сүйген жас маман болып мектебімізге келген мұғалімдерімізге педагогикалық та, психологиялық та, әдістемелік те қолдау көрсету сол ұжымның ішіндегі тәжірибелі ұстаздарға жүктелген аса жауапты міндет.

Соның ішінде еліміздің білім саласындағы реформаларының жемісі болып табылатын кәсіби желілік қауымдастық, ресурстық тірек мектептері, лексон стади, мектеп көшбасшылары, жаңа форматтағы педагогтер белсенді, жан-жақты, білімді беруші ғана емес дамытушы, жаңа технологияны жақсы меңгерген тұлға ретінде жас мамандарды үйретуде ашықтық принципін ұстанады. Қазіргі таңда мектепке келген жас мамандар жаңа технологияны жақсы меңгергенімен, теориялық білімі жақсы болғанымен әдістемелік және психологиялық жағынан қолдауды қажет етеді. Жас мамандардың мектепке келгені оқушылар үшін де ұжым мен мектеп басшылары үшін де үлкен қуаныш. Әсіресе, ауыл мектептеріне сауатты жас мамандардың келуі тек мұғалімдердің емес, ауыл тұрғындары үшін де жауаптылық. Олай дейтінім, ауыл тұрғындары жас мамандарға сеніммен қарауы, қолдауы көп нәрсені түсіндіре алады, яғни мұғалімнің ауыл мектебінде тұрақты қалуына әсер етеді.

Мектеп басшысы жас мамандардың кәсіби өсуі үшін жағдай туғызу, бейімделуге кері әсер ететін проблемаларды жою, жас маманның кәсіби қызметіне табысты енуіне қолдау көрсетіп отыруы қажет. Жас маманның педагогикалық процестерге қатысты көзқарастарын анықтау үшін сұхбаттасу мен сауалнама алып, әрі қарай кәсіби дамытуға және оның кәсіби құзіреттілігін арттыруға ықпал ететін нысандар мен әдістерді тиімді пайдалануға тырыстым.

Елімізде 2020 жылдың наурыз айынан бастап, карантиндік тәртіп орын алғалы бері, білім саласында да біраз өзгерістер мен қиындықтар туындады. Өзім қызмет атқарып отырған Сайрам аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің №74 жалпы орта мектебінде қашықтан оқыту кезеңінде білім саласындағы олқылықтарды жою мақсатында мектепішілік жоспар құрылып, сол жоспар негізінде жұмыстар ат-

қарылды. Мектебіміздің ашылғанына 3 жыл болды. Осы уақыт аралығында 33 жас маман жұмысқа қабылданды. Әлемдік пандемияға байланысты ұжымдағы барлық жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету мақсатында «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі арнайы парақшамды ашып, менің тәлімгер тренерім, Қарағанды қаласы Педагогикалық шеберлік орталығының директоры Егізбаев Аят Жақсыбекұлымен бірлескен **“Дамы, Өркенде, Шыңдала түс – Жас маман!”** атты 3 күндік онлайн марафон ұйымдастырдық. Марафонға қатысушылар үшін арнайы ватсап тобы ашылып, тренерім екеуіміз барлық қажетті ресурстар қорын арнайы дайындап, мотивациялық кітаптар сілтемелеріне дейін беріп, қатысушы жас мамандардан кері байланыстар алып отырдық. Жас мамандарды онлайн режимі кезінде сабақ өту барысындағы кездескен қиындықтарына байланысты, олқылықтардың орнын толтыру мақсатында оқытудың сандық платформаларын онлайн сабақта қолданып, оқушылардың пөнге деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру жолдарын үйреттік. Платформалар геймификация және бағалау түрлеріне қарай бөлінді.

Геймификация түбірі ағылшын тілінің «game» сөзінен шыққан, аудармасы ойын деген мағынаны білдіреді. Яғни ойын арқылы сабақты оқушыларға түсіндіру. Геймификация әдісіне H5P, Jamboard, Mindmeister, Learning Apps платформалары жатады.

Бағалау әдісіне Survey Monkey, Quizizz, Google forms, Padlet тақтасы, Kahoot, Liveworksheets платформалары таныстырылып, сабақтарда қолданылды.

Онлайн режимде жұмыс жасау мұғалімдерге де оңай болмады, себебі платформаларды үйренгеннен кейін оқушылармен күнделікті сабақта қолдану қиындықтар туғызды. Мысалы, платформаға барлық оқушы бір уақытта кірген кезде ғаламтор желісі жылдамдығының төмендігінен жұмыс жасамай қалды. Біз олқылықты жою үшін оқушыларға бір күн бұрын ертеңгі сабақтың арнайы платформаларды қолдану арқылы өтетіндігін ескертіп отыруды, сілтеме (ссылка) жіберілгенде барлығы бір уақытта емес, бір-бірін күтіп отырып кіру қажеттігі айтылды. Оқушылар қолдарында смартфонның жоқтығын алға тартты, бірақ бұл мәселе де өз шешімін тапты. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінен планшет, компьютер және интернет желісіне кіруге арналған номерлер таратылды. Платформаларды күнде және барлық сабақтар бір күнде қолдана алмады, себебі онлайн жүйеде істейтін кейбір платформалар интернет желісінің жоғары жылдамдығын талап ететін. Платформалардың тиімді тұсы оқушыларды күнделікті BilimLand, Daryn Online білім беру ресурстарын ғана қолдануы қоймай, өзге

де ресурстарды қолданып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға ықпал ете отырып түсіндіру.

Онлайн режимде қолданылған платформаларды оқушылар оффлайн режимге шыққанда да ұстаздарымыз үзбей қолданды. Платформаларды жеке жұмыс және топтық жұмыстарда да қолдануға болады. Сабақ барысында, үй тапсырмасы орындатуға және БЖБ, ТЖБ алуға өте тиімді болды. Платформалар баллдық жүйемен және уақытпен қамтамасыз етілгендіктен бір мезгілде бүкіл оқушыларды жылдам бағалау мүмкіндігі мұғалімдер үшін өте тиімді екендігін байқадық. Тәжірибе көрсеткендей оқушылардан, ата-аналар тарапынан сандық платформаларды тиімді қолданып өтілген сабақтарға жағымды кері байланыстар беріле бастады. Сабақтағы бір сарындылықтан жалыққан оқушыларға соңғы онлайн платформалардың түрлі ойын түрімен ұштасқан тапсырмалары арқылы өзара топтық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды қызыға және жарыса орындайтын жауапкершілік сезімінің оянуына түрткі болған ұстаздар қауымы өздері

жасаған тапсырмаларды дамытуға кірісе бастады. Тәрбиеші тренер іс-әрекет стиліндегі әріптесіне ұқсас болған жағдайда айтарлықтай табысқа жетеді. Мектебіміздің белсенді оқушылары биылғы оқу жылында да түрлі мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Мұғалімдеріміздің іс-тәжірибе тараулары да биылғы оқу жылында назардан тыс қалмады. Үздік деп танылған сабақтары түрлі республикалық сайттардан, төл басылымдарынан жарық көріп жатты. Мұғалімнің барлық жұмысын бір жүйеге біріктіретін, тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлылығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік беретін тренингтерді жоспарлап, тиімді кері байланыс орнату арқылы жас мамандар өзін өзге қырынан танытатындай ресурстар қорын жасақтап, шығармашылық жұмыстарының дамуына дайындық жасауға мүмкіндік алды.

Түркістан облысы,
Сайрам ауданы,
Карасу ауылы.

Сәбира МҰСАЕВА,

№ 34 орта мектептің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Электрондық оқытуды «e-learning» білім беру ұйымдарына енгізу – оқыту сапасын арттырудың бір түрі. Компьютерлік индустрия күнделікті білім сапасында жаңа технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін барынша айқындай түсуге және білім континентінің сапасын арттыруға да ерекше назар аударып отыр.

Электрондық оқытуды енгізудің тиімді жақтары мынадай факторлар мен критерийлерді жүзеге асыруға байланысты:

-аудио мен бейнеқұжаттарды сабақтастыра отырып, қолданудың мүмкіндіктері;

-мұғалім мен оқушының кез келген жерде немесе кез келген уақытта оқи алу мүмкіндіктері;

-білім қорларын құру және оны таратудың жеңілдету мүмкіндіктері;

-әр оқушыға айқын талаптар мен қолжетімділік жасау мүмкіндіктері;

-білім қорларына бірдей қолжетімді етуді қамтамасыз ету;

-оқытудың нәтижесіне бағытталған жаңа білім стандарттарын жасау мен тарату мүмкіндігі.

Электрондық оқытуды білім беру ұйымдарына енгізуде кездесетін проблемалар:

-мұғалім мен оқушының арасындағы тікелей байланыстың болмауы;

-сапалы білім өнімдерінің жетіспеуі;

-электрондық оқыту ортасында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана алатын білікті мамандардың жетіспеуі.

«E-learning» мынадай бағдарламалық өнімдер негізінде құралады:

-оқу контенттерін жасау құрылғылары (Authoring Tool);

-оқытуды басқару жүйесі (Learning Management System) немесе қашықтықтан оқыту жүйесі (ҚОЖ);

-ақпаратпен алмасу жүйесі.

Контентті басқару жүйесі/оқу порталы/. Кез келген «e-learning» жүйесінің негізі – қашықтықтан оқыту. Оқытуды басқару жүйесі мына қызметтерді атқару арқылы іске асады:

-тыңдаушыларды есепке алу, дербестігі, шектеулі қолжетімділігі;

-оқыту үрдісін басқару, оқыту мен тестілеудің нәтижесінің есебі;

-синхрондық және асинхрондық байланыстарды сабақтастыру механизмі;

-аналитикалық есепті дайындау;

-сыртқы ақпараттандыру жүйесінің сабақтастығы.

«E-learning» жүйесінің ақпаратпен алмасу модулі мына қызметтерді атқару арқылы іске асады:

-асинхрондық байланыс – форумдар, хабарландыру тақтасы, электрондық пошта;

-синхрондық байланыс – дыбыстық және компьютерлік чат, бейнеконференциялар, бағдарламалық өнімдерді бірге пайдалану, виртуалды аудитория.

Бүгінгі таңда оқу үрдісінде АКТ-ны қолдану «мұғалім-оқушы» қатынастарының өзара қарым-қатынасын ақпараттық коммуникациялық-технологияны сабақта қолдану арқылы мұғалім мүлде өзгерте алады.

Мұғалімнің сабақтағы рөлінің өзгермелі әрекеттері:

-дәстүрлі түрде орындалатын жұмыстардан, оның ішінде оқушылардың білімін бақылау жұмыстарын қолмен тексеруден алынып тасталуы;

-танымдық әрекетті басқару бойынша мүмкіндігін кеңейту;

-компьютер арқылы оқу үрдісін басқаруы, Компьютердің дидактикалық талаптарын орындауға жіберу;

-форманы құру және білім құрылымы;

-білімді меңгерудің басқару үдерісі;

-шығармашылық үдерісті ұйымдастырудың маңызды рөлі;

-оқу қызметтеріне ыңталандыру және мадақтау

арқылы жүзегі асыру.

Компьютердің рөлін мына құрамдар арқылы көруге болады:

- ақпаратты көрсету;
- оқуды ақпараттық анықтамалық тұрғыда қамтамасыз ету объектіні модульдеу мен демонстрациялау, үдерістер мен өзгерістер;
- өлшемдерді өңдеп шығару;
- сабақты ойын түрінде өткізуді қамтамасыз ету;
- оқушының іс-әрекетінің нәтижесін қалыптастыру мен салыстыру білімді бақылаумен бағалай білу;
- түрлі танымдық жаттығуларды ұйымдастыру;
- оқыту міндеттерінің бастапқы талаптарын қалыптастыру;
- үйретушінің әрекеті мен үйренуші әрекеттерінің нәтижесін диагностикалау мен басқарудың тұжырымдамалық негізінде өңдеу;
- оқытудың нәтижесін болжау мен талдау статистикасы;
- ақпаратты сақтау.

Оқушы рөлін өзгерту тенденциясы:

- өз білімін құрастыра білу;
- эксперимент жүргізу мен оқу үдерісін модельдеуді компьютер арқылы басқару;
- компьютерлік ойындарды іскерлік оқытуларда үйрету ортасы ретінде қолдана білу;
- мұғалімдер үшін Интернеттен ақпараттарды алушы ретінде.

Ақпараттандыруды дамыту тенденциялары:

- оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың педагогикалық мақсаттылығы;
- оқу үдерісінде компьютерді қолданудың кешендік амалы;
- оқыту үдерісінде психологиялық-педагогикалық және техникалық пен бағдарламалық амалдар.

Аталған принциптер негізінде келесі кедергілерді жоюға болады:

- оқыту әрекетінде бір қалыпты болуы;
- оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық деңгейінің тежелуі;
- шамадан тыс алгоритмдік ойлау әрекеті оқушылардың бір-бірімен араласпауы, қарым-қатынастың болмауы;
- есепті шығару кезінде адамның интеллектуалдық қабілетінің төмендеуі.

Электрондық қашықтықтан оқытудың тиімділігін бағалау. Электрондық оқытудың негізгі компоненттерінің бірі – қашықтықтан оқыту. Оның тиімділігі педагогтардың өндірістен қол үзбей, кез келген уақытта және кез келген орында біліктілігін арттыру мүмкіндігімен сипатталады.

Қашықтықтан электрондық оқыту жүйесінің тиімділігі мына көрсеткіштер арқылы өлшенеді:

Сандық: оқыту курстарының сандық көрсеткіштері, қашықтықтан оқытуды веб-порталдағы педагогтар мен оқушылардың саны, әр оқу курстарынан өткен тыңдаушылар саны.

Сапалық: тыңдаушылардың электрондық оқыту курстарын өткенге дейінгі және өткеннен кейінгі білім деңгейін анықтау, оқу курстарындағы жасалған сапалы кезеңдерін бағалау, педагогтар мен оқушыларды сапалы түрде оқытуда білім беру ұйымдары басшыларының бағалауы.

Өткізілген курстардың сапасын бағалау мақсатында жоғары берілген көрсеткіштер бойынша мониторинг өткізу. Бірақ бұл көрсеткіштер қашықтықтан электронды оқыту жүйесін енгізудің тиімділігіне әсер етпейді.

**Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы,
М.Шаменов ауылы.**

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Б.АҚДӨНОВ.

Үшағаш негізгі орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің тарих пәні мұғалімі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ОТАРШЫЛДЫҚ ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ

Бөлім:	7.3 Қазақстан Ресей империясының құрамында.
С а б а қ тақырыбы:	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?
Мақсаты:	7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау.
Сабақтың мақсаты:	Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептерін анықтайды; Ресей империясының қоныстандыру саясатының қазақ қоғамында жүргізілу барысын талдайды; Патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген отырықшыландыру саясатының жағымды және жағымсыз жақтарын нақтылайды.
Бағалау критерийі	Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептерін анықтап, кестеге түсіреді. Ресей империясының қоныстандыру саясатының қазақ қоғамында жүргізілу барысын талдайды; Патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген отырықшыландыру саясатының жағымды және жағымсыз жақтарын нақтылап, өзіндік пікірін білдіреді.

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар										
Сабақтың басы	<p>Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастыру. Комплименттердің бұрқасыны (ойсергек). Ой қозғау. «Серпілген сауал» арқылы үй тапсырмасына дайындығы тексеріледі. Ресейде шаруалар басыбайлы тәуелділіктен қашан құтылды? Қай жылы Батыс Сібір бас басқармасы шаруаларды Қазақстан аумағына өз беттерінше қоныс аударуға рұқсат етті? Жетісу әскери губернаторы Г.А.Колпаковскийдің уақытша Ережесі қашан шықты және мақсаты не? Өткен материал еске түсірілгеннен кейін мұғалім сабақ тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін оқушыларға таныстырылады. Бүгінгі сабақ алдыңғы сабақтың жалғасы екендігі ескертіледі. Тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады. «Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты» тақырыбында бейне ролик көрсетіледі. Не көрдің? Не білдің? Не сезіндің? Не ойлайсың?</p>	<p>Оқушылар бір-біріне жақсы лебіздерін/ тілектерін ақ параққа жазып, лақтырады. Оқушылар тілектерін оқып, алғыс білдіріп, көңіл-күйлері көтеріледі. Суретке қарап, тақырыпты болжайды. Бүкіл сынып бейне жазбаны көріп, қойылған сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мадақтау. «Бағдаршам» арқылы өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Мұғалім презентациясы Қазақстан тарихы</p>										
Сабақтың ортасы.	<p>Мәтінмен жұмыс. Зерттеу мен талдау. 1-тапсырма: Қазақ ауылдарындағы өзгерістер туралы жазылған мәтін тарату. Мәтінді оқушылар оқып талқылап, кесте толтыратын болады. «Суретпен жұмыс». Оқушыларға XVIII ғ. қазақ ауылын суреттер арқылы көрсету. «Қоныстанушылар қазақ ауылына және қазақтардың өміріне қандай өзгерістер әкелді?» – деген сұрақ қойылып, оқушылардың болжамы сұралады (Осы тақырыпқа сай суреттер пайдаланылады). Сұрақ: Суреттердегі басты тұлға кім? Қандай іс-әрекет болып жатыр? Басты тұлғаның жағдайы қандай болған? Енді не болуы мүмкін екендігін болжап көріңіз? Ары қарай не болуы мүмкін? Бұл оқиғаның Қазақстанмен қандай қатысы болуы мүмкін? Қандай тарихи оқиға болады? Дескриптор: Суреттегі негізгі ойды анықтайды; Жауап құрылымын сауатты құра алуы 2-тапсырма: «Концептуалды» кесте: Мысал; Себебі; Зардабы; Болжам. Дескриптор: Қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы қарым-қатынасты нақты 2 дәйекпен түсіндіреді; Қоныстандыру саясатының қазақтардың өміріне әкелген өзгерістердің кемінде 2 жағымды және 2 жағымсыз жақтарын талдайды. 3-тапсырма. «Кестені сөйлетейік».</p> <table border="1" data-bbox="295 1415 920 1594"> <thead> <tr> <th data-bbox="295 1415 400 1563">Тарихи оқиғаның уақыты</th> <th data-bbox="400 1415 518 1563">Оқиғаға қатысты түрткі болған құжат</th> <th data-bbox="518 1415 638 1563">Тарихи оқиғалардағы лауазымды тұлға</th> <th data-bbox="638 1415 774 1563">Мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктер</th> <th data-bbox="774 1415 920 1563">Бұл оқиға жергілікті халыққа қалай әсер етеді?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: -Тарихи оқиғаның уақытын көрсетеді; -Тарихи оқиға барысында пайда болған құжатты біледі; - Тарихи оқиғалар мен үдерістердегі лауазымды тұлғаны біледі; - Мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктердің 2-3-еуін анықтайды; - Бұл оқиғаның жергілікті халыққа әсерін болжап, мысалмен түсіндіреді. Картамен жұмыс.</p>	Тарихи оқиғаның уақыты	Оқиғаға қатысты түрткі болған құжат	Тарихи оқиғалардағы лауазымды тұлға	Мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктер	Бұл оқиға жергілікті халыққа қалай әсер етеді?						<p>Отырықшыландыру саясатының қазақ өміріне әкелген өзгерістері туралы нақты мәлімет беріледі. Кестемен жұмыстанып, толтырады. Кестемен жұмыстанып, алған ақпараттарын жазады. Қоныс аударып келген шаруалардың қоныстанған жерлерін картадан көрсетеді.</p>	<p>«Бағдаршам» арқылы өзін-өзі / өзара бағалайды. Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. Бағдаршам» арқылы өзін-өзі бағалайды. Мадақтау: «керемет», «жарайсың», «сенің қолыңнан келеді», т.б.</p>	<p>Ақпараттық мәтін http://smk.edu.kz/Course/Topic/16/9889?lang=2 мәліметтер/ақпараттар Кесте.</p>
Тарихи оқиғаның уақыты	Оқиғаға қатысты түрткі болған құжат	Тарихи оқиғалардағы лауазымды тұлға	Мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктер	Бұл оқиға жергілікті халыққа қалай әсер етеді?										
Сабақтың соңы.	<p>«Еркін микрофон» әдісі арқылы қорытындылау. Кері байланыс. Мен барлығын түсіндім – жасыл; Мен орташа түсіндім – сары; Еш нәрсе түсінбедім – қызыл. Рефлексия. Мұғалімнің бағалауы.</p>		<p>«Менің көңіл-күйім». Өзін-өзі бағалау.</p>	<p>Кесте.</p>										
Оқу тапсырмасы.	<p>Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты.</p>													

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ұшағаш ауылы.

Ақзила ДАКЕШЕВА,
Қасым Аманжолов атындағы жалпы орта
білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

«ҚАЗАҚСТАН – 2030, 2050» СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Бөлім:	Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан күні бүгінге дейін)			
Сабақтың тақырыбы	«Қазақстан – 2030, 2050» стратегиялары.			
Оқу мақсаты	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау.			
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: ұзақ мерзімдік даму бағдарламаларының уақыты, басымдықтары туралы біледі;</p> <p>Көптеген оқушылар: ұзақ мерзімді даму бағдарламаларының ішкі мазмұнын салыстырады, ажыратады;</p> <p>Кейбір оқушылар: Стратегиялардың тарихи маңызы, болашақта ел дамуына қосатын үлесі туралы ойланады, сараптама жасайды.</p>			
Тілдік мақсаттар:	<p>Пөнге қатысты лексика мен терминология: Стратегия, жаңғыру, президент, жаһандану, тәуелсіздік, жолдау.</p> <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: Қазақстан «2030-стратегиясы» қабылдануы.....байланысты....себебі.... Қазақстан үшін стратегиялық жоспарлау қажеттілігі келесі себептерден туындап отыр.....</p>			
Алдыңғы білім:	1997 жылға дейінгі Тәуелсіз Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік, демографиялық даму үдерістерін біледі.			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>2 мин</p> <p>4 мин</p>	<p>«Күндерек». – Саламатсыздар ма, тарих бетінде - халықаралық би және ҚР ұлттық кеңес құрылған күн ретінде танымал сәуірдің 29 жұлдызында кездесіп отырмыз (Күннің жадын дәптерге түсірейік). Бүгінгі сабақта 1997 жылдан күні бүгінге дейін ҚР-ның дамуы бөлімімен танысуды жалғастырамыз. Биыл ел Тәуелсіздігіне неше жыл толады? БЫМ. «Тәуелсіздік табыстары 1997/2012 жылдар». -Екі жылдағы жетістіктер ішінде қандай ұқсастық бар? -Ендеше бүгінгі сабағымыз....арналады. Жаңа сабақтың тақырыбы, оқу мақсатымен таныстыру, оқушылармен жетістік өлшемдерін талқылау. Онлайн-сауалнама: - Бүгінгі тақырып туралы білесің бе?</p>	<p>Сәлемдеседі Күннің жадын дәптерге жазады 30 жыл деп жауап береді. Зер сала қарайды, ортақ ұқсастықты анықтайды. Дәптерге жазады. Ватсап арқылы сілтемеге кіріп, иә/жоқ деп жауап береді.</p>	<p>Ауызша мадақтау.</p> <p>Статистика шығару.</p>	<p>Слайд №1</p> <p>Слайд №2</p> <p>Слайд №3</p> <p>Poll for all</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>3+5 =8 мин</p> <p>4+4=8 мин</p>	<p>Теориялық бөлім. Зерттеу және талдау – «Бағытталған оқу». 1)161-б. – Жолдау. 162-б. – стратегиялық мақсат №1 2)162-б. – стратегиялық мақсат №2 162-б. – 7 басымдық 3) 163-б. – тарихи маңызы. Дескрипторлар: 1. Мәтінмен танысады. 2. Ұғымдардың мәнін ашады. Зерттеу және талдау. «Кинометафора». Алдын ала ұсынылатын сұрақтар: 1. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады? 2. «Қазақстан – 2050» стратегиясының басымдықтары қандай? 3. «Қазақстан – 2050» стратегиясының мақсаты нені көздейді? Дескрипторлар: 1. Бейнесюжеттен сұраққа жауап іздейді. 2. Қажетті деректі дәптерге түртіп алады Тәжірибелік бөлім. ҚБ тапсырмасы №1 А деңгейі. Семантикалық картаны толтыру.</p>	<p>Ұғымдарды тауып, түсіндіреді.</p> <p>Бейнесюжетті тамашалап өздеріне берілген сауалға жауап іздейді.</p>	<p>Ауызша мадақтау</p>	<p>Слайд №4 Қазақстан тарихы (1945-2019 жж.). 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019. – 248 б.</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=q0nckT_kA8g</p>

	<p>Сипаттамалары</p> <p>2012 жылы Қазақстан әлемдегі 50 дамыған мемлекеттің қатарына қосылды.</p> <p>2025 жылдан бастап латын әлипбиіне көшу көзделді.</p> <p>Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын анықтады.</p> <p>Алғашқы басымдығы ұлттық қауіпсіздікке арналады.</p> <p>Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндеті қойылды.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. 2030-стратегиясына тән 1-сипаттаманы белгілейді. 2. 2030-стратегиясына тән 2-сипаттаманы белгілейді. 3. 2050-стратегиясына тән 1-сипаттаманы белгілейді. 4. 2050-стратегиясына тән 2-сипаттаманы белгілейді. 5. 2050-стратегиясына тән 3-сипаттаманы белгілейді. ҚБ тапсырмасы №2 В деңгейі</p> <p>Ұзақ мерзімді стратегиялардың ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="296 887 895 1317"> <thead> <tr> <th>2030</th> <th>Стратегиялар</th> <th>2050</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. 1997 жылы қазанда қабылданды.</td> <td>1.7 негізгі басымдықтан тұрады, еліміздің болашаққа арналған ұзақ мерзімді жоспары.</td> <td>1. 2012 жылы желтоқсанда қабылданды.</td> </tr> <tr> <td>2. 2012 жылы Қазақстан әлемдегі 50 дамыған мемлекеттің қатарына қосылды.</td> <td></td> <td>2. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндеті қойылды.</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. 2030-стратегиясының ерекшелігіне 1-дәйек келтіреді. 2. 2030-стратегиясының ерекшелігіне 2-дәйек келтіреді. 3. 2050-стратегиясының ерекшелігіне 1-дәйек келтіреді. 4. 2030-стратегиясының ерекшелігіне 2-дәйек келтіреді. 5. Стратегияларға тән ортақ ұқсастыққа 1-дәйек келтіреді.</p>	2030	Стратегиялар	2050	1. 1997 жылы қазанда қабылданды.	1.7 негізгі басымдықтан тұрады, еліміздің болашаққа арналған ұзақ мерзімді жоспары.	1. 2012 жылы желтоқсанда қабылданды.	2. 2012 жылы Қазақстан әлемдегі 50 дамыған мемлекеттің қатарына қосылды.		2. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндеті қойылды.	<p>Дәптерге орындайды.</p> <p>Дұрыс жауабымен тексереді.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау.</p> <p>Жетістік экраны Статистика шығару.</p>	<p>Слайд №4 Қазақстан тарихы (1945-2019 жж.). 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019. – 248 б.</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=q0ncKt_kA8g</p>
2030	Стратегиялар	2050											
1. 1997 жылы қазанда қабылданды.	1.7 негізгі басымдықтан тұрады, еліміздің болашаққа арналған ұзақ мерзімді жоспары.	1. 2012 жылы желтоқсанда қабылданды.											
2. 2012 жылы Қазақстан әлемдегі 50 дамыған мемлекеттің қатарына қосылды.		2. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндеті қойылды.											
<p>8 мин</p> <p>5 мин</p>													
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин.</p>	<p>Рефлексия.</p> <p>«Күндерек- Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңіз қандай? Бүгінгі оқу мақсаты бойынша зерттеу/ талдау жұмысы қаншалықты жадыңызда сақталмақ.</p> <p>Есімде қалады.</p> <p>Тез ұмытылады.</p> <p>Үйге тапсырма: §47, 55 оқу.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Қуатты Қазақстанның шуақты күндері мәңгілік болғай!</p> <p>Еліміздің мәңгілік тарихын бірге жасайық!</p>	<p>Сабақ бойынша пікірін жеткізеді.</p>		<p>Pollie – онлайн.</p>									

Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы.

Ләззат ЖҰМАБЕКОВА,
№163 орта мектеп мұғалімі, «шебер-педагог»,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОТАРСЫЗДАНУ ҮДЕРІСІ

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	6-бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси дамуы	
Сабақтың тақырыбы	XX ғасырдың екінші жартысында отарсыздану процесі неліктен күшейді?	
Оқыту мақсаты	9.3.2.1 – отаршылдық жүйе күйреуінің себептері мен салдарын талдау.	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Отаршылдық жүйе күйреу себептерінің негізгі факторларын талдайды.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Әлемнің түрлі аймақтарында отаршылдық жүйе күйреу себептерінің ерекшеліктерін салыстырады.</p> <p>Кейбір оқушылар: Отаршылдық жүйенің күйреу себептері мен салдарын зерттеп, тұжырымдайды.</p>	
Ойлау дағдыларының деңгейі.	Жоғары деңгей дағдылары.	
Бағалау критерийлері	Отаршылдық жүйе күйреуінің себептері мен салдарын талдайды.	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар: Мәтіндегі ақпаратты графикалық органиайзерге түсіреді.</p> <p>Төрт дағды қалай көрініс табатынын сипаттап жазу: ОЖА- №1. «ДЖИГСО», «Инсерт» әдісі. ЖА-№2. «Салыстыру, иллюстрациялық органиайзер» әдісі. ЖА-№3. «Картамен жұмыс» әдісі.</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология, диалогқа қатысты сөз тіркестері: империя, отар елдер, тәуелсіз мемлекет, ұлт-азаттық күрес. Әлемнің саяси картасы өзгерді... Әлемнің саяси картасына отарлау жүйесі күйреуінің әсері болды... Отар елдер Тәуелсіз елге айналды, себебі...</p>	
Тарихи концепт	Себеп-салдар.	
Құндылықтарды дарыту	Теңдік, төзімділік, өзара құрмет.	
Пәнар. байланыс	География, Қазақстан тарихы.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім.	Оқушылар 8-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үдерістерін, империализмді және отаршылдықты кеңейту туралы біледі. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бейбіт шарттарға, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отар елдер мен империялардың тағдырына байланысты ұлттық шекаралардағы өзгерістер туралы мағлұматтары бар.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	<p>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет. (Шартты белгі): Б-Барлық сыныпқа тапсырма; Т/Ж -Топтық жұмыс; Ж/Ж- Жұптық жұмыс;</p>	Ресурстар
Сабақтың басы. Зейінді шоғырландыру кезеңі (5 мин)	<p>Бастапқы стимул. Иллюстрациялық органиайзер «Африканы босату» иллюстрациясын көрсету. Тақырыпты айқындауға арналған сұрақтар: - Суреттен не байқап отырсыздар? - Әңгіме қандай процесс туралы болады? - Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отар елдердің жағдайы қандай болды?</p> <p>Мақсатым: Оқушылардың 8-сыныптағы отарлау жүйесі және империялар туралы, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отарлаудың салдары туралы білімдерін пысықтау. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айқындау.</p> <p>Б.Тараудың тақырыптарын меңгеруге ынталандыратын сұрақтар (диалог арқылы саралау) арқылы дарынды оқушылардың қажеттіліктері анықталады. Оқушылар жауабынан кейін сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты, бағалау критерийлері, дескрипторлар түсіндіріледі (2 мин.).</p>	Түрлі-түсті суреттер



МЕНИҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІГІМ – ШӘКІРТТЕРІМНІҢ АДАМ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУЫ

Төлеубай Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектеп – елімізге кеңінен танымал білім ордасы. Ол 1922 жылы қазақ мектебі болып ашылған. Қазіргі таңда жүз жылдық тарихы бар мектептің шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада еңбек етіп, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне шама-шарқынша үлес қосуда. Бұл оқу орны бүгінде білімді шәкірттерімен ғана емес, білікті ұстаздарымен де мақтана алады. Аталған мектептің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ардагер ұстаз Күтеева Қазбала Қабыләшімқызынан өз әріптестері мектеп тарихы туралы сұхбат алып, сыр тартқан екен. Осы сұхбат оқырман назарына ұсынылып отыр.

– Қазбала Қабыләшімқызы, ұстаз – ұлағатты есім, әр адамның жүрегіне ерекше жылулық сыйлайды, сіздің ұстаздық жолға келуіңізге не себеп болды?

– Мектеп қабырғасында оқып жүргенде, ұстаздарымыздың айтқанын екі етпей орындап, сол кісілерге еліктеуші едік. Ерекше құрметпен қарап, кез-келген тапсырмаларын жауапкершілікпен орындап, қастарында еріп жүретінбіз. Мамандық таңдауға осы себеп болған шығар.

– Педагогикалық ұстанымыңыз қандай?

– «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға, ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, мұғалім мамандығын таңдап алғаннан кейін, әрбір шәкірттің өміріне жол сілтеп, баланың бойына адамгершілік ұрығын, ізгілік нұрын, құндылықтарын дарыту үшін аянбай еңбек етуді ұстаным еттім. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, елдің ертеңі – жас ұрпақтың болашаққа барар жолын айқындап беру, тәрбиелеу уақытпен санаспайтын ерен еңбекті қажет етеді.

– Ұстаздық қызметіңізді қашан, қайдан бастадыңыз?

– Ұстаздық қызметімді 1979 жылы тамыз айында, 19 жасымда Абай ауданының Ж.Молдағалиев атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастадым.

– Жалпы ұстаздық жолда жүріп жеткен жетістік, шығармашылығыңыз, атақтарыңыз туралы білсек.

– Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері. Еңбек етілім – 42 жыл.

– Осы мектепте қай жылдары жұмыс жасадыңыз?

– №16 мектепте 1990 жылы тамыз айынан бастап, 2015 жылға дейін, 25 жыл еңбек еттім. 90-жылдары қоғамда үлкен өзгерістер болып, қазақ сыныптары көптеп ашылып, қазақтар балаларын қазақ мектептеріне бере бастады. Осы жылы №16 мектепте де 5 қазақ сыныбы ашылып, біз 3 мұғалім қабылданып едік. Қалитова Бибігүл, Бұраханова Күләнда және мен. Тағы 2 сыныптың бірінде Сы-

банбаева Рахат Мұсақызы болды. Мен де тұңғыш ұлымды осы мектепке Рахат Мұсақызына оқуға берген едім. Өз ұлдарым да осы мектептің түлектері. Үлкен ұлым Астана қаласында Коррупцияға қарсы агенттікте, кіші ұлым Қазақстан Теміржолында қызмет атқарады. Оған дейін осы қаладағы № 21 бастауыш орыс мектебінде жұмыс істеп жүрдім.

– Осы мектепте кімдермен қызметтес болдыңыз, ардагер ұстаздарды атап өтсеңіз, ол кісілерден үйренген жақсылықтарыңыз қандай?

– Бұл мектепте Қарлығаш Садыққызы, Надия Ысқаққызы, Тамара Құмарқызы, Айсұра Түсіпханқызы сияқты ардагер ұстаздар қызмет етті. Тамара Құмарқызы біз алғаш мектепке келгенде оқу ісінің меңгерушісі болды. Көп әдістемелік кеңестер беріп, көмектесіп отыратын. Қарлығаш Садыққызы, Надия Ысқаққызы, Тамара Құмарқызы өте мейірімді жандар болатын. Сол кісілерден ақыл сұрап, үлгі алатынбыз. Бұл кісілер өте шыншыл, әділетті, білімді адамдар және мейірім, сүйіспеншіліктерін оқушыға ғана емес, айналасындағы адамдарға, әріптестеріне шашып тұратын.

– №16 мектепте жеткен жетістіктеріңізді айтсаңыз.

– Үздік, үлгілі, тәртіпті оқушыларым көп болды және олар өмірден өз орындарын таба білді деп айта аламын. Әр шәкірттің өз арман-тілектерін орындап, халқымыздың абыройлы азаматтары болып, отбасын құрып, бала тәрбиелеп, өсіп-өнгені – мен үшін жетістік. Өзім Семей облыстық, қалалық білім басқармасының Құрмет грамоталары, «Бастауыш сынып оқушыларын олимпиадаға жоғары деңгейде дайындағаны үшін» берген Алғыс хаттар, облыстық, қалалық Кәсіподақ ұйымының грамоталары, Семей қалалық әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталдым. «Шығыс Қазақстан облысы мұғалімдерінің Даңқ кітабы» (Өскемен-2013) жинағына ендім.

– Сіз жұмыс жасаған жылдары мектеп тарихында қалатындай қандай да бір ауқымды, қызықты өткізілген іс-шаралар жайында айтып берсеңіз...

– 2001-2002 оқу жылдарында мектептің 80 жылдық мерейтойы өткізілді. Мектеп алаңына киіз үйлер тігіліп, республикадан, әр түрлі облыстардан қонақтар

келген. Мектептің 90 жылдық мерейтойы Абай театрында өткізілді, Республикамыздың әр түкпірінен қонақтарды қарсы алып, кездесулер өтті. Алматы қаласынан Төлебай Амановтың туыстары келіп, мектеппен танысты. Осы өткізілген мерейтойлар туралы деректер мектеп архивында сақталған болар.

– **Сіздің сеніміңізді ақтап, ұстаз болған, мемлекеттік қызметте жүрген қандай шәкірттеріңізбен мақтанасыз?**

– Ұстаз болып жүрген Баймағанбетов Әділет, Жақманова Айжан, Атантаева Динара...т.б. оқушыларымды айта аламын. Тағы да болуы мүмкін, менімен хабарласқан шәкірттерім осылар. Астана қаласында мемлекеттік қызметтерде «ҚазМұнайГаз» корпорациясында Әбішев Нұржан, финанс саласында Тоқаев Мәди, медицина саласында Төлеутаев Роллан, Төлеутаев Шыңғыс, Нұркенов Әділет «Қазақстан Теміржолы» саласында қызмет жасап жүр. Көптеген шәкірттерім қазір Назарбаев зияткерлік мектебінде оқып жатыр.

– **Жас ұстаздарға айтар ұлағатты ұстаздық кеңесіңіз не тілегіңіз...**

– «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деген жолдарды терең түсіну, ұрпақ тәрбиесі мен оларға сапалы білім беруде үнемі ізденісте болу, көп оқу, шығармашыл болу, жаңашыл болу және еңбек етуде уақытпен санаспау. Биыл өткен «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз!» республикалық байқаулардың талаптары осы жас ұстаздардың болмысын сипаттайтындай. Осындай білімді, жаңашыл болуға талпыну керек деп ойлаймын және олардың қызмет жолдарына сәттілік тілеймін.

Біз ардагер ұстаздың тағылымы мол сұхбатынан зор тәлім алып, мықты денсаулық, амандық тілеп, қимай қостадық.

Сұхбат алушылар:
Толқын ЭЗБЕРГЕНОВА,
Гүлнұр МАНАРБЕКОВА,
Төлеубай Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдері.
Семей қаласы.

ҰЛЫ ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІ



Нұрбике Жұмекеқызы – көп жылдық еңбек өтілі бар, тәжірибесі мол, ақылымен де, білімімен де, ісімен де көпке үлгі бола алатын жан-жақты, үлгілі ұстаз. Ол кісіні қай қырынан алып қарасақ та барлық жағынан жақсы қасиеттерімен көзге түседі.

«Ұстаз болу өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» дегендей бар өмірін ұстаздық жолға арнап, соның қызығы мен шыжығын бірдей көріп жүрген аяулы ұстаз десек, артық болмайды. Ұстаздық жолға бар жан-тәнімен беріліп, күнделікті уақытын тиімді пайдаланып, сабағынан, жиналыстардан, болатын семинарлардан бір минут та кешіккен емес, барлығына да өз уақытыңда келіп отырады. Күнделікті сабағының жоспарлары да дайын, күні бұрын дайындалып, әр сабағының қызықты, тартымды өтуіне қатты көңіл бөледі. Оқушылардың есептерді шығару, формула, теоремаларды дұрыс меңгеруін жіті қадағалайды, егер түсінбей қалған оқушылар болса, оларды қосымша сабақтарға шақырып, сол тақырыпты түсіндіріп жіберуге тырысады. Өз сабақтарында интерактивті тақтаны, қажетті ресурстарды тиімді пайдаланып отырады.

«Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді», – деп Мәлік Ғабдуллин атап көрсеткендей, Нұрбике

Жұмекеқызының бойынан осы қасиеттердің бәрі де табылады. Шәкірттері де ұстаздың бойынан жақсы қасиеттерін үйреніп, ұстазы секілді ұстамды, сабырлы, жан-жақты болып келеді. Оның шәкірттерін көргенде бәрі олардың шапшаңдық, ізденімпаздық қасиеттері апайларынан қалай аумай қалған деген пікірлерін айтып жатады.

Тәжірибелі, білімді Нұрбике Жұмекеқызы әріптестерімен де тез тіл табысып, өз білгенін, жас ұстаздарға тәжірибеден түйген ой түйіндерін айтып отырады. Әріптестерінің арасында сыйлы, өзін сыйлата білетін, өзгені де сыйлай білетін ардақты жан.

Бір үйдің бәйтерегі, тірегі отағасынан ерте айрылса да өмірдің қиын сынақтарынан сүрінбей өтіп, үш баласы, бір ұл, екі қызына әкелерінің орнын жоқтатпай, әкенің де, ананың да орнын өзі басып, балаларының аяқтанып кетуіне бар күш-жігерін жұмсады. Отағасына адал жар, балаларына асыл ана бола білді.

Математика пәні қиын да қызықты пәндердің қатарына жатады. Математикалық есептерді шығару үшін логикалық ой, ойлау қабілетінің жылдамдығы қажет болады. Нұрбике апай үнемі сондай логикалық есептерді шығаруға құлшыныс танытып, алдына жан салмайды. Өзі де сайыстарға, конкурстарға қатысып, оқушыларын да шараларға қатыстырып, жүлделі орындарды иеленуде. Болашақта Нұрбике Жұмекеқызына жұмысына сәтті қадамдар тілей отырып, алда әлі де талай белестерді бағындырады деп сенім білдіреміз.

Нүргүл РАХМЕТҚАЛИЕВА,
Ә.Жангелдин атындағы жалпы
білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Мұқыр ауылы.

ПС-1 н. ф.ПС-1	ААҚ “ҚАЗПОШТА”											
	АБОНЕМЕНТ						Басылым индексі			75748		
	“Қазақ тарихы” журналы											
	(басылым аты)											
Мөрдін орны Оператордың қолы	жазылу бағасы				тг		тн		Комплектілер саны			
	2022 жылға, айлары											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы												
Кімге _____ аты-жөні												

ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ													
Мөрдін орны Оператордың қолы	ПВ		орны									75748	
	“Қазақ тарихы” журналы												
	(басылым аты)												
	БАҒАСЫ			жазылу			тг		тн		Комплектілер саны		
			тұрағын өзгерту			тг		тн					
2022 жылға, айлары													
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12		
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы													
Кімге _____ аты-жөні													

Жазылуды ұйымдастырушыға! Осы бетті өз мектебіңіздегі өріптестеріңіздің бөріне жетердей етіп ксерокөшірмеден өткізіп, үзік сызықпен белгіленген тұстарынан қылып алыңыз. Дайын бланкіні анықтап толтырып, өріптестеріңізден жиналған ақшаны пошта бөлімшесіне төлеп, мер басылған түбіртеккі жазылушыларға таратып бересіз.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ»

ЖҰРНАЛЫНА 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

Төл журналыңызға қалған айларға толық жазылып, түбіртегіңізбен қоса жіберсеңіз, 2 беттік сабағыңыз не мақалаңыз тегін жарияланады.

2022 жылға "Қазпоштадан" жазылу бағасы:

Жазылу индексі: 75748.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» Жылына 6 рет шығады

	қала		аудан, ауыл
6 айға	3 111, 90 тг	6 айға	3 124, 80 тг
12 айға	6 223, 80 тг	12 айға	6 249, 60 тг